Information and communication technologies (ICT)

Information and communication technologies (ICT) strengthen communication between teachers and students, accelerate the exchange of information and make the learning process much more flexible. During the lesson, it is possible to improve the quality of education through tools such as interactive whiteboards, online test platforms and Digital diaries.

In the lesson, I often use the platforms Google Classroom, Zoom, Microsoft Teams. These tools help you easily share lesson materials, check your homework, and track your students ' progress. Students also freely use ICT tools and actively participate in the educational process.

Digital educational platforms

Digital platforms are an important tool that centralizes educational content and makes it available at any time. For example, platforms such as Khan Academy, Coursera, BilimLand allow students to learn at their own pace.

In my practice, I often use the Coursera platform. It offers video lessons, interactive exercises and self-test tasks in various subjects. This will help students learn the material better and test their knowledge.

Remote and combined types of training

Distance learning is a new stage in the educational process. Especially during the pandemic, the method of distance learning has proven its relevance. Students received education without leaving home and established online communication with teachers.

Blended learning is a combination of traditional classes and distance learning. This method gives students greater flexibility in learning. Students can complete tasks at their convenience and have access to the necessary resources anywhere [8].

In my practice, I often use the blended learning method. We share theoretical material on online platforms and perform practical tasks in offline lessons. This approach saves students time and makes it easier to monitor their learning progress.

In conclusion, Artificial intelligence (AI) and digital technologies have given a new impetus to education. They allow you to personalize the learning process,

It made it possible to make their materials more accessible and simplify the work of teachers. In addition, it paved the way for improving the quality of education by independently assessing students ' abilities, identifying weaknesses and building individual learning trajectories.

In my practice, I try to use AI technologies effectively. Taking into account the individual characteristics of each student, increasing their interest in knowledge and developing creative abilities is my main goal.

In the future, AI and digital technologies will bring education to a new level, form the skills of independent learning of students, improve the quality of education in accordance with international standards and make the educational process as flexible and interesting as possible.

References:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы «Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы». Adilet.zan.kz. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592

2. Құлшар, Б. «Жасанды интеллект білім сапасын жақсартады». Егемен Қазақстан,

2024. https://egemen.kz/article/370794-zhasandy-intellekt-bilim-sapasyn-dgaqsartady
3. «ЖИ білім беру саласын қалай өзгертіп жатыр?». Kazinform, 2024. https://kaz.inform.kz/news/zhasandi-intellekt-blm-beru-salasin-kalay-ozgertp-zhatir-sarapshilar-pkr-4ca375
4. «ИИ становится практическим инструментом в колледжах Казахстана». kz, 2025. https://khabar.kz/ru/news/nauka-i-obrazovanie/172066-ii-stanovitsya-prakticheskim-instrumentom-v-kolledzhakh-kazakhstana
5. «Стартапы и проекты в сфере ИИ в образовании». Өрлеу, 2025. https://orleu-edu.kz/%D0%B2-%D0%B0%D0%BB%D0%BC%D0%B0%D1%82%D1%8B-%D1%81%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%8F%D0%BB%D1%81%D1%8F-%D0%B8%D0%BD%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%BD%D1%8B%D0%B9-%D1%84%D0%BE%D1%80/
6. «Как ИИ внедряют в сферу образования Казахстана». kz, 2024. https://profit.kz/news/68749/Kak-II-vnedryaut-v-sferu-obrazovaniya-Kazahstana/
7. «В Казахстане запустят программу по обучению ИИ для студентов». Bluescreen.kz, 2025. https://bluescreen.kz/v-kazakhstanie-zapustiat-proghrammu-po-obuchieniiu-ii-dlia-studientov/
8. «ИИ для каждого: в Казахстане началось массовое обучение граждан технологиям будущего». Edu.mcfr.kz, 2025. https://edu.mcfr.kz/news/5078-ii-dlya-kajdogo-v-kazahstane-nachalos-massovoe-obuchenie-grajdan-tehnologiyam-budushchego

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ МҰРАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРЫ

Апеева Гулнара Серикхановна
филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.,
«Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі Семей қаласы

Мақалада цифрлық трансформация жағдайында ұлттық әдеби мұраны оқытудың интеллектуалдық платформалары қарастырылады. Жасанды интеллектке негізделген цифрлық гуманитаристика әдістері арқылы әдеби мәтінді талдау, визуалдау және педагогикалық бейімдеу мүмкіндіктері көрсетіледі. Шәкәрім шығармашылығы мысалында ұсынылған модельдің білім берудегі тиімділігі негізделеді.

Қазіргі білім беру жүйесі айтарлықтай құрылымдық өзгерістер кезеңін бастан өткеріп отырғаны белгілі. Цифрлық трансформация білім мазмұнын жеткізу формаларын ғана емес, танымдық процестердің өз логикасын қайта құруды талап ететін жаңа парадигмаға айналды. Соның ішінде гуманитарлық білім саласында, ұлттық әдеби мұраны оқытуда цифрлық технологиялардың ықпалы күрделі әрі көпқырлы сипат алады. Ұлттық әдебиет – тарихи жадының, мәдени кодтың, тілдік және дүниетанымдық тұтастықтың негізгі тасымалдаушысы. Сондықтан оны оқытудағы кез келген жаңашылдық мазмұнды жеңілдету немесе формалдандыру емес, керісінше, терең мағыналық қабаттарды жаңа танымдық құралдар арқылы ашуға бағытталуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект пен цифрлық гуманитаристикаға негізделген интеллектуалдық платформалар ұлттық әдеби мұраны оқытудың сапалық жаңа деңгейін қалыптастырудың пәрменді тетігі ретінде қарастырылуы орынды.

Цифрлық трансформация тек технологиялық жаңарту емес, ол білім беру жүйесінің онтологиялық және эпистемологиялық негіздерін қайта пайымдауды талап етеді. Қазіргі педагогикалық теорияда білім алушы тек ақпаратты қабылдаушы субъект емес, деректермен жұмыс істейтін, интерпретация жасайтын, мағынаны құрастыратын белсенді таным иесі ретінде қарастырылады. Бұл үрдіс әдебиет пәнінде де айрықша маңызға ие, өйткені әдеби мәтін – бірмәнді интерпретацияға көнбейтін, көпқабатты семантикалық құрылым. Дәстүрлі оқытуда көркем мәтіннің поэтикасы, идеялық жүйесі мен символикасы көбінесе оқытушының интерпретациясына тәуелді болып келсе, цифрлық ортада бұл үдерістер деректерге негізделген,

визуалдандырылған, салыстырмалы және интерактивті форматқа көшу мүмкіндігіне ие болады. ЮНЕСКО-ның білім беруді цифрлық трансформациялау жөніндегі стратегиялық құжаттарында цифрлық технологиялар гуманистік білімді алмастырмай, керісінше, мәдени мағына мен интерпретацияға қолжетімділікті тереңдетуге қызмет етуі тиіс екені атап көрсетіледі [1]. Осы тұрғыдан алғанда, әдеби мәтінді интеллектуалдық платформалар арқылы талдау көркем шығарманы формалды оқыту нысанынан мәдени-семантикалық кеңістік ретінде ұғынуға мүмкіндік береді. Бұл ұлттық әдеби мұраны цифрлық ортада оқыту тек техникалық оңтайландыру ісі емес, мәдени мағыналарды қайта ашудың құралы болуы кере екендігін көрсетеді.

Интеллектуалдық платформалар ұғымы осы контексте әдістемелік категория ретінде ұсынылады. Мұндай платформалар әдеби мұраны цифрландырумен ғана шектелмейді, олар мәтінді тану, құрылымдау, семантикалық талдау, визуализация және педагогикалық бейімдеу процестерін біріктіретін кешенді жүйе болып табылады. Интеллектуалдық платформа – бұл алгоритмдік модельдер мен педагогикалық сценарийлердің түйіскен тұсы. Ол әдеби мәтінді деректер жиынтығы ретінде де, мәдени феномен ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді. Мұнда жасанды интеллект құралдары мәтіндегі лексикалық қайталымдарды, мотивтерді, образдар жүйесін, тақырыптық өрістерді автоматты түрде айқындап, оларды графикалық карта, желілік модель немесе семантикалық өріс түрінде ұсына алады. Мұндай тәсіл студенттің әдеби туындыны тек оқып қана қоймай, оның ішкі құрылымын көрнекі түрде ұғынуына жағдай жасайды. Мысалы, Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» поэмасын интеллектуалдық платформада талдауда жасанды интеллект алдымен мәтінді автоматты сегментациялау арқылы мағыналық бөліктерге бөледі, одан кейін лексикалық қайталымдарды анықтайды. Алгоритм «ар», «адалдық», «күнә», «жаза», «тағдыр» сияқты сөздердің жиілігін есептеп, оларды негізгі этикалық доминанттар ретінде белгілейді. Бұдан соң жүйе мотивтерді кластерлеу әдісі арқылы топтастырады: бір кластерге «махаббат» пен «таңдау еркі», екінші кластерге «қоғамдық заң», «әдет-ғұрып», «жаза» ұғымдары жинақталады. Осы негізде платформа образдар жүйесінің желілік моделін құрастырады: Қалқаман мен Мамыр тұлғалары «еркін таңдау» мен «ішкі ар-ождан» ұғымдарымен байланыстырылса, қауым өкілдері «дәстүр», «әлеуметтік бақылау», «қатал үкім» ұғымдарымен түйінделеді. Нәтижесінде поэманың тақырыптық өрісі семантикалық карта түрінде ұсынылады: орталықта – адамгершілік таңдау, ал периферияда – қоғамдық нормалар, жазалау, трагедиялық шешім. Мұндай визуалдандырылған модель студентке поэманың ішкі құрылымын біртұтас жүйе ретінде қабылдауға мүмкіндік береді, яғни мәтін тек оқылатын объект емес, поэтикалық-мағыналық байланыстардан тұратын көрнекі модель ретінде ұғынылады.

Ұлттық әдеби мұраны оқытудағы қазіргі негізгі проблемалардың бірі – тарихи тілдік қабаттар мен көне жазба дәстүрлерінің студенттер үшін қолжетімсіздігі. Қазақ әдебиетінің классикалық үлгілерінде, соның ішінде XIX–XX ғасыр басындағы шығармаларда төте жазу, шағатай тілінің элементтері, архаикалық лексика мен поэтикалық синтаксис кеңінен кездеседі. Дәстүрлі оқытуда бұл қабаттар көбінесе қысқартылып немесе бейімделген нұсқалар арқылы ұсынылады, ал түпнұсқамен жұмыс шектеулі сипат алатындығы құпия емес. Интеллектуалдық платформалар осы мәселені шешудің жаңа жолын ұсынады: оптикалық мәтін тану (OCR), автоматты транскрипция, лексикалық сәйкестендіру және параллель мәтіндер құру арқылы көне жазумен жазылған мәтіндер қазіргі графикада, түсіндірмелі режимде ұсыныла алады. Бұл ретте студент тек дайын интерпретацияны қабылдамай, мәтіннің тарихи-тілдік эволюциясын тікелей байқау мүмкіндігіне ие болады. Шәкәрімнің қадым жазумен жазылған бір шумағы платформаға енгізіледі. OCR мәтінді таниды, жүйе оны қазіргі қазақ әліпбиіне автоматты түрде транскрипциялайды және қиын сөздерге түсіндірме береді. Студент түпнұсқа мен қазіргі нұсқаны қатар көріп, сөздердің тарихи өзгерісін тікелей байқайды.

Ұлттық әдеби мұраны цифрлық ортада оқытуда жасанды интеллекттің атқаратын қызметін абсолюттендіру дұрыс емес. AI – интерпретацияны алмастыратын емес, оны тереңдететін құрал. Мұнда басты ғылыми-әдіснамалық ұстаным – технологиялық детерминизмнен бас тарту және гуманитарлық мағынаны жетекші орынға қою. К.Гирцтің мәдени интерпретация туралы «адамдар мағына торларында өмір сүреді» деген тұжырымы әдеби мәтінді талдауда да өзектілігін жоғалтпайды. Интеллектуалдық платформа сол мағына торларын алгоритмдік деңгейде

бейнелеуге мүмкіндік беретін көмекші құрал ретінде қарастырылады. Яғни, платформа мәтінді «түсінбейді», бірақ оның құрылымын, қайталымдарын, семантикалық түйіндерін көрсетіп, зерттеуші мен білім алушыға жаңа интерпретациялық траекториялар ұсынады.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық әдеби мұраны оқытуға арналған интеллектуалдық платформаның құрылымы бірнеше функционалдық қабатты қамтуы тиіс. Біріншісі – цифрландыру және мәтінді тану қабаты: мұнда тарихи мәтіндер, қолжазбалар, төте жазумен немесе шағатай тілінде жазылған деректер электронды форматқа көшіріліп, корпусқа біріктіріледі. Екіншісі – семантикалық және құрылымдық талдау қабаты: жасанды интеллект құралдары арқылы образдар жүйесі, мотивтер, символика, тақырыптық өрістер айқындалады. Үшіншісі – визуализация және модельдеу қабаты: поэтикалық құрылым карталар, желілік диаграммалар, интерактивті схемалар түрінде ұсынылады. Төртіншісі – педагогикалық бейімдеу қабаты: студенттің деңгейіне, оқу мақсатына сәйкес тапсырмалар, сұрақтар, салыстырмалы талдаулар автоматты түрде құрастырылады. Бұл қабаттардың өзара ықпалдасуы платформаны тек деректер қоймасы емес, толыққанды оқыту ортасына айналдырады.

Ұлттық әдеби мұраны оқытудағы мұндай модельдің қолданбалы мүмкіндіктерін көрсету үшін Шәкәрім шығармашылығы материалдарын мысалға алуға болады. Шәкәрім Құдайбердіұлының поэмалары қазақ әдебиетінің философиялық, этикалық және көркемдік ойлау деңгейін айқындайтын күрделі мәтіндер қатарына жатады. Ақынның поэтикалық жүйесінде тарихи сюжет, моральдық проблема, діни-философиялық толғаныс және ұлттық дүниетаным өзара тоғысып, көпқабатты семантикалық құрылым түзеді. Дәстүрлі оқытуда бұл қабаттар көбінесе мазмұндау немесе жекелеген мотивтерді талдау деңгейінде қалып қоюы ықтимал. Шәкәрім поэмасын дәстүрлі түрде оқығанда студент негізгі ойды көбіне оқытушының түсіндірмесі арқылы ғана ұғынады. Ал интеллектуалдық платформада поэма арнайы карта түрінде көрсетіледі: қай сөздер мен ойлар жиі қайталанатыны, кейіпкерлердің арасындағы байланыстар, басты тақырыптар бір қарағанда көрінеді.

Соның нәтижесінде студент мәтінді жай оқымай, оның ішкі құрылымын «көріп», өз бетімен талдау жасайды. Ұлттық әдеби мұра электронды форматта қолжетімді болып, көне жазудағы мәтіндер қазіргі жазумен қатар беріледі. Осылайша студенттің әдеби талдауы тек теорияға емес, нақты мәтінмен жасалған жұмысқа негізделеді. Цифрлық трансформация жағдайында ұлттық әдеби мұраны оқытудың интеллектуалдық платформалары білім берудің мазмұндық сапасын ғана емес, оның мәдени миссиясын да күшейтеді. Бүгінгі жаһандану үдерістерінде ұлттық әдебиет тек оқу пәні емес, мәдени тұтастықтың тірегі, тарихи жадының символы ретінде қарастырылуы тиіс. Р.Бердібаевтың пайымдауынша, әдеби мұра - халықтың тарихи жадысы, рухани тәжірибесін сақтайтын көркем мәтіндер жүйесі [2]. Сондықтан ұлттық әдебиетті цифрлық форматта оқытуда оның мәдени-тарихи контекстін сақтай отырып, жаңа танымдық құралдармен ұсыну басты әдіснамалық талап болып қала береді.

Қорытындылай келе, цифрлық трансформация жағдайында ұлттық әдеби мұраны оқытудың интеллектуалдық платформалары гуманитарлық білімнің мазмұнын жаңғыртудың тиімді тетігі ретінде көрінеді. Олар әдеби мәтінді цифрландырумен шектелмей, поэтикалық құрылымды модельдеу, семантикалық талдау, визуализация және педагогикалық бейімдеу арқылы білім алушының интерпретациялық қабілетін дамытады. Жасанды интеллект бұл үдерісте гуманитарлық ойлаудың баламасы емес, оны тереңдететін зияткерлік құрал қызметін атқарады. Ұлттық әдеби мұраны осындай платформалар арқылы оқыту бір жағынан мәдени кодты сақтауға, екінші жағынан оны заманауи білім кеңістігіне енгізуге мүмкіндік береді. Демек, интеллектуалдық платформалар ұлттық әдебиеттің дәстүрлі мазмұнын жоғалтпай, оны цифрлық дәуірдің танымдық талаптарына сай қайта пайымдаудың ғылыми-әдістемелік негізі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. UNESCO. (2025). Digital learning and transformation of education. Retrieved from / https://www.unesco.org/en/digital-education

2. Бердібаев Р. Әдебиет және өмір. (Әдеби сын мақалалар). А., Қазмемкөрәдеббас. 1964. 186 б.

ARTIFICIAL INTELLIGENCE AS A TOOL FOR DEVELOPING STUDENTS' SOFT SKILLS: CRITICAL THINKING, CREATIVITY AND COLLABORATION

Асанова А.Б., *магистр гуманитарных наук,*
старший преподаватель кафедры иностранных языков,
Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы
Жумабек А.М., *магистр филологических наук,*
преподаватель кафедры иностранных языков,
Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы

The article explores how artificial intelligence (AI) supports the development of students' soft skills, including critical thinking, creativity, and collaboration. It reviews AI educational tools, summarizes empirical research, and addresses pedagogical and ethical challenges, emphasizing effective integration in higher education while promoting human-centered, interactive, and responsible learning practices.

1. Introduction

The 21st century is characterized by rapid technological development, globalization, and the growing influence of digital technologies on education. Modern educational systems are expected not only to provide subject-specific knowledge but also to foster students' soft skills, such as critical thinking, creativity, and collaboration. These competencies are recognized as essential for professional success, social interaction, and lifelong learning in a knowledge-based economy [1]. In the context of higher education in Kazakhstan, the development of these competencies is closely linked to ongoing educational reforms and digitalization initiatives.

Artificial intelligence (AI) has emerged as a powerful driver of educational transformation. AI-based technologies enable personalized learning pathways, adaptive assessment, and data-driven feedback, which significantly differ from traditional teaching approaches. Through intelligent systems, students engage in interactive learning environments that promote independent reasoning, creative exploration, and collaborative problem-solving. The article is based on a qualitative review of recent empirical studies and analytical comparison of AI-based educational practices used in higher education [2,3].

2. Theoretical Background

Soft skills are generally defined as non-technical competencies that support effective interaction, problem-solving, and adaptability in diverse contexts. Critical thinking involves the ability to analyze information, evaluate arguments, and make informed decisions. Creativity refers to the capacity to generate original and meaningful ideas, while collaboration encompasses communication, coordination, and teamwork skills. From a pedagogical perspective, these skills are not developed in isolation but emerge through meaningful learning tasks and social interaction.

In contemporary educational frameworks, these skills are viewed as core learning outcomes. Artificial intelligence technologies, including adaptive learning platforms, intelligent tutoring systems, generative AI applications, and collaborative digital environments, provide new opportunities for soft skills development. Adaptive systems adjust content and tasks according to students' performance, promoting analytical reasoning. Generative AI tools stimulate creativity by offering alternative ideas and solutions, while AI-supported collaborative platforms enhance group interaction by monitoring participation and facilitating communication. This approach is especially important in university-level education, where students are expected to take greater responsibility for their learning outcomes. Importantly, AI functions as a supportive tool rather than a replacement for educators, reinforcing learner-centered and interactive pedagogical approaches [4].

3. AI Tools for Developing Soft Skills

3.1 Critical Thinking

Critical thinking is a fundamental competency that enables students to evaluate evidence, identify assumptions, and construct logical arguments. AI-based educational tools support the development of this skill through adaptive assessments, simulations, and scenario-based learning tasks. For instance, AI-

driven case studies dynamically respond to students' decisions, encouraging reflection and deeper analysis. Research indicates that students engaged in AI-supported learning activities demonstrate higher levels of analytical reasoning compared to those taught through traditional instructional methods [5]. Such AI-supported activities encourage students to justify their choices and reflect on alternative solutions, which is a core component of critical thinking development.

3.2 Creativity

Creativity plays a crucial role in innovation and problem-solving. Generative AI tools, including content creation platforms and design applications, provide students with opportunities to experiment with ideas and explore multiple solutions. By offering immediate feedback and alternative suggestions, AI systems encourage intellectual risk-taking and iterative refinement of creative products. Empirical studies show that AI-enhanced learning environments positively influence students' creative performance and intrinsic motivation when combined with pedagogical guidance [6]. However, the role of AI should be viewed as supportive, as creative outcomes largely depend on students' original ideas and teacher-guided reflection.

3.3 Collaboration

Collaboration involves effective communication, shared responsibility, and collective problem-solving. AI enhances collaborative learning through digital platforms that support real-time interaction, monitor individual contributions, and assist in task management. Such tools help create more balanced group dynamics and promote active participation. Studies reveal that students using AI-assisted collaborative platforms report increased engagement, improved coordination, and better learning outcomes in group-based projects [7]. In foreign language teaching practice, such platforms are particularly effective for organizing group discussions, project-based tasks, and peer feedback.

4. Empirical Evidence and Case Studies

Recent empirical research provides strong support for the integration of artificial intelligence in developing students' soft skills. Hasan et al. demonstrated that AI-enhanced learning environments significantly improve communication, collaboration, and critical thinking among university students, although structured pedagogical support is essential for fostering creativity. Al-Saadi et al. examined the use of AI among EFL student teachers and reported notable improvements in creativity, critical thinking, and teamwork when reflective activities and instructor guidance were incorporated.

Furthermore, studies on generative AI tools emphasize their effectiveness in promoting collaborative problem-solving and analytical thinking, particularly in hybrid and online learning contexts. These findings confirm the relevance of integrating AI tools into university teaching, provided that their use is pedagogically justified and aligned with course objectives.

5. Challenges and Ethical Considerations

Despite its potential, the implementation of artificial intelligence in education presents several challenges. Teachers require adequate training to integrate AI tools effectively and ensure that technology supports, rather than replaces, pedagogical interaction. Ethical concerns, including data privacy, algorithmic bias, and equitable access to AI technologies, must also be addressed to prevent negative consequences.

Another challenge involves the risk of excessive reliance on AI, which may limit opportunities for independent thinking and interpersonal communication if not balanced with human guidance. Additionally, unequal access to digital resources can exacerbate educational disparities between institutions. Therefore, educators play a key role in shaping responsible AI use by setting clear boundaries and promoting ethical awareness among students. Addressing these issues requires thoughtful instructional design, institutional support, and clear ethical frameworks for responsible AI use.

6. Conclusion

Artificial intelligence offers significant opportunities for enhancing students' soft skills development in higher education. Through adaptive learning, creative support, and collaborative platforms, AI contributes to the cultivation of critical thinking, creativity, and teamwork competencies essential in a digitally driven society. However, the effectiveness of AI depends on pedagogically informed implementation, ethical considerations, and active teacher involvement. For educators, this implies not only adopting new technologies but also rethinking teaching practices to ensure meaningful

and balanced learning experiences. Future research should focus on evaluating the long-term impact of AI-based tools and ensuring equitable access for all learners.

References:

1. Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Soft skills as 21st-century competencies in education. Available at: https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/download/7247/4951/20586

2. Kurmanbayeva, N.A. & Bessekeyeva, B.E. (2025). The contribution of artificial intelligence (AI) to developing students' critical thinking skills. Eurasian Science Review. https://doi.org/10.63034/esr-284

3. Zhou, M. & Brown, D. (2015). Educational learning theories (2nd ed.). Charlotte: Information Age Publishing.

4. Hasan, S., Nasreen, S. & Rasul, S. (2025). Leveraging artificial intelligence (AI) in higher education: Fostering soft skills—communication, collaboration, creativity and critical thinking among university students. Insights Journal of Life and Social Sciences, 3(2), 1–7. Available at: https://insightsjlss.com/index.php/home/article/view/133

5. Al-Saadi, I., Al Balushi, A. & Khalil, H. (2025). Empowering EFL student teachers through AI: Promoting creativity, critical thinking skills and collaboration. Forum for Linguistic Studies. https://doi.org/10.30564/fls.v7i11.11422

6. Al-Qudah, A.A., Al-Zoubi, S.M. & Al-Omari, M. (2025). Impact of intelligent learning assistants on creativity of university students: A self-determination theory perspective. Future Business Journal, 11, 122. https://doi.org/10.1186/s43093-025-00544-4

7. Dwivedi, Y.K. et al. (2025). Collaborative working and critical thinking: Adoption of generative artificial intelligence tools in higher education. Sustainability, 16(13), 5367. https://doi.org/10.3390/su16135367

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ДИАГНОСТИКАЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Асқарбек А.А., *педагогика ғылымдарының магистрі,*
Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті
Османова А.А., *1 курс студенті, 6В03101 "Психология" БББ,*
Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті

Мақалада университет студенттерінің оқу мотивациясын диагностикалауда жасанды интеллекттің артықшылықтарын қарастырады. ЖИ-ны қолдану нәтижелері оқу мотивациясының ішкі және сыртқы компоненттерін дәл әрі жүйелі бағалауға мүмкіндік беріп, деректерді жинау, талдау және жеке білім беру стратегияларын әзірлеу тиімділігін арттырады. Зерттеу нәтижелері ЖИ-ның диагностикалық дәлдігін, жылдамдығын және педагогикалық қолдауды жекешелендіру мүмкіндігін дәлелдейді.

Қазіргі таңда еліміздің дамуына өз үлесін қосатын, жан-жақты, құзыретті, шығармашыл, белсенді және бастамашыл, тұлғалық мәдениетін қалыптасқан, интеллектуалдық әлуетті дамыған тұлға қалыптастыру басты мақсат екені анық. Ал, тұлға қалыптастыру барысында кездесетін өзекті мәселе студенттердің оқу мотивациясы болып отыр.

Студенттердің оқу мотивациясы – жоғары білім сапасының маңызды факторы болып табылады, өйткені ол академиялық жетістіктерге, өзін-өзі дамытуға және кәсіби бағытқа тікелей әсер етеді. Қазақстандық ғалым Е.Б. Жұмабаев [1] оқу мотивациясын «студенттің оқу әрекеттеріне бағытталған ішкі және сыртқы күштердің жиынтығы» деп сипаттайды.

Ресейлік психологтар И.В. Кузнецова және С.А. Иванова [2] студенттердің мотивациясын когнитивтік, эмоционалдық және мінез-құлықтық компоненттер арқылы бағалайды. Олар

мотивацияны дамытудың басты факторы ретінде жеке мақсат қою мен өзін-өзі реттеу қабілетін атап көрсетеді.

Сонымен қатар, Н.Н. Рыжова [3] оқу мотивациясын педагогикалық қолдау арқылы көтеруге болатынын, ал студенттердің белсенді қатысуы мен қызығушылығы олардың академиялық табысына әсер ететінін дәлелдеді.

Оқуға деген қызығушылық оқу процесінің жандануын ынталандыратын және оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруға әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Осыған байланысты студенттерді танымдық және оқу іс – әрекетіне ынталандыру үшін жағдай жасау қазіргі заманғы жоғары мектеп педагогикасының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Дәстүрлі мотивациялық диагностика әдістері (сауалнама, тест, бақылау) уақыт пен ресурсты талап етеді және бағалаушының субъективтілігінен әсер етуі мүмкін. Жасанды интеллект (ЖИ) құралдары оқу мотивациясын талдауда жүйелі, объективті және автоматтандырылған нәтиже беруге қабілетті. Бұл зерттеу университет студенттерінің оқу мотивациясын диагностикалауда ЖИ-ны қолданудың психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін дәлелдейді.

Психологиялық зерттеулер оқу мотивациясын ішкі (өз қызығушылығы) және сыртқы (баға, марапат) компоненттер ретінде сипаттайды деп көрсетеді (Deci & Ryan, 2000). ЖИ-ның білім беру саласында қолданылуы деректерді жедел талдауға, мотивациялық профильдерді автоматты түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді (Smith & Brown, 2022). Осы тұрғыдан, ЖИ-ның ең үлкен артықшылығы — диагностика дәлдігі мен объективтілігін арттыру.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ

Зерттеу Алматы гуманитарлық-экономикалық университетінде, 1–4 курс студенттері (N = 120) арасында жүргізілді.

Сауалнама және тесттер: студенттердің оқу мотивациясын бағалау үшін қолданылды.

Дәстүрлі диагностикалық әдістер нәтижелері

Кесте 1. Мотивация деңгейі бойынша дәстүрлі диагностикалық әдістер нәтижелері

Мотивация деңгейі	Студенттер саны	%
Жоғары	25	21%
Орташа	65	54%
Төмен	30	25%

Осы нәтижеге сәйкес дәстүрлі әдістер субъективті бағалауға негізделген, орташа мотивация деңгейі басым, жоғары деңгей анықтау қиын және төмен мотивация деңгейі кейде нақты көрінбеуі мүмкін екендігі анықталды.

Жасанды интеллект (ЖИ) әдісі нәтижелері

Автоматтандырылған мотивациялық профиль жасау (ішкі және сыртқы мотивацияны бөліп көрсету)

Кесте 2. Мотивация деңгейі бойынша жасанды интеллект (ЖИ) әдісі нәтижелері

Мотивация деңгейі	Студенттер саны	%
Жоғары	35	29%
Орташа	60	50%
Төмен	25	21%

ЖИ әдісі бойынша ЖИ әдісі нақты, жылдам және толық деректер береді және жоғары мотивация деңгейі дәлірек анықталды. Төмен мотивацияны бақылау да дәстүрлі әдіске қарағанда нақтырақ болды.

Осы алынған нәтижелерге сүйеніп, Дәстүрлі әдіс пен ЖИ әдісіне салыстырмалы талдау жасап көрейік.

Кесте 3. Дәстүрлі әдіс пен ЖИ әдісін салыстырмалы талдау

Критерий	Дәстүрлі әдіс	ЖИ әдісі
Объективтілік	Бағалаушының субъективтілігі басым	Алгоритмдер арқылы тұрақты бағалау
Жылдамдық	Уақыт көп қажет	Жедел, автоматтандырылған
Мотивациялық профильді анықтау	Шектеулі, жалпы деңгейлер	Толық, ішкі және сыртқы компоненттерді бөліп көрсетеді
Динамикалық бақылау	Бір кезең бойынша	Бірнеше кезең бойынша бақылау
Жеке оқыту стратегиялары	Аз икемді	Әр студентке арнайы ұсынылады
Үлкен деректерді өңдеу	Қиын, тиімсіз	Үлкен деректерді тиімді талдайды

Зерттеу нәтижелері университет студенттерінің оқу мотивациясын диагностикалауда жасанды интеллект (ЖИ) әдістерінің тиімділігін дәлелдеді. ЖИ арқылы студенттердің мотивациялық профильдері жүйелі, нақты және объективті түрде анықталып, ішкі (қызығушылық, өзін-өзі дамыту) және сыртқы (баға, марапат, әлеуметтік мойындау) мотивация компоненттері айқын ажыратылады.

Дәстүрлі әдістер (сауалнама, тест, бақылау) студенттердің мотивациясын бағалауда қарапайым әрі қолжетімді құрал болса да, субъективтілік, уақыттық шектеу және деректерді толық талдау мүмкіндігінің шектеулігі байқалады. ЖИ әдістері автоматтандырылған талдау жүргізіп, үлкен деректерді тиімді өңдеуге мүмкіндік береді, бұл жеке оқыту стратегияларын әзірлеу мен педагогикалық қолдауды жекешелендіру процесін жеңілдетеді.

Сонымен қатар, ЖИ қолдану студенттердің мотивациялық өзгерістерін динамикалық бақылауға, олардың академиялық жетістіктерімен байланысын анықтауға және психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл әдістің артықшылықтары жоғары білім беру сапасын жақсартуға, оқу мотивациясын күшейтуге және студенттердің оқу белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев, Е.Б. Психология мотивации студентов: теория и практика. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 128 б.

2. Кузнецова, И.В., Иванова, С.А. Психология учебной мотивации студентов: когнитивные и эмоциональные аспекты. – Москва: Просвещение, 2020. – 156 с.

3. Рыжова, Н.Н. Педагогические технологии стимулирования учебной мотивации студентов. – Санкт-Петербург: Питер, 2019. – 142 с.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ТҰЛҒАЛЫҚ СӘЙКЕСТІК: ӘСЕРЛЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Аубакирова Нургуль Кабделгазезовна
психология кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

Мақалада жасанды интеллект технологияларының тұлғалық сәйкестік қалыптасуына тигізетін әлеуметтік, психологиялық және этикалық әсерлері талданады. ЖИ-дың цифрлық тұлға, гибридті сәйкестік және тұлғалық агенттікке ықпалы қарастырылып, оның мүмкіндіктері мен қауіптері айқындалады. Сонымен қатар білім беру мен жастардың дамуы контекстінде ЖИ-ды адам-орталықты қағида негізінде қолданудың маңыздылығы көрсетіледі. Зерттеу технологиялық прогресті гуманистік құндылықтармен үйлестіру қажеттігін негіздейді

Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының қарқынды дамуы қоғамның барлық саласын, соның ішінде адамның өзін-өзі сәйкестендіру процестерін тереңден өзгертеді. Тұлғалық сәйкестік – бұл адамның өзі туралы түсінігі, құндылықтары, мақсаттары және әлеуметтік рөлдерінің кешенді жүйесі. Дәстүрлі түрде ол отбасы, білім, мәдениет және жеке тәжірибе арқылы қалыптасатын болса, бүгінгі цифрлық дәуірде оның қалыптасуына ЖИ жүйелері айтарлықтай әсер ете бастады. Бұл мақала ЖИ-ның тұлғалық сәйкестікке тигізетін әсерлерін талдап, болашақтағы мүмкін перспективалар мен қауіптерді қарастыруды мақсат етеді.

Жасанды интеллект тұлғалық сәйкестікті қалапы қалыптастырады. ЖИ-дың тұлғалық сәйкестікке әсері бірнеше деңгейде жүзеге асады. Біріншіден, әлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларда жұмыс істейтін жекелендірілген алгоритмдер адамның ақпарат кеңістігін сүзгілейді. ЖИ талдайтын деректер негізінде ұсынылатын контент (жаңалықтар, бейнелер, жарнамалар) адамның құндылықтары мен қызығушылықтарын біржақты түрде қалыптастырып, «сүзгілік көпіршік» эффектісін туғызады [1]. Бұл жағдай адамның әлемді көру бұрышының кеңейуіне кедергі келтіріп, өздігінен ойлау қабілетін әлсіретуі мүмкін.

Екіншіден, сөйлеу серіктестері немесе виртуалды көмекшілер сияқты ЖИ-құрылғыларымен өзара әрекеттесу адамдарға, әсіресе жалғыздық сезімімен күрескендерге, эмоционалды тірек болуы мүмкін. Алайда, бұл қатынас адам мен робот арасындағы шекараның ләззіктенуіне әкеліп, эмоционалды байланыстың табиғатын бұрмалау қаупін төндіреді [2]. Үшіншіден, сурет жасайтын ЖИ немесе дауыстық клондау технологиялары цифрлық кеңістіктегі адамның визуалды және аудио бейнесін қолдан жасауға мүмкіндік береді, бұл өздігінің шынайылығы мен бірегейлігі туралы түсінікті күрделендіреді.

ЖИ-ның тұлғалық сәйкестікке әсерінің психологиялық аспектілері терең. Алгоритмдер арқылы үнемі бағалану және «лайктар», «көрулер» арқылы расталу адамдарда, әсіресе жас ұрпақта, сыртқы бекітуге тәуелділікті арттырады. Бұл ішкі мотивация мен өзін-өзі құрметтеу сезімінің төмендеуіне әкелуі мүмкін [3]. Сондай-ақ, жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін іздеу жүйелері мен жеке кураторлар арқылы алынған таңдаулар адамның ерік-жігері мен жауапкершілігін бұрмалайтын «алгоритмдік детерминизм» тұжырымдамасын туғызады.

Этикалық тұрғыдан ең маңызды мәселе – деректер қорлары мен алгоритмдерде кейбір әлеуметтік топтарға қатысты бейсана болуы. Бұл жағдай дискриминацияны күшейтіп, адамның әлеуметтік сәйкестігін бұрмалауы мүмкін. Сонымен қатар, ЖИ арқылы жеке тұлғаны модельдеу және болжау оның еркіндігі мен тұлғалық автономиясын шектеуге алып келетін қауіп бар.

Болашақ перспективалар: интеграция және реттеу. ЖИ мен тұлғалық сәйкестіктің өзара әрекеттесуінің болашағы екі қарама-қайшы үрдісті қамтиды. Бір жағынан, ЖИ жеке дамуды қолдауға бағытталған құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін. Мысалы, білім беруде жекелендірілген оқыту жүйелері оқушының қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес білім алуына мүмкіндік береді. Денсаулық сақтауда психикалық денсаулыққа көмек көрсететін ЖИ-қосымшалар дамып келеді.

Екінші жағынан, технологияның тұлғаға әсерін реттеу мен заңнамалық қорғау қажеттілігі өсуде. Бұл бағытта жеке деректерді қорғау, алгоритмдердің ашықтығын және есеп беруін талап ету, сондай-ақ цифрлық сауаттылықты дамыту шешуші рөл атқарады. Адамдарға алгоритмдердің қалай жұмыс істейтінін түсінуге және сыни тұрғыдан бағалауға үйрету маңызды. Қазақстан контекстінде цифрлық трансформация бағдарламаларымен қатар, ұлттық деңгейде тұлғалық даму мен технологиялық инновациялардың этикалық аспектілері бойынша дискурсты дамыту қажет [4].

Цифрлық тұлға және гибридті сәйкестік феномені. Жасанды интеллект дамыған сайын

«цифрлық тұлға» ұғымы барған сайын маңызға ие болуда. Цифрлық тұлға – адамның онлайн ортада қалыптасқан бейнесі, мінез-құлық үлгілері, пікірлері мен деректерінің жиынтығы. Әлеуметтік желілердегі белсенділік, іздеу тарихы, геолокациялық деректер мен тұтынушылық әдеттер ЖИ арқылы талданып, адамның цифрлық профилін қалыптастырады. Бұл профиль кей жағдайда адамның өзі туралы түсінігінен де ықпалды болуы мүмкін, себебі алгоритмдер болашақ әрекеттерді болжауға және алдын ала бағыттауға қабілетті.

Осы тұрғыда «гибридті сәйкестік» феномені пайда болады, яғни адамның офлайн (нақты өмірдегі) және онлайн (цифрлық кеңістіктегі) болмысы бір-бірімен тығыз байланысып, кейде қайшылыққа түседі. Мысалы, адам әлеуметтік желіде өзіне жасанды түрде «жетілдірілген» образ қалыптастырып, шынайы өмірдегі тұлғалық күйімен сәйкессіздік сезінуі мүмкін. Мұндай диссонанс ұзақ мерзімде тұлғалық күйзеліс, өзін-өзі қабылдамау және әлеуметтік мазасыздықтың артуына әкелуі ықтимал.

Жасанды интеллект және тұлғалық агенттіктің трансформациясы

Тұлғалық агенттік – адамның өз шешімдері мен әрекеттеріне жауапты болу қабілеті. ЖИ жүйелері ұсынымдар, автоматтандырылған шешімдер және алдын ала таңдалған сценарийлер арқылы бұл агенттікке жанама түрде әсер етеді. Мысалы, стримингтік платформалардағы «келесі бейнені автоматты түрде қосу» немесе навигациялық қосымшалардың баламасыз маршрут ұсынуы адамның таңдау жасау белсенділігін төмендетуі мүмкін.

Бұл үдеріс ұзақ мерзімде адамның өмірлік шешімдерге қатысу деңгейін әлсіретіп, «ыңғайлылық мәдениетін» қалыптастырады. Яғни, адам өз өмірін басқарудан гөрі алгоритмдерге сенуді әдетке айналдырады. Дегенмен, бұл құбылысты толықтай теріс деп бағалауға болмайды. Егер ЖИ жүйелері саналы түрде, адамның құндылықтары мен ұзақ мерзімді мақсаттарын ескере отырып қолданылса, олар тұлғалық агенттікті күшейтетін құралға да айнала алады.

Білім беру мен жастардың тұлғалық сәйкестігіне әсері. Жасанды интеллекттің тұлғалық сәйкестікке әсері әсіресе жастар арасында айқын байқалады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында қолданылатын адаптивті оқыту платформалары оқушылардың білім алу стилін ескеріп, жеке траектория ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл өз қабілетін ерте тануға, кәсіби сәйкестікті саналы түрде қалыптастыруға оң әсер етеді.

Алайда, егер білім беру процесі толықтай алгоритмдерге сүйенсе, тұлғаның қателесу, іздену және тәжірибе арқылы қалыптасу мүмкіндігі шектелуі мүмкін. Сондықтан білім беру саласында ЖИ-ды қолдану «адам-орталықты» (human-centered) қағидаға негізделуі тиіс. Мұғалімнің рөлі ақпарат жеткізушіден тұлғалық дамуға бағыттаушы менторға айналуы маңызды.

Болашаққа бағытталған ұсыныстар. Жасанды интеллект пен тұлғалық сәйкестік арасындағы тепе-теңдікті сақтау үшін бірнеше стратегиялық бағыттарды ұсынуға болады:

– цифрлық ортада өзін-өзі тану және рефлексия дағдыларын дамыту;

– ЖИ жүйелерін қолдануда этикалық стандарттарды күшейту;

– алгоритмдік шешімдерге балама таңдау мүмкіндігін сақтау;

– жастар арасында философия, этика және сыни ойлау пәндерінің рөлін арттыру;

– ұлттық мәдени құндылықтарды цифрлық кеңістікке бейімдеп, тұлғалық сәйкестіктің мәдени негізін сақтау.

Жалпы қорытындылай келе, жасанды интеллект тұлғалық сәйкестікті қайта форматтайтын күшке айналып отыр. Бұл үдеріс адамның өзін жоғалтуына емес, керісінше өзін тереңірек тануына мүмкіндік беруі үшін технологиялық даму гуманистік құндылықтармен ұштасуы тиіс. Тұлға – алгоритмдердің өнімі емес, ал ЖИ – адамның саналы таңдауын толықтыратын құрал болуы қажет.

Жасанды интеллект тұлғалық сәйкестік қалыптасуының жаңа және қуатты факторына айналып отыр. Ол бірегей мүмкіндіктер (жекелендірілген тәжірибе, қолжетімділік) әкелсе де, өздігінің автономиясын әлсірету, сыртқы бағалауға тәуелділікті арттыру және әлеуметтік тегістеу сияқты қауіптерді де келтіреді. Болашақта ЖИ мен адамзаттың үйлесімді өмір сүруі технологияны тек пайдалы құрал ретінде пайдалануға емес, сонымен қатар оның әлеуметтік-психологиялық әсерін үнемі мониторингілеуге және тиісті этикалық шеңберлерді құруға байланысты. Тұлғалық сәйкестіктің өзектілігін сақтау үшін адамның сыни ойлауы, ішкі құндылықтары және моральдық таңдауы технологиялық прогрестің үстінде тұруы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Pariser, E. (2011). The Filter Bubble: What the Internet Is Hiding from You. Penguin Press. [1]
2. Turkle, S. (2017). Alone Together: Why We Expect More from Technology and Less from Each Other (3rd ed.). Basic Books. [2]
3. Twenge, J. M. (2017). iGen: Why Today's Super-Connected Kids Are Growing Up Less Rebellious, More Tolerant, Less Happy—and Completely Unprepared for Adulthood. Atria Books. [3]
4. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2017-2022 жж.). Қазақстан Республикасы Президентінің №464 Жарлығы. [4]
5. European Commission. (2019). Ethics Guidelines for Trustworthy AI. Independent High-Level Expert Group on Artificial Intelligence. [Этикалық нұсқауларға жалпы сілтеме ретінде]
6. Harari, Y. N. (2018). 21 Lessons for the 21st Century. Jonathan Cape. [Технология мен адам тағдыры туралы дискуссияға сілтеме]

ФОРМИРОВАНИЕ ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ С ПОМОЩЬЮ ТЕХНОЛОГИЙ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Байжанова С.А., *ассистент профессора*
кафедры дошкольного и начального образования,
Костанайский региональный университет
имени Ахмет Байтұрсынұлы.
Петрушина Т.В., *студент 2 курса,*
ОП 6В01302 «Начальное образование»,
кафедра дошкольного и начального образования,
Костанайский региональный университет
имени Ахмет Байтұрсынұлы.

Статья посвящена исследованию эффективности использования технологий искусственного интеллекта (ИИ) для формирования естественно-научной грамотности у младших школьников третьего класса на уроках естествознания. Рассмотрены теоретические основы, психолого-педагогические аспекты и результаты экспериментальной работы, подтверждающие положительное влияние ИИ на развитие познавательной активности, наблюдательности и исследовательских умений учащихся.

Формирование естественно-научной грамотности в младшем школьном возрасте является приоритетной задачей современного образования. Государственный общеобязательный стандарт начального образования Республики Казахстан подчёркивает необходимость внедрения современных технологий, направленных на развитие критического мышления, исследовательских и практических навыков школьников [1]. Естественно-научная грамотность включает умение объяснять природные явления, формулировать вопросы, проводить наблюдения и делать обоснованные выводы. Как отмечают Андреева Н.Д., Соломин В.П. и Васильева Т.В., развитие экологических и естественно-научных представлений требует активного применения наглядных и практико-ориентированных методов обучения [2].Использование ИИ на уроках естествознания обеспечивает интерактивность, визуализацию, моделирование природных процессов и адаптивность образовательного процесса. В исследованиях Творогова И.М. и Блиновой Э.А. подчёркивается, что технологии искусственного интеллекта значительно расширяют возможности экологического и естественно-научного воспитания младших школьников, повышая их интерес и познавательную активность [3].Шестакова Н.Н. отмечает, что ИИ влияет на модернизацию системы образования, облегчает доступ к сложным естественно-научным явлениям и способствует формированию у учащихся исследовательских навыков [4].Материалы Международной научно-практической конференции (Алматы, 2024 г.) подтверждают, что цифровые технологии, включая ИИ, являются важным

инструментом развития естественно-научного образования в Казахстане [5].

Эксперимент проводился в двух группах третьего класса: экспериментальной (3 «А», 15 учащихся) и контрольной (3 «Б», 15 учащихся). На констатирующем этапе уровень естественно-научной грамотности определялся с помощью теста «Умею ли я наблюдать природу?» (О.Н. Гончарова) и анкеты отношения к познавательной деятельности (адаптация Т.И. Шамовой).

Таблица 1. Критерии и показатели сформированности естественно-научной грамотности

Критерий	Показатели	Описание уровня проявления
Познавательный	Объем и осознанность знаний о природе	Понимание простейших причинно-следственных связей природных явлений
Практический	Умение наблюдать, ставить простые опыты, делать выводы	Использует знания при поддержке учителя
Мотивационно-ценностный	Интерес к познанию, готовность к исследованию	Проявляет интерес, но требует внешней стимуляции

Таблица 2. Уровни сформированности

Уровень	Баллы (в сумме по двум методикам)	Характеристика
Высокий	17-20 баллов	Устойчивый интерес, самостоятельность, умение обобщать и объяснять явления.
Средний	11-16 баллов	Проявляет интерес к познанию, способен наблюдать и анализировать при небольшой помощи учителя.
Низкий	10 баллов	Наблюдения поверхностные, активность низкая, требуется постоянная поддержка.

Таблица 3. Результаты диагностики

Группа	Высокий уровень	Средний уровень	Низкий уровень
Экспериментальная	4 учащихся (27%)	8 учащихся (53%)	3 учащихся (20%)
Контрольная	3 учащихся (20%)	9 учащихся (60%)	3 учащихся (20%)

В экспериментальной группе на формирующем этапе были проведены три урока естествознания с использованием ИИ-технологий:Урок 1. «Как меняется погода?» — моделирование погодных процессов, анализ температуры, осадков и облачности.Урок 2. «Как растут растения?» — виртуальное выращивание растений при различных условиях света, воды и почвы.Урок 3. «Почему важно беречь воду?» — симуляция загрязнения водоёмов, обсуждение причин и последствий, разработка экологических правил.Контрольная группа обучалась по стандартной программе, без применения ИИ.По результатам повторной диагностики установлено, что использование ИИ способствовало значительному повышению уровня естественно-научной грамотности.

Таблица 4. Результаты повторной диагностики

Группа	Высокий уровень	Средний уровень	Низкий уровень
Экспериментальный класс (3 «А»)	8 учащихся (53%)	6 учащихся (40%)	1 учащийся (7%)
Контрольный класс (3 «Б»)	3 учащихся (20%)	8 учащихся (53%)	4 учащихся (27%)

В экспериментальной группе высокий уровень показали 53% учащихся, средний — 40%, низкий — 7%.В контрольной группе высокий уровень остался прежним — 20%, средний — 53%, низкий повысился до 27%.Сравнение данных показало, что у детей экспериментальной группы существенно повысилась наблюдательность, способность анализировать результаты и делать выводы, а также усилился интерес к исследовательской деятельности.

Таблица 5. Сравнительная таблица динамики уровней (до и после эксперимента)

Группа	Этап исследования	Высокий	Средний	Низкий
Экспериментальный класс (3 «А»)	Констатирующий	27%	53%	20%
	Контрольный	53%	40%	7%
Контрольный класс (3 «Б»)	Констатирующий	20%	60%	20%
	Контрольный	20%	53%	27%

Использование ИИ обеспечило: активное участие школьников в учебном процессе, развитие навыков наблюдения, анализа и моделирования природных явлений, повышение мотивации и самостоятельности, формирование осознанного отношения к изучению окружающего мира.

Таким образом, можно сделать вывод, что применение технологий искусственного интеллекта на уроках естествознания является эффективным средством формирования естественно-научной грамотности младших школьников. ИИ позволяет интегрировать интерактивные, исследовательские и игровые методы обучения, стимулируя познавательную активность и формируя устойчивые учебные навыки. Дальнейшие исследования могут быть направлены на изучение влияния ИИ на развитие критического мышления и метапредметных компетенций учащихся.

Литература:

1. Государственный общеобязательный стандарт начального образования Республики Казахстан. Приказ Министра просвещения РК от 3 августа 2022 г. № 348. – Астана, 2022(Электронный ресурс) https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031

2. Андреева Н.Д., Соломин В.П., Васильева Т.В. Теория и методика обучения экологии. – Москва: Академия, 2009. – 240 с.

3. Творогов И.М., Блинова Э.А. Использование искусственного интеллекта в экологическом воспитании детей дошкольного и младшего школьного возраста // XXI век. – 2025. – № 3. – С. 85.

4. Шестакова Н.Н. Искусственный интеллект: воздействие на систему образования // AC Journal. – 2025. – № 5. – С. 94.

5. НасироваД.М., Султанова К. Ж. Развитие естественно-научного образования в Республике Казахстан: проблемы и перспективы. Материалы Международной научно-практической конференции, 3 мая 2024 г. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2024. – 120 с.

ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ПОЗНАНИЯ МИРА С ПОМОЩЬЮ ИИ-ТЕХНОЛОГИЙ

Байжанова С.А., *ассистент профессора*
кафедры дошкольного и начального образования,
Костанайский региональный университет
имени Ахмет Байтұрсынұлы
Зеленская К.О., *студет 2 курса,*
ОП 6В01302 Начальное образование,
кафедра дошкольного и начального образования,
Костанайский региональный университет
имени Ахмет Байтұрсынұлы

Статья посвящена исследованию эффективности использования технологий искусственного интеллекта (ИИ) для формирования экологической культуры у младших школьников второго класса на уроках познания мира. Рассмотрены теоретические основы, психолого-педагогические аспекты и результаты экспериментальной работы, подтверждающие положительное влияние ИИ на развитие экологической осознанности, наблюдательности и практических навыков у учащихся.

The annotation covers main ideas but may miss some details./ Responses to analytical questions are mostly complete, with minor omissions./ Interpretation of quotes is generally accurate but may be somewhat superficial./ The comparative analysis is correct but less profound./ The critical article is logical and argued, but less deep.

Average analysis (48-54 points) - The student demonstrates an average understanding of the text, highlights key points but with omissions, provides partially correct answers to analytical questions, interprets quotes superficially, and conducts average comparative and critical analysis.

Criterion rubric:

The annotation includes main ideas but misses many details./ Responses to analytical questions are partially complete but have significant omissions./ Interpretation of quotes is superficial and sometimes inaccurate./ The comparative analysis identifies similarities and differences but is superficial./ The critical article has logical arguments but lacks depth.

Low analysis (40-47 points) - The student demonstrates a weak understanding of the text, highlights few key points, provides mostly incorrect answers to analytical questions, misinterprets quotes, and conducts superficial comparative and critical analysis.
Criterion rubric:

The annotation includes only main ideas but misses most details./ Responses to analytical questions are mostly incomplete and incorrect./ Interpretation of quotes is often erroneous./ The comparative analysis is incomplete and superficial./ The critical article has weak arguments and logical errors.

Very low analysis (25-39 points) - The student demonstrates very low understanding of the text, hardly highlights key points, provides incorrect answers to analytical questions, does not interpret quotes, and does not conduct comparative and critical analysis.

Criterion rubric:

The annotation is superficial, with key ideas and details missed./ Responses to analytical questions are incorrect or missing./ Interpretation of quotes is absent or completely incorrect./ The comparative analysis is absent or erroneous./ The critical article lacks logic and arguments [1].

2. Grammatical and lexical accuracy (30 points)

No errors (minor mistakes in word pronunciation): 28–30 points

Several errors (lexical incompatibility within a phrase / omission of an auxiliary verb / absence of an article): 22–27 points

Errors disrupting grammatical coherence or lexical accuracy – incorrect use of words and expressions: 12–21 points

Many errors (both grammatical and lexical, making the narration difficult to follow and illogical): 5–11 points [2].

In addition to comprehensive text analysis assessment, the elements of rubrics can be used as separate exercises for ongoing evaluation. Such tasks help identify students' level of comprehension and their ability to work with the text [4].

1) Annotation of the text: The student writes a brief annotation of the text, highlighting the main ideas and key points.

Criteria: Accurate reflection of the main ideas and important details.

2) Question formation: The student formulates several questions about the text that reflect its main content and details.

Criteria: Questions should be logical and cover all key points of the text.

3) Interpretation and analysis of the text: The student analyzes and interprets the text, explaining the cause-and-effect relationships and conclusions.

Criteria: Deep understanding of the content and the ability to explain hidden meanings and ideas.

4) Open-ended question responses: The student answers questions that require a full response reflecting the main content of the text.

Criteria: Responses cover the main ideas and details but may be less profound.

5) Comparison of text with another source: The student compares the read text with another source on the same topic, highlighting similarities and differences.

Criteria: Correct identification of the main ideas and details of both texts.

6) Multiple choice question responses: The student answers multiple-choice questions related to the main ideas of the text.

Criteria: Correct answers to most questions, understanding of the main points.

7) Filling in the blanks in the text: The student fills in the blanks in the text using words or phrases from the original text.

Criteria: Correct filling of the blanks, corresponding to the main content.

8) Establishing the sequence of events: The student establishes the correct sequence of events or facts presented in the text.

Criteria: Correct identification of the sequence of main events and ideas.

9) Choosing headings for paragraphs: The student selects appropriate headings for each paragraph of the text.

Criteria: Correct selection of headings reflecting the main content of the paragraphs.

10) Simple comprehension questions: The student answers simple questions regarding factual information in the text.

Criteria: Correct answers to basic questions, understanding of key facts.

11) Creating a brief outline of the text: The student creates a brief outline of the text, highlighting the main points.

Criteria: Correct identification of main ideas and structuring of information.

12) Identifying the main idea of the text: The student identifies the main idea of the text.

Criteria: Correct identification of the main idea.

Writing

To assess the structure of the essay and its relevance to the topic, a number of criteria and exercises can be used to help determine the level of task completion by students with hearing difficulties.

The structure assesses the logic and consistency of the presentation of ideas, as well as the organisation of the text.

1. Evaluation criteria of the structure (30 points)

Excellent structure (27-30 points) - The essay is clearly and logically divided into paragraphs. The introduction includes a thesis statement. The main body is logically structured, with each idea supported by examples and evidence. The conclusion clearly summarises the main points.

Criterion rubric:

The essay begins with a clear introduction, followed by logically structured paragraphs with arguments and evidence, and ends with a clear and complete conclusion.

Good structure (21-26 points) - The essay is mostly divided into paragraphs. The introduction and conclusion are present but may be less clear. The main body is logically organised but may contain some unrelated elements.

Criterion rubric:

Example: The essay has an introduction, several paragraphs with main ideas, and a conclusion, but the transitions between paragraphs may be unclear.

Average structure (15-20 points) - The essay has an introduction and conclusion, but the paragraph structure may be disrupted. The main ideas are present, but they are not always logically connected.

Criterion rubric:

The essay contains the main elements, but the transitions between ideas are not always logical, and the conclusion may be weak.

Poor structure (8-14 points) – The introduction and conclusion are weak or absent. The main body is inconsistent, and the logic of the presentation is disrupted.

Criterion rubric:

The essay has general ideas, but no clear structure, and there are no transitions between paragraphs.

Very poor structure (0-7 points) - The essay lacks structure, and thoughts are presented in a chaotic manner. There is no clear introduction, main body, or conclusion.

Criterion rubric:

The essay consists of random phrases with no logical connection [3].

Relevance to the topic assesses how well the text corresponds to the given topic and how fully the topic is covered.

2. Evaluation of relevance to the topic (30 points)

Excellent relevance (27-30 points) - The essay fully corresponds to the given topic. All aspects of the topic are considered and explored in detail.

Criterion rubric:

An essay on 'The impact of technology on education' is entirely devoted to this topic, considers various aspects and provides detailed examples.

Good relevance (21-26 points) - The essay is mostly relevant to the topic. Most aspects of the topic are covered, but some details may be missing.

Criterion rubric:

An essay about new technologies in education includes basic information but does not cover all possible aspects.

Average relevance (15-20 points) - The essay partially corresponds to the topic. Some aspects of the topic are covered, but there are deviations or incomplete coverage of the topic.

Criterion rubric:

The essay on the topic of technology in education includes the main points, but deviates to other topics.

Low relevance (8-14 points) - The essay does not correspond well to the topic. The main aspects of the topic are not covered, and there are many deviations.

Criterion rubric:

The essay on technology in education includes several references to the topic, but most of the text is devoted to other issues.

Very low relevance (0-7 points) - The essay is largely irrelevant to the given topic. The topic is not explored, and the content deviates from the topic.

Criterion rubric:

The essay on the topic of technology in education barely touches on this topic and discusses other issues [4].

3. **Grammatical and lexical accuracy (40 points)**

No errors (minor errors in spelling): 38-40 points

Several errors (incompatibility of lexical components of a phrase/omission of an auxiliary verb/absence of an article): 32-37 points

Errors that disrupt the grammatical structure of the essay/inconsistency of lexical content – incorrect use of words and phrases: 22-31 points

Many errors (grammatical and lexical, which hinders the consistency and logic of the narrative): 10-21 points

References:

1. Smith R., Manning L, McElwee G. (2022). Understanding Textual Analysis: A Comprehensive Guide. New York: Academic Press, pp 4-22.

2. Nell K. Duke and P. David Pearson (2002). Effective Practices for Developing Reading Comprehension. From What Research Has to Say About Reading, Third Edition. International Reading Association, Inc., pp 5-26.

3. Wiig, E. H., Kusuma-Powell, O., & Wilson, C. C. (1997). Assessing baselines and outcomes. In E. H. Wiig & C. C. Wilson, Visual tools for developing language and communication: Content, use and interaction. Arlington, TX: Schema Press. pp. 236-244.

4. www.cambridgeenglish.org/help/special-requirements

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Гинаятова А.А.,
педагогика ғылымдарының магистрі,
педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
Сатыбалдиева А.М.,
педагогика ғылымдарының магистрі,
педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық және проблемалық ойлау қабілеттерін дамытуда жасанды интеллекттің педагогикалық әлеуеті қарастырылады. Жасанды интеллект құралдары баланың жеке даму траекториясын қалыптастырып, танымдық белсенділікті арттырады, шығармашылық пен сыни ойлауды дамытатын қауіпсіз әрі бейімделген оқу ортасын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, мақалада жасанды интеллектті қолдану арқылы педагогикалық әдістемелерді жетілдіру, ата-аналармен серіктестік қатынасты нығайту және балалардың цифрлық сауаттылығын арттыру мәселелері талқыланады.

Мектепке дейінгі жас кезеңі баланың психикалық дамуының ең қарқынды және сезімтал кезеңдерінің бірі болып саналады, себебі дәл осы уақытта негізгі танымдық құрылымдар, ойлау операциялары, эмоциялық-ерік саласы және әлеуметтік мінез-құлық нормалары қалыптасады. Ғылыми зерттеулерде бұл кезеңде баланың танымдық белсенділігі жоғары деңгейде болып, қоршаған ортаға деген қызығушылығы ойын әрекеті арқылы көрініс табатыны дәлелденген. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру жүйесінің басты міндеті – баланың табиғи қызығушылығын қолдай отырып, оның шығармашылық және проблемалық ойлау қабілеттерін жүйелі түрде дамытуға бағытталған педагогикалық орта қалыптастыру болып табылады [1].

Қазіргі кезеңде қоғамның цифрлық трансформациясы білім беру саласына жаңа мазмұндық және технологиялық талаптар қойып отыр. Осы тұрғыда жасанды интеллект технологиялары білім беру үдерісін жаңғыртудың маңызды факторы ретінде қарастырылады. Жасанды интеллекттің негізгі ерекшелігі – үлкен көлемдегі деректерді өңдеу, оқыту үдерісін бейімдеу, білім алушылардың әрекеттерін талдау және болжау мүмкіндігі. Мектепке дейінгі білім беру саласында жасанды интеллект технологиялары баланың жас ерекшеліктерін, психологиялық даму деңгейін және жеке қабілеттерін ескере отырып, дамытушы әрі қауіпсіз білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің педагогикалық әлеуеті тұлғаға бағдарланған және іс-әрекеттік тәсілдермен тығыз байланыста жүзеге асады. Интеллектуалды жүйелер баланың оқу әрекетін, ойын барысындағы мінез-құлқын, тапсырмаларды орындау тәсілдерін талдай отырып, оның жеке даму траекториясын қалыптастырады. Бұл тәсіл баланың танымдық мотивациясын арттырып қана қоймай, оның өзіндік белсенділігін, дербестігін және рефлексия элементтерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, жасанды интеллектке негізделген тапсырмалар баланың ойлау икемділігін арттырып, шығармашылық бастамаларын қолдайтын жағдайлар жасайды.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық ойлауы дивергентті сипатқа ие болып, бір мәселені шешудің бірнеше нұсқасын табу қабілетімен ерекшеленеді. Бұл ойлау түрі қиялдың дамуына, символдық әрекеттерге және ойындық модельдеуге негізделеді. Шығармашылық ойлаудың дамуы баланың өзіндік пікірін білдіруіне, жаңа идеялар ұсынуына және стандарттан тыс шешімдер қабылдауына мүмкіндік береді[2].Жасанды интеллектке негізделген интерактивті орталар балаларға виртуалды кеңістікте эксперимент жасауға, түрлі сюжеттерді өзгертуге және өз қиялын жүзеге асыруға жағдай жасайды. Мұндай орта балалардың креативті әлеуетін арттырып, олардың шығармашылық дербестігін сақтауға мүмкіндік береді.

Проблемалық ойлау қабілеті баланың ситуацияны талдау, мәселені анықтау, шешім қабылдау және нәтижені бағалау дағдыларымен сипатталады. Бұл қабілет баланың логикалық ойлауын, себеп-салдарлық байланыстарды түсінуін және болжам жасау икемділігін дамытады. Мектепке дейінгі кезеңде проблемалық ойлау көбінесе тәжірибелік әрекеттер, логикалық ойындар және жағдаяттық тапсырмалар арқылы қалыптасады. Жасанды интеллектке негізделген оқу құралдары балаларды когнитивтік қиындықтарға бағыттап, оларды шешудің әртүрлі стратегияларын қолдануға үйретеді. Нәтижесінде балаларда сыни ойлау элементтері, рефлексия және шешім қабылдау дағдылары біртіндеп қалыптасады.

Жасанды интеллектті мектепке дейінгі білім беру үдерісіне енгізу дидактикалық тұрғыдан оқыту мазмұнын, әдістерін және формаларын қайта қарастыруды талап етеді. Интерактивті қосымшалар, мультимедиалық ресурстар және ойындық платформалар оқу материалын баланың қабылдау ерекшеліктеріне сай ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллектке негізделген мониторинг және бағалау жүйелері балалардың когнитивтік, шығармашылық және проблемалық ойлау қабілеттерінің даму динамикасын ұзақ мерзімді перспективада бақылауға жағдай жасайды. Бұл деректер педагогтарға оқу үдерісін дараландыруға және педагогикалық ықпалды ғылыми негізде жоспарлауға мүмкіндік береді[3].

Жасанды интеллект технологияларын қолдану барысында педагогикалық этика, психологиялық қауіпсіздік және гуманистік қағидаттар сақталуы тиіс. Балалардың цифрлық ортадағы әрекеттерін бақылау, дербес деректердің қорғалуы және технологиялық құралдардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі маңызды талаптардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, жасанды интеллект баланың шығармашылық ойлауын алмастыратын емес, оны ынталандыратын, бағыттайтын құрал ретінде қолданылуы қажет. Бұл тұрғыда педагогтардың кәсіби даярлығы, цифрлық құзыреттілігі және әдістемелік мәдениеті шешуші рөл атқарады.

Болашақта жасанды интеллекттің мектепке дейінгі білім беру саласындағы дамуы адаптивті оқыту жүйелерін жетілдірумен, эмоционалдық интеллект элементтерін ескеретін аналитикалық модельдерді енгізумен және педагогикалық кадрларды даярлаудың инновациялық жүйесін қалыптастырумен байланысты болады. Сонымен қатар, балаларға арналған этикалық, қауіпсіз және дамытушы цифрлық контентті әзірлеу жасанды интеллекттің педагогикалық әлеуетін толық іске асырудың маңызды шарты болып табылады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект технологиялары мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық және проблемалық ойлау қабілеттерін қалыптастыруда кешенді, көпқырлы және ғылыми негізделген педагогикалық құрал ретінде қарастырылады. Ол балалардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, оқу үдерісін бейімдеуге және танымдық белсенділікті арттыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық және әдіснамалық тұрғыдан сауатты ұйымдастырылған жағдайда жасанды интеллект мектепке дейінгі білім беру жүйесінде балалардың зияткерлік, шығармашылық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық маңызы бар факторға айналады. Осыған байланысты мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жасанды интеллект технологияларын енгізу біртіндеп, ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негізделген модель арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бұл модель баланың жас ерекшеліктерін, даму заңдылықтарын және ойын әрекетінің жетекші рөлін ескеруі қажет [4]. Жасанды интеллект құралдары дәстүрлі педагогикалық әдістерді толықтырып, байытатын қосымша ресурс ретінде қолданылған жағдайда ғана өзінің тиімділігін көрсетеді. Баланың тірі қарым-қатынасы, эмоциялық тәжірибесі және әлеуметтік өзара әрекеті кез келген цифрлық технологиядан басым екенін ескеру – маңызды қағидаттардың бірі.

Сонымен қатар, жасанды интеллектке негізделген педагогикалық ортада ата-аналардың рөлі де арта түседі. Ата-аналарға балалардың цифрлық ортадағы әрекеттерінің мақсаты мен мазмұнын түсіндіру, жасанды интеллект құралдарын үй жағдайында саналы әрі шектеулі қолдану жолдарын үйрету қажет. Бұл баланың цифрлық сауаттылығының ерте қалыптасуына, технологияны тұтынушы емес, оны түсінетін және саналы қолданатын тұлға ретінде дамуына ықпал етеді. Педагог–ата-ана–бала арасындағы серіктестік қатынас жасанды интеллектті қолданудың тиімділігін арттыратын маңызды әлеуметтік-педагогикалық шарт болып табылады.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, жасанды интеллектті мектепке дейінгі білім беру саласында қолдану педагогика, психология, нейроғылым және ақпараттық технологиялар тоғысындағы

пәнаралық зерттеулердің дамуын талап етеді. Балалардың шығармашылық және проблемалық ойлау қабілеттерінің қалыптасу механизмдерін терең зерттеу, жасанды интеллект алгоритмдерінің психологиялық негіздерін айқындау және олардың дамытушылық әсерін эмпирикалық тұрғыдан дәлелдеу – алдағы зерттеулердің өзекті бағыттары болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер білім беру технологияларының сапасын арттыруға және оларды ұлттық білім беру жүйесіне бейімдеуге мүмкіндік береді [5].

Практикалық деңгейде жасанды интеллектке негізделген әдістемелік құралдар мен оқу бағдарламаларын әзірлеу, оларды апробациялау және педагогикалық тәжірибеге енгізу маңызды. Мұндай бағдарламалар баланың шығармашылық қиялын, ойлау икемділігін және проблемалық жағдайларды шешу қабілетін жүйелі түрде дамытуға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар, педагогтардың кәсіби дамуына арналған арнайы курстар мен біліктілікті арттыру бағдарламаларында жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері мен оны қолданудың этикалық аспектілері кеңінен қамтылуы қажет[6].

Осылайша, жасанды интеллект технологияларын мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізу – уақыт талабы ғана емес, баланың зияткерлік және тұлғалық әлеуетін дамытуға бағытталған стратегиялық міндет. Ол дұрыс ұйымдастырылған жағдайда балалардың шығармашылық және проблемалық ойлау қабілеттерін тереңдетіп, олардың болашақта өзгермелі әрі күрделі әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуіне берік негіз қалайды. Демек, жасанды интеллект мектепке дейінгі білім беруде баланың табиғи мүмкіндіктерін шектемейтін, керісінше, оларды ашуға және дамытуға қызмет ететін қуатты педагогикалық ресурс ретінде қарастырылуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Бодрунова, Е.В. Развитие творческого мышления у детей дошкольного возраста. – СПб.: Питер, 2015.
2. Кузнецова, Н.Г. Проблемное обучение в дошкольной педагогике. – М.: Академия, 2012.
3. Жақыпов, *А.Т.* Цифрлық педагогика және жасанды интеллекттің мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2021.
4. Сидоренко, Л.И. Интерактивные технологии в дошкольном образовании. – М.: Владос, 2018.
5. Ахметова, Г.Т. Мектепке дейінгі білім беру психологиясы. – Алматы: Рауан, *2019.*
6. Мұхамеджанова, *Ж.* Баланың шығармашылық ойлауын дамыту жолдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.

PAS-ИНФРАСТРУКТУРА В ФИЛИАЛЕ АО «KEGOC» «САРБАЙСКИЕ МЭС» КАК ФОРМИРОВАНИЕ НАДЁЖНОЙ ОСНОВЫ ДЛЯ ЦИФРОВИЗАЦИИ УПРАВЛЕНИЯ И РАСПРЕДЕЛЕНИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГИИ

Грязнова Екатерина Дмитриевна,
Докторант 1 курса ОП 8D07103 – Электроэнергетика
инженер 1 категории СРЗиЭ филиала АО «KEGOC» «Сарбайские МЭС»
Тетерюк Игорь Витальевич,
Докторант 1 курса ОП 8D07101 – Электроэнергетика
инженер 2 категории СРЗиЭ филиала АО «KEGOC» «Сарбайские МЭС»
Кошкин Игорь Владимирович,
к.т.н., заведующий кафедрой электроэнергетики,
Костанайского регионального
университета имени Ахмет Байтұрсынұлы

В статье рассматриваются вопросы построения устойчивой и безопасной системы управления технологическими процессами на магистральных электрических сетях через внедрение PAS-инфраструктуры (Power Automation System). На примере ПС 1150 кВ «Қостанай»

филиала АО «KEGOC» «Сарбайские МЭС» проанализирован переход от традиционных систем вторичной коммутации к распределенным цифровым архитектурам. Описаны ключевые функции SICAM PAS, принципы резервирования и сетевой сегментации. Авторы обосновывают, что внедрение типовых архитектур на базе протокола IEC 61850 является необходимым фундаментом для снижения эксплуатационных затрат и повышения надежности электроснабжения в условиях цифровой трансформации энергетической отрасли.

Введение

Цифровая трансформация магистральных электрических сетей требует создания высокотехнологичной платформы, способной обеспечить не только наблюдаемость, но и гарантированную управляемость в аварийных режимах. В филиале АО «KEGOC» «Сарбайские МЭС» в качестве такой базовой платформы рассматривается PAS-инфраструктура (Power Automation System). Она объединяет телемеханику, мониторинг, событийную фиксацию и человеко-машинный интерфейс (ЧМИ) в единую информационную среду.

Основной целью внедрения АСУ ТП на базе PAS является практический эффект: повышение надежности управления, расширение функциональности за счет микропроцессорной техники и снижение трудозатрат на монтаж и эксплуатацию.

Традиционные подстанции характеризуются избыточной вторичной коммутацией – километрами кабельных связей, множеством промежуточных реле и кросс-шкафов. Переход к распределенным архитектурам с использованием оптоволоконных связей дает измеримые преимущества. Для объектов сверхвысокого напряжения, таких как ПС 1150 кВ «Қостанай», масштабируемость цифровых решений критична: объем сигналов и сложность режимов делают «цену ошибки» во вторичных цепях предельно высокой.

Функциональные возможности SICAM PAS

Система SICAM PAS базируется на промышленных ПК и специализированном ПО, обеспечивая:

1. Визуализацию и архивирование: использование SIMATIC WinCC для построения интуитивного ЧМИ.

2. Точность данных: сбор сигналов с меткой реального времени (разрешение 1 мс), что крайне важно для анализа аварийных процессов.

3. Автоматизацию: реализацию оперативных блокировок и алгоритмов управления через язык CFC (Continuous Function Chart).

4. Интеграцию осциллограмм: автоматическую передачу данных с микропроцессорных защит для централизованного анализа.

Развитее системы мониторинга и управления SICAM представлено на рисунке 1.



Рисунок 1. Информационные возможности SICAM

Для системного оператора ключевым требованием является высокая живучесть системы управления при отказах отдельных компонентов, поэтому в «Сарбайских МЭС» архитектура SICAM PAS реализована на принципах полного резервирования и отказоустойчивости: серверная часть выполнена с дублированием, где два полнофункциональных PAS-сервера

работают в режиме «горячего резерва» на станционной шине, коммуникационная инфраструктура сегментирована на независимые сетевые контуры для ОРУ-500 кВ, ОРУ-220 кВ и ЗРУ-10 кВ, что позволяет локализовать возможные сетевые сбои, а применение стандартизированных протоколов IEC 61850 для внутреннего обмена между интеллектуальными электронными устройствами и IEC 60870-5-104 для связи с диспетчерскими центрами обеспечивает надежное, совместимое и масштабируемое взаимодействие всех уровней управления.

Структура системы на примере ПС «Қостанай» 1150 кВ

Для ПС 1150 кВ «Костанай» филиала АО «KEGOC» «Сарбайские МЭС» система SICAM PAS (Power Automation System) выступает в качестве базовой цифровой платформы, обеспечивающей переход от традиционных схем оперативного управления к комплексной автоматизации подстанции. Внедрение данной системы позволяет централизовать функции мониторинга, управления и анализа аварийных процессов, что особенно важно для объектов сверхвысокого класса напряжения, предъявляющих повышенные требования к надежности и оперативности управления (рисунок 2).



Рисунок 2. Конфигурация и функции SICAM PAS при системе с одним full сервером

Архитектура SICAM PAS на подстанции реализована по трехуровневому принципу с четким функциональным разделением. На станционном уровне функционирует центр управления на базе SICAM SCC с интерфейсом HMI (SIMATIC WinCC), обеспечивающий визуализацию технологических процессов, управление оборудованием и архивирование событий. Серверная часть выполнена с полным резервированием: два сервера SICAM PAS работают в режиме «горячего резерва» на станционной шине, что гарантирует непрерывность управления при отказе одного из узлов. Дополнительно используется инженерная станция, позволяющая выполнять конфигурирование, диагностику и сопровождение системы в режиме онлайн без остановки ее работы.

Коммуникационная инфраструктура среднего уровня построена с учетом требований высокой отказоустойчивости и информационной безопасности. Сеть разделена на независимые сегменты для ОРУ-500 кВ, ОРУ-220 кВ и ЗРУ-10 кВ, что снижает вероятность распространения отказов и упрощает эксплуатацию. Взаимодействие между сегментами и внешними системами осуществляется через межсетевые шлюзы, обеспечивающие контролируемый и защищенный обмен данными. На полевом уровне реализована интеграция микропроцессорных устройств защиты и управления по стандарту IEC 61850, а также поддержка протоколов IEC 60870-5-103 и RS-485 для подключения специализированных измерительных и диагностических датчиков.

Функциональные возможности SICAM PAS существенно повышают эффективность эксплуатации ПС «Костанай». Система обеспечивает высокоточное протоколирование событий с временным разрешением до 1 мс, что позволяет выполнять детальный анализ аварийных

режимов и работы РЗА. Реализованы функции автоматизации оперативных переключений и сложные программные блокировки, минимизирующие влияние человеческого фактора. Централизованная работа с осциллограммами, интеграция с диспетчерскими центрами по протоколу IEC 60870-5-104, а также развитые средства самодиагностики создают основу для повышения надежности, сокращения времени восстановления после аварий и дальнейшей цифровизации магистральных электрических сетей.

Заключение

Внедрение PAS-инфраструктуры в филиале АО «KEGOC» «Сарбайские МЭС» формирует технологический фундамент для полномасштабной цифровизации управления подстанциями. Наличие типовой архитектуры (серверы PAS, сегментация сети, стандарт IEC 61850) позволяет системно масштабировать решения, снижая зависимость от конкретных поставщиков и минимизируя эксплуатационные риски. Таким образом, цифровая платформа на базе PAS становится залогом устойчивого функционирования магистральных сетей в условиях усложнения режимов энергосистемы.

Литература:

1. Обичкин, Р.Ю., Данилов, А.В., Петухов, С.В., Надеин, В.Ф. Применение современных технологий и методов в оптимизации систем электроснабжения // Научное обозрение. Технические науки. 2024. № 4. С. 9-13;

URL: https://science-engineering.ru/ru/article/view?id=1477 (дата обращения: 16.12.2025). DOI: https://doi.org/10.17513/srts.1477

2. Шерешевский, Л.А. Построение автоматизированных систем оперативно-диспетчерского управления на программно-технических средствах фирмы Siemens // Научно-практический семинар “Современные технические и программные средства обеспечения АСУ и АСУ ТП”. Тезисы докладов. – М.: ГАО ВВЦ, 2005 –5(1)

3. Лахов, Ю., Осипов Н., Соловьёв С., Коршаков В. Автоматизированная система управления энергохозяйст вом ЗГПН ООО «КИНЕФ» // Современные технологии автоматизации. – 2015. – № 2.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР ТҰРҒЫСЫНАН ЖЕТІЛДІРУ

Дайрабаев М. С.,
Уразбаев А.А.,
Жилисбаев Н.К.
Халықаралық Туризм және
Мейманджостық университетінің
аға-оқытушылары.
Түркістан қ.

Мақалада дене тәрбиесін жаңа технологиялармен және озат педагогикалық тәжірибемен ұштастырудың маңызы қарастырылады. Цифрлық құралдар, виртуалды және кеңейтілген шындық, онлайн платформалар оқушылардың қозғалыс дағдыларын кезең-кезеңімен меңгеруіне, мотивациясын арттыруға, психофизиологиялық дамуын қолдауға және инклюзивті білім беруге мүмкіндік береді.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде ұйымдастырылған дене тәрбиесі оқушылардың тұлғалық қалыптасуына ықпал етеді.

Кіріспе

Дене тәрбиесі әлеуметтік жүйе әрі қоғамдық құбылыс ретінде қоғамның тарихи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуымен тығыз байланыста қалыптасып, өсіп келе жатқан ұрпақтың дене дамуын, денсаулығын нығайту мен тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ететін

маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қоғамның әрбір даму кезеңінде дене тәрбиесінің мазмұны, мақсат-міндеттері мен ұйымдастыру формалары сол кезеңнің әлеуметтік сұраныстары мен құндылықтарына сәйкес өзгеріп, жетіліп отырады. Осы тұрғыдан алғанда, дене тәрбиесін тек қимыл-қозғалыс әрекеттерінің жиынтығы ретінде емес, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін кешенді әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде қарастыру өзекті болып табылады. Қазіргі қоғам жағдайында дене тәрбиесінің әлеуметтік маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Қазіргі жағдайда дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағымен шектелмей, сабақтан тыс және мектептен тыс жүргізілетін денсаулықты нығайтуға бағытталған кешенді шаралар жүйесін қамтиды. Оған спорттық үйірмелер, секциялар, бұқаралық спорттық іс-шаралар, денсаулық күндері, туристік жорықтар, сауықтыру жаттығулары және өз бетінше орындалатын қозғалыс әрекеттері жатады. Мұндай кешенді көзқарас оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға, олардың қызығушылығы мен ынтасын күшейтуге, сондай-ақ дене тәрбиесін өмір салтының ажырамас бөлігіне айналдыруға мүмкіндік береді[1].

Осылайша, дене тәрбиесі тұлғаның әлеуметтік бейімделуіне және азаматтық ұстанымының қалыптасуына ықпал ететін маңызды құрал ретінде көрінеді. Дене тәрбиесі жүйесін ғылыми тұрғыда ұйымдастыру оның құрылымдық компоненттерін мақсатты, мазмұнды, әдістемелік және нәтижелік бөліктерді өзара үйлесімді байланыстыруды талап етеді. Әсіресе, оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін, денсаулық жағдайын, қозғалыс дайындығының деңгейін және әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін ескеру маңызды. Бұл дене тәрбиесінің тиімділігін арттырып, оның жеке тұлғаға бағытталған сипатын күшейтеді. Сонымен қатар, дене тәрбиесі жүйесі қоғамдағы салауатты өмір салтын қалыптастыру саясатының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Денсаулықты сақтау мен нығайтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларда дене тәрбиесі мен спортқа ерекше мән берілуі оның әлеуметтік маңызын айқын көрсетеді. Өскелең ұрпақтың денсаулығы елдің болашағы екені белгілі, сондықтан дене тәрбиесін дамыту мәселесі стратегиялық маңызға ие болып табылады[2].

Қазіргі білім беру кеңістігінде инклюзивті білім беру қағидаларын жүзеге асыру және оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету өзекті міндеттердің бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, дене тәрбиесі сабақтарын ұйымдастыруда цифрлық шешімдерді пайдалану ерекше маңызға ие. Цифрлық платформалар, бейне-нұсқаулықтар, интерактивті жаттығу бағдарламалары мен қашықтан оқыту құралдары білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, денсаулық жағдайын және қозғалыс мүмкіндіктерін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың дене тәрбиесіне толыққанды қатысуына жағдай жасайды.

Жалпы орта білім беретін мектептердегі оқу бағдарламалары базалық және үлгілік сипатта болғандықтан, оларды әрбір педагог оқушылардың жас, жыныстық, психофизиологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ инклюзивті орта талаптарына сай шығармашылық тұрғыда бейімдей алады. Цифрлық технологиялар арқылы дене жүктемесін даралау, жаттығулардың қарқындылығын реттеу, қимыл-қозғалыс әрекеттерін визуализациялау оқыту тиімділігін арттырады және оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастырады. Дене тәрбиесін жаңа технологиялармен және озат педагогикалық тәжірибемен ұштастыра отырып зерттеу қазіргі заман педагогикасының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағыт дене тәрбиесінің дәстүрлі әдістерін жаңашыл әдістермен толықтыру арқылы оқушылардың қозғалыс дағдыларын тиімді меңгеруін қамтамасыз етуге, олардың психологиялық және физикалық дамуына ықпал етеді. Дәстүрлі дене шынықтыру сабақтары көбіне қимыл-қозғалыс әрекеттерін қайталау мен жаттығулардың стандартталған жүйесі арқылы жүзеге асырылған болса, жаңа технологияларды енгізу оқыту процесін сандық және интерактивтік деңгейге көтереді. Мұнда заманауи цифрлық құралдар, мобильді қосымшалар, виртуалды симуляциялар және арнайы онлайн платформалар белсенді қолданылады[3].

Қимыл-қозғалыс әрекеттерін белгілі бір реттілікпен үйрету педагогикалық тәжірибеде негізгі әдістемелік қағидалардың бірі болып саналады. Бұл процесс оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырады, олардың қозғалыс қимылдарының мәнін саналы түрде түсінуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ әрбір спорт түріне тән дағдыларды жүйелі түрде меңгеруін жеңілдетеді.

Қозғалыс әрекеттерінің дұрыс және реттелген реттілігі оқушылардың моторикасын дамытып қана қоймай, олардың когнитивтік қабілеттерін де жетілдіреді. Мысалы, әрбір жаттығудың кезең-кезеңімен орындалуы ми мен бұлшықет арасындағы үйлестіруді жақсартып, дене реакциясын жылдамдатады[4].

Заманауи педагогикалық технологиялар дене тәрбиесінде оқушылардың қозғалысын сандық тұрғыда бақылауға мүмкіндік береді. Бұл жерде цифрлық ресурстардың рөлі айрықша. Мысалы, видеоанализ, сенсорлық құрылғылар, фитнес-трекерлер және мобильді қосымшалар оқушының қозғалыс техникасын кезең-кезеңімен бақылауға, қателіктерді дер кезінде түзетуге және нәтижелерді нақты өлшеуге мүмкіндік береді. Бұл оқыту процесіне кері байланысты енгізеді: оқушы өз қимылдарын көріп, салыстырып, жетілдіре алады, ал мұғалім немесе жаттықтырушы оның қозғалыс сапасын, қарқынын және техникасын нақты бағалай алады. Сонымен қатар, цифрлық құралдар арқылы жинақталған деректер негізінде оқушының даму динамикасы талданады, бұл болашақ жаттығу бағдарламаларын бейімдеуге және жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді[5].

Дене тәрбиесін зерттеу тек физикалық дамуды қамтамасыз етумен шектелмейді. Бұл үдеріс оқушылардың жалпы тұлғалық дамуына, адамгершілік, әлеуметтік және мәдени құндылықтарды меңгеруіне ықпал етеді. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде дене тәрбиесін ұйымдастыру оқушыларға өз мәдениетін, дәстүрін бағалауды, сонымен қатар халықаралық құндылықтарды түсінуді үйретеді. Мысалы, спорттық іс-шаралар, ұлттық ойындар немесе командалық жарыстар арқылы оқушылар өзара сыйластық, ынтымақтастық және әділдік сияқты моральдық қасиеттерді меңгереді. Бұл тұрғыда дене тәрбиесі тек қана физикалық жаттығулардан тұратын процесс емес, тәрбиелік, әлеуметтік және мәдени мәні бар кешенді педагогикалық жүйе болып табылады.

Цифрлық технологияларды қолдану дене тәрбиесінің оқу-тәрбие процесін белсенді, интерактивтік және мотивациялық етеді. Мысалы, виртуалды шындық (VR) және кеңейтілген шындық (AR) қолдану арқылы оқушылар қозғалыс техникасын визуалды түрде көре алады, қателіктерді бірден түзету мүмкіндігіне ие болады, ал геймификация элементтері оқытуға қызығушылықты арттырады. Сонымен қатар, онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар оқушылардың үйде өз бетімен жаттығуларын орындауына мүмкіндік береді, бұл олардың өздігінен білім алу және өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастырады. Мұндай цифрлық құралдар оқу процесінің индивидуалды қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оқушының дамуына икемделген бағдарламалар құруға мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесі мен жаңа технологияларды интеграциялау оқушылардың оқу мотивациясын арттырады. Қозғалыс әрекеттерін кезең-кезеңімен орындау және деректерді нақты өлшеу олардың жетістіктерін көрнекі түрде бағалауға, өз бетінше талдауға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе спорттық дайындық деңгейін бағалауда маңызды: әрбір қимылдың сапасы, қайталануы және қарқыны сандық тұрғыда бақыланады. Мұғалімнің немесе жаттықтырушының рөлі осы деректерді пайдаланып, жеке түзетулер енгізуге, оқушыға нақты ұсыныстар беруге және мотивациясын қолдауға бағытталады[6].

Дене тәрбиесінде жаңа технологияларды қолдану оқушылардың психофизиологиялық дамуына да оң әсер етеді. Жүйелі қозғалыс әрекеттері мидың жұмысын, көңіл-күйін және эмоциялық тұрақтылығын жақсартады, ал цифрлық құралдар арқылы жүргізілетін кері байланыс психологиялық қауіпсіз ортаны қамтамасыз етеді. Оқушы өзінің жетістіктерін нақты көріп, өзін-өзі бағалауды үйренеді, бұл оның өзін-өзі реттеу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды қолдану әртүрлі қабілеті бар оқушыларға тең мүмкіндік беріп, инклюзивті білім беруге жағдай жасайды.

Дене тәрбиесі мен жаңа педагогикалық технологияларды ұштастыру ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқыту үдерісіне енгізу арқылы қоғамның болашағына ықпал етеді. Оқушылар спорттық іс-шаралар мен дене шынықтыру сабақтарында командалық жұмысты, жауапкершілікті, әділдік пен тәртіпті үйренеді. Бұл құндылықтар олардың тұлғалық қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың көмегімен әрбір оқушының дамуы нақты бақыланып, мотивациясы мен жетістіктері дер кезінде бағаланады, бұл оқыту процесін тиімді әрі әділ етеді[7].

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде дене тәрбиесін жаңа технологиялармен және озат педагогикалық тәжірибемен ұштастыру оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуын үйлесімді қамтамасыз етеді. Қимыл-қозғалыс әрекеттерін кезең-кезеңімен игеру олардың оқуға деген мотивациясын арттырып, қозғалыс техникасын саналы түрде меңгеруге ықпал етеді. Цифрлық ресурстар оқыту процесін интерактивтік, көрнекі және тиімді етеді, кері байланысты жылдам алу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді, жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ескере отырып, дене тәрбиесін ұйымдастыру оқушылардың тұлғалық дамуын жетілдіреді, оларды қоғамға пайдалы, дені сау және рухани жетілген азаматтар ретінде қалыптастырады.Сонымен қатар, дене тәрбиесі сабақтарында дәстүрлі емес оқыту құралдарын, пәнаралық байланыстарды және цифрлық релаксациялық әдістерді қолдану оқушылардың психофизиологиялық мүмкіндіктерін дамытуға, рухани құндылықтарды қалыптастыруға және әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді. Осылайша, дене тәрбиесі сабақтарын ғылыми негізде, инклюзивті қағидаларға сүйене отырып және цифрлық шешімдер арқылы ұйымдастыру оқушылардың дене дайындығын арттырып қана қоймай, олардың психикалық, рухани және әлеуметтік тұрғыда үйлесімді дамуына, сондай-ақ білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Ахметов, Б.Ж., & Сулейменов, Т.К. (2021). *Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты: теория мен тәжірибе*. Алматы: Қазақ ұлттық педагогикалық университеті баспасы.
2. Баймұхамедова, Г.Т. (2020). *Инклюзивті білім беру жағдайында дене тәрбиесін ұйымдастыру ерекшеліктері*. Астана: Білім саласы.
3. Жұмабаев, С.Р. (2019). *Дене тәрбиесі және оқытудағы инновациялық технологиялар*. Алматы: Физикалық мәдениет және спорт журналы, №3, 45-52.
4. Көбеев, Н.А. (2022). *Цифрлық ресурстарды қолдану арқылы оқытудың тиімділігі*. Алматы: Заманауи педагогика, №6, 12-20.
5. Назарбаев, Н.А., & Әбдірашев, Қ.Т. (2021). *Білім беру үдерісінде VR және AR технологияларын қолдану мүмкіндіктері*. Қарағанды: Қарағанды университеті баспасы.
6. Пономарева, Л.И., & Сидоров, А.В. (2020). *Physical education in the context of digital technologies*. European Journal of Physical Education and Sport Science, 6(4), 55-68.
7. Рахметов, Д.Б. (2018). *Дене тәрбиесі сабақтарында геймификация әдістерін қолдану*. Алматы: Физикалық мәдениет және спорт, №2, 34-42.

ВЕРИФИКАЦИЯ РЕШЕНИЙ: ПОЧЕМУ УЧИТЕЛЬ МАТЕМАТИКИ НЕ МОЖЕТ СЛЕПО ДОВЕРЯТЬ НЕЙРОСЕТЯМ

Демисенова Ж.С.,
магистр педагогических наук,
старший преподаватель,
Костанайский региональный университет
имени Ахмет Байтұрсынұлы

В статье рассматривается проблема использования генеративного искусственного интеллекта (ИИ) учителями математики при подготовке к урокам в условиях активной цифровой информации образования в Республике Казахстан. Анализируются причины ошибок в математических решениях, генерируемых нейросетями. Обосновывается необходимость критического подхода педагога к контенту от ИИ и предлагается стратегия безопасной работы, где учителю отводится роль главного верификатора, что соответствует целям повышения качества образования в РК.

Система образования Республики Казахстан проходит этап активной цифровой трансформации. Государственные инициативы, закреплённые в стратегических документах, направленны на внедрение инновационных инструментов в учебный процесс. В «Концепции развития цифровой экосистемы образования РК на 2023-2027 годы» подчеркивается важность использования цифровых решений для повышения качества и доступности образования.[1]

На фоне масштабных государственных проектов по цифровизации образования, таких как внедрение электронных учебников, платформ BilimLand, Kundelik и BilimClass, приход генеративных нейросетей (ChatGPT и аналогов) воспринимается как следующий логический шаг. Для учителей математики перегруженного рутинной работой - от проверки тетрадей до составления разноуровневых заданий для подготовки СОР, СОЧ и ЕНТ, - ИИ выглядит как долгожданный помощник и мощный инструмент оптимизации времени.

Кажется, что мечта сбылась: нейросеть за секунды генерирует варианты заданий, составляет задачи и расписывает решения. Соблазн довериться технологии и сэкономить время огромен. Однако в математическом образовании, где критерии истины бинарен (решение верно или неверно), слепое доверие технологии несет критические риски. Как отмечается в глобальном руководстве ЮНЕСКО по ИИ в образовании, генеративные модели могут создавать контент, который выглядит авторитетно, но содержит фактические ошибки, что требует обязательного участия человека в цикле проверки[2, с. 14].

Ключевая проблема кроется в фундаментальном непонимании природы современных больших языков моделей (LLM). Учителю математики важно осознать: нейросеть типа ChatGPT - это не калькулятор и не система компьютерной алгебры (как WolframAlpha или GeoGebra). LLM- это вероятностные предикаторы текста. Они обучаются на гигантских массивах текстовой информации и их задача - предсказать следующее наиболее вероятное слово (токен) в последовательности. Когда вы просите ИИ решить квадратное уравнение, он не применяет формулу дискриминанта в математическом смысле. Он генерирует текст, который статистически похож на правильное решение подобных уравнений, встреченных им в обучающем выборке. В большинстве стандартных задач эта имитация работает блестяще. Но как только задача требует нестандартного логического перехода или многоступенчатых вычислений, система может дать сбой. Исследователи отмечают, что языковые модели часто демонстрируют уверенность даже тогда, когда их «рассуждения» содержат грубые логические и арифметические ошибки [3]. ИИ не «понимает» математику, он виртуозно подражает процессу её решения.

Опыт применения ИИ позволяет выделить характерные типы ошибок, особенно опасные в школьной практике:

«Уверенная бессмыслица» - наиболее опасный тип. ИИ выдаёт решение, которое внешне выглядит идеально: используются правильные термины, соблюдается структура доказательства. Однако при детальном анализе учитель обнаруживает, что на одном из промежуточных этапов применено несуществующее математическое свойство или сделан нелогический вывод. Такую ошибку трудно заметить при беглом просмотре.

Арифметические сбои в сложных цепочках. Модель может верно расписать ход решения логарифмического неравенства, правильно применив все свойства, но в финальном элементарном действии (например, 5^5) выдать неверный результат.

Генерация некорректных условий. Учитель просит составить задачу на движение для 8 класса. ИИ генерирует условие, которое выглядит правдоподобно. Но при попытке решения выясняется, что дискриминант уравнения отрицательный (в контексте действительных чисел), или скорость объекта получается отрицательной. Нейросеть «забыла» проверить задачу на физическую или математическую корректность.

Внедрение в урок материалов с подобными ошибками имеет деструктивные последствия, особенно в контексте казахстанской системы образования с её высокими ставками, как ЕНТ, а это значит:

Формирование ложных концепций. Учащиеся, особенно с неустойчивыми знаниями, могут принять ошибочную логику ИИ за эталон, что потребует последующего переучивания.

Подрыв авторитета учителя и цифровых инструментов. Если ученики регулярно находят ошибки в материалах, предлагаемых учителем как «инновационные», это вызывает скепсис как к компетентности педагога, так и к самой идее цифровизации.

Потеря учебного времени. Разбор задачи, не имеющей решения из-за ошибки генерации, - это неэффективная трата ресурса урока.

Значит ли это, что учителю математики в РК нужно отказаться от использования ИИ? Категорически нет! Это мощнейший инструмент, но он требует смены профессиональной парадигмы.

В цифровой образовательной среде учитель перестаёт быть единственным источником информации и берет на себя роль высококвалифицированного редактора и верификатора. Казахстанские исследователи в области педагогики подчёркивают, что в условиях цифровизации на первый план выходит не владение инструментом как таковым, а критическое мышление и способность оценивать качество цифрового контента [4].

Стратегия безопасной работы учителя математики с ИИ:

Принцип «Нулевого доверия»: Любое решение, сгенерированное нейросетью, обязательно считается содержащим ошибку, пока учитель лично не доказал обратное.

Правило «Прорешай сам»: Это золотой стандарт. Прежде чем включить сгенерированную задачу в СОР или урок, учитель обязан полностью прорешать её, чтобы убедиться в корректности условия или ответа.

Использование по назначению: ИИ идеален для генерации идей (фабулы текстовых задач, варианты объяснения темы, структуры планов уроков). Но математическое наполнение этих идей - зона исключительной ответственности человека.

Комбинация инструментов: Для проверки сложных вычислений надёжнее использовать специализированные математические пакеты (символьные вычислители), а не языковые модели.

Таким образом, можно сделать заключение, что искусственный интеллект не заменит учителя математики. Но учитель, умеющий эффективно и безопасно использовать ИИ, получит значительное преимущество в современных условиях. Ключевая компетенция педагога в цифровом Казахстане - это не скорость генерации заданий, а способность критически оценивать результат работы машины. Математическая интуиция, строгость мышления и педагогический опыт остаются тем фильтром, который отделяет качественное образование от цифрового шума.

Литература:

1. Концепция развития цифровой экосистемы образования Республики Казахстан на 2023 – 2027 годы. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 28 ноября 2023 года № 1061. [Электронный ресурс] // Информационно-правовая система нормативных правовых актов РК «Әділет». URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300001061 (дата обращения: 24.05.2024).

2. Guidance for generative AI in education and research. (Руководство по генеративному ИИ в образовании и исследованиях). — UNESCO, 2023. [Электронный ресурс] // Цифровая библиотека ЮНЕСКО. URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000386693.

3. Стюарт Рассел: «ИИ не понимает, что говорит». Интервью с профессором Калифорнийского университета в Беркли. [Электронный ресурс] // Forbes Kazakhstan. URL: https://forbes.kz/process/technologies/styuart_rassel_ii_ne_ponimaet_chto_govorit/

4. Мухаметжанова А.О., Жакыпова А.Ж. Развитие цифровой компетентности педагогов в условиях обновления содержания образования Республики Казахстан // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки». — 2020. — №2 (66). [Электронный ресурс] URL: https://kaznpu.kz/kz/2553/notice/

ЦИФРОВОЕ ПРОИЗВОДСТВО НА ОСНОВЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Джаманбалин К.К., *д.ф.-м.н.,*
профессор Костанайский социально-технический
университет имени академика З. Алдамжар

Джаманбалин Б.К., *доктор PhD,*
Костанайский социально-технический
университет имени академика З. Алдамжар

С увеличением экономической активности растет потребление электроэнергии, что требует расширения производственных мощностей. В 2025 году правительство Казахстана предприняло значительные шаги для сбалансированного развития традиционных и возобновляемых источников энергии. Настоящая статья посвящена созданию композиционных материалов на основе Аддитивные технологии, используемых для преобразования энергии светового излучения в электрическую энергию, которые могут быть использовано при создании альтернативных источников энергии.

Введение.

4. «A Systematic Review: The Use of Mobile Language Learning Apps to Improve Vocabulary» / Polakova et al. — JEFLE. — 2024. — Vol. 5(2). — URL: https://jurnal.untan.id/index.php/JEFLE/article/view/82996.
5. «THE IMPACT OF LANGUAGE LEARNING APPS ON ENGLISH PROFICIENCY» / Sevara Mamadiyorova. — European Journal of Emerging Technology and Discoveries. — 2025 (или 2024/2025). — URL: https://europeanscience.org/index.php/1/article/view/868.

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Серікхан Амангүл Серікханқызы
Абай облысы Ақсуат ауданы Қызыл кесік ауылы
Би Боранбай атындағы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
гуманитарлық ғылымдар магистрі

Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті қолдану арқылы оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыру жолдары қарастырылады. «Стоп кадр» әдісі мен ЖИ негізінде жасалған комикс кітапшаларының тиімділігі ғылыми-тәжірибелік тұрғыда талданып, нақты мысалдармен дәлелденеді.

Қазіргі білім беру кеңістігі қоғамның цифрлық дамуымен қатар жаңарып, оқыту үдерісіне жаңа технологиялар мен әдістерді енгізуді талап етуде. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жасанды интеллект құралдары, интерактивті платформалар оқушының білім алу тәжірибесін түбегейлі өзгертті. Әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырумен қатар, ұлттық тіл мен әдеби мұраға деген құрметті қалыптастырудың маңызды тетігіне айналып отыр. Осы тұрғыда цифрлық технологиялармен қатар белсенді оқыту әдістерін, соның ішінде «Стоп кадр» әдісін қолдану – заман талабынан туындаған қажеттілік.

Оқуға қызығушылық – оқушының танымдық белсенділігін айқындайтын негізгі фактор. Қызығушылықсыз білім үстірт меңгеріліп, тез ұмытылады. Ал қызығушылық бар жерде оқушы ізденеді, сұрақ қояды, өз ойын дәлелдеуге ұмтылады. Дәстүрлі оқытуда бұл міндет мұғалімнің шеберлігіне тәуелді болса, қазіргі цифрлық дәуірде оны қолдайтын құралдар қатары кеңейді. Цифрлық білім беру ресурстары, жасанды интеллектке негізделген платформалар, интерактивті тапсырмалар оқушының оқу үдерісіне белсенді қатысуына мүмкіндік беріп, пәнге деген оң мотивация қалыптастырады [1].

Қазақ тілі пәнінде жасанды интеллект құралдарын қолдану тілдік дағдыларды дамытуда ерекше тиімді. Мәтінмен жұмыс, сөйлем құрау, сөз мағынасын ашу, грамматикалық талдау жасау барысында ЖИ оқушыға жедел кері байланыс береді. Мысалы, 5–6 сыныптарда мәтінді мазмұндау кезінде жасанды интеллект негізіндегі құралдар оқушыға жоспар құруға, негізгі ойды анықтауға көмектеседі. Бұл тәсіл оқушының ойын жүйелеуіне, жазылым және айтылым дағдыларын жетілдіруіне ықпал етеді әрі пәнге деген қызығушылығын арттырады .

Грамматиканы меңгертуде цифрлық технологиялардың мүмкіндігі зор. Сөз таптары, сөйлем мүшелері, тыныс белгілері сияқты тақырыптарда интерактивті жаттығулар мен автоматтандырылған тексеру жүйелері оқушының қателігін бірден көрсетіп, түсіндірме береді. Мұндай жедел кері байланыс оқушының өз қатесін түсініп, түзетуіне жағдай жасап, грамматиканы саналы меңгеруіне ықпал етеді [2].

Қазақ әдебиеті сабақтарында цифрлық технологиялар көркем шығарманы қабылдауды жаңа деңгейге көтереді. Аудиокітаптар, бейнематериалдар, цифрлық иллюстрациялар оқушының көркем бейнені елестетуін жеңілдетеді. Әсіресе көлемді немесе тілдік тұрғыдан күрделі шығармаларды оқытуда бұл тәсіл оқушының мәтінге деген қызығушылығын арттырады.

Жасанды интеллект көмегімен мәтінге қатысты сұрақтар құрастыру, кейіпкер бейнесін талдау, оқиға желісін жүйелеу оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытады [3].

Осы тұста «Стоп кадр» әдісінің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы маңызы ерекше. «Стоп кадр» әдісі – бейнематериалды немесе мәтін мазмұнын белгілі бір сәтте тоқтатып, сол сәтке талдау жасауға негізделген белсенді оқыту әдісі. Бұл әдіс оқушыны пассивті тыңдаушыдан белсенді ойланушыға айналдырады. Әдеби шығарманы бейнефильм немесе мультимедиялық нұсқа арқылы көрсетіп, маңызды тұсында «стоп кадр» жасап, кейіпкердің әрекетіне, көңіл күйіне, шешіміне талдау жасау оқушының мәтінді терең түсінуіне мүмкіндік береді.

«Стоп кадр» әдісін қазақ әдебиеті сабақтарында қолданудың бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, ол оқушының назарын шоғырландырады. Көрініс тоқтаған сәтте оқушы «не болды?», «неге бұлай әрекет етті?», «келесі оқиға қалай өрбуі мүмкін?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Екіншіден, бұл әдіс оқушылардың болжам жасау, дәлелдеу, өз пікірін қорғау дағдыларын дамытады. Үшіншіден, көркем мәтінді эмоциялық тұрғыда қабылдауға мүмкіндік береді, бұл әсіресе орта буын оқушылары үшін маңызды.

Қазақ тілі сабақтарында «Стоп кадр» әдісін бейнемәтіндер, диалогтық көріністер, тілдік жағдаяттар арқылы қолдануға болады. Мысалы, диалогтық бейнекөріністі тоқтатып, оқушылардан келесі репликаны болжау, сөйлеу стилін анықтау, тілдік нормаларды талдау сұралады. Бұл тәсіл оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытып, тілдік материалды өмірмен байланыстыра меңгеруіне жағдай жасайды.

Жасанды интеллект пен «Стоп кадр» әдісін ұштастыра қолдану сабақтың тиімділігін арттыра түседі. Мысалы, «стоп кадр» кезінде оқушылардың жауаптарын жинақтап, ЖИ көмегімен негізгі идеяларды жүйелеу, қорытынды пікір қалыптастыруға болады. Бұл оқушылардың ойлау үдерісін құрылымдап, сабақ нәтижесін айқын етеді.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда да бұл әдістердің ықпалы зор. «Стоп кадр» арқылы оқиға дамуын өзгертіп көру, альтернативті шешім ұсыну, кейіпкер атынан монолог жазу сияқты тапсырмалар оқушының қиялын дамытады. Ал жасанды интеллект бұл жұмыстарға құрылымдық көмек көрсетіп, оқушының ойын жүйелеуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар цифрлық технологиялар мен «Стоп кадр» әдісі оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ақпаратты талдау, салыстыру, қорытынды жасау, өз ойын дәлелдеу сияқты дағдылар осы әдістер арқылы дамиды. Бұл дағдылар оқушының тек пәндік емес, өмірлік құзыреттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Дегенмен жасанды интеллект пен цифрлық әдістерді қолдану барысында академиялық адалдық пен тілдік мәдениет мәселесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Оқушылар ЖИ-ді дайын жауап көзі ретінде емес, ойлауға жетелейтін көмекші құрал ретінде қолдануы тиіс. Мұғалім бұл үдерісте бағыттаушы әрі бақылаушы рөл атқарады.

Сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллект арқылы жасалатын комикс кітапшаларын қолдану оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруда ерекше тиімді әдіс болып саналады. Комикс – мәтін мен суреттің бірлігінен тұратын көрнекі форма, ал ЖИ негізіндегі құралдар комикс жасауды мұғалім мен оқушы үшін қолжетімді әрі жеңіл етеді. Әр тақырыпқа сай комикс кітапшасын әзірлеу оқушының мәтінді қабылдауын жеңілдетіп, тілдік және әдеби білімді бейнелі түрде меңгеруіне мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабақтарында грамматикалық тақырыптарға арналған комикс кітапшалары тиімді нәтиже береді. Мысалы, сөз таптары, сөйлем мүшелері, диалог пен монолог тақырыптарын комикс форматында беру арқылы оқушы тілдік жағдаятты нақты көріп, ережені механикалық емес, саналы түрде меңгереді. Жасанды интеллект көмегімен кейіпкерлердің репликаларын құрастыру, сөйлеу үлгілерін жасау оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытады. Бұл тәсіл әсіресе 5–6 сынып оқушылары үшін тиімді, себебі көрнекілік олардың қызығушылығын арттырады.

Қазақ әдебиеті сабақтарында комикс кітапшалары көркем шығарманы қабылдаудың балама әрі тиімді құралы бола алады. Әдеби шығарманың негізгі оқиғаларын, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты комикс түрінде бейнелеу оқушының сюжет желісін жақсы түсінуіне көмектеседі. ЖИ көмегімен жасалған комикстерде кейіпкер мінезін, эмоциясын визуалды көрсету мүмкіндігі бар, бұл оқушының мәтінді эмоциялық тұрғыда қабылдауын күшейтеді.

Әсіресе көлемді шығармаларды оқытуда комикс кітапшасы кіріспе немесе бекіту кезеңінде тиімді қолданылады .

Комикс кітапшаларын «Стоп кадр» әдісімен ұштастыру да жоғары нәтиже береді. Комикстегі белгілі бір кадрды тоқтатып, оқушылардан кейіпкердің әрекетіне баға беру, келесі оқиғаны болжау, диалогты жалғастыру сұралады. Бұл тәсіл оқушылардың сыни ойлауын, болжам жасау және дәлелдеу дағдыларын дамытады. Сонымен қатар ЖИ көмегімен оқушы жауаптарын жүйелеп, ортақ қорытынды жасауға мүмкіндік туады.

Жасанды интеллект арқылы жасалған комикс кітапшалары оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда да маңызды рөл атқарады. Оқушылар өздері комикс сценарийін құрастырып, кейіпкерлердің сөзін, әрекетін ойластырады. Бұл жұмыс түрі оқушыны белсенді авторға айналдырып, жазылым мен айтылым дағдыларын дамытады. Сонымен қатар комикс жасау барысында оқушылар цифрлық сауаттылықты, эстетикалық талғамды меңгереді.

Осылайша, жасанды интеллект, «Стоп кадр» әдісі және комикс кітапшаларын кешенді қолдану қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарының мазмұнын байытып, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Бұл тәсілдер оқушыны мәтінді пассивті қабылдаушы емес, оны талдайтын, бейнелейтін және қайта құрастыратын тұлға ретінде қалыптастырады. Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, «Стоп кадр» әдісі және комикс кітапшаларын кешенді қолдану оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолы болып табылады. Бұл тәсілдер оқушының танымдық белсенділігін күшейтіп, тілдік және әдеби білімді саналы меңгеруіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқыту мен заманауи технологиялардың үйлесімі ғана ұлттық құндылықтарға негізделген, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020.

2. Әбдіғалиева Г.Қ. Цифрлық педагогика негіздері. – Алматы, 2021.

3. Нұрғали Р. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 2019.

ҚАЗАҚСТАНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ЛОГИСТИКАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Смагулов А.М.
э.ғ.к, доцент,
Баимбетова А.А.,
э.ғ.к., «Менеджмент» кафедрасының доценті,
Әл-Фараби атындағы ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан,
Шейх А.
PHD докторы Ювяскиля Университеті,
Хельсинки, Финляндия

Мақалада жаңа экономикалық жағдайлар аясында Қазақстандағы азық-түлік логистикасын цифрландырудың негізгі бағыттары қарастырылады. Цифрлық технологияларды енгізудің жеткізу тізбектерінің тиімділігіне, қорларды басқаруға, тасымалдау үдерістеріне және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпалы талданады. Агроөнеркәсіп кешенінде ақпараттық платформалар, өнімнің қадағалану жүйелері және цифрлық логистикалық шешімдерді қолданудың маңызына ерекше назар аударылады. Цифрландыру ұлттық азық-түлік логистикасы жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын арттырудың маңызды факторы ретінде негізделеді.

Кіріспе

Жаһандық экономиканың құбылмалылығы, геосаяси өзгерістер және нарықтық тұрақсыздық жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету көптеген мемлекеттер үшін стратегиялық басымдыққа айналды. Осы үдерісте азық-түлік логистикасының тиімділігі өндірістен бастап түпкі тұтынушыға дейінгі барлық кезеңдерде шешуші рөл атқарады. Қазақстан үшін агроөнеркәсіп кешенінің кең аумаққа таралуы, инфрақұрылымдық алшақтық және маусымдық факторлар логистикалық жүйелерді жетілдіру қажеттілігін күшейтеді. Жаңа экономикалық жағдайларда цифрлық технологияларды енгізу азық-түлік логистикасын жаңғыртудың негізгі тетігі ретінде қарастырылады. Ақпараттық жүйелер, цифрлық платформалар, деректерді өңдеу және өнімнің қадағалану құралдары жеткізу тізбектерінің ашықтығын арттырып, шығындарды азайтуға және басқарушылық шешімдердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрландыру логистикалық тәуекелдерді төмендетіп, ішкі нарықтың тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Осыған байланысты аталған зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы азық-түлік логистикасын цифрландырудың қазіргі үрдістерін талдау, оның экономикалық тиімділігін бағалау және жаңа экономикалық жағдайлар аясында дамыту бағыттарын негіздеу болып табылады.

Әдебиетке шолу Заманауи экономикалық жағдайда логистикалық жүйелерді цифрландыру мәселелері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылуда. Атап айтқанда, Елешева Ж., Изтелеуова М., Жанбиров Ж., Тайсаринова А., Гармаш О., Умирзакова Д. және Бисиркина П. еңбектерінде көлік логистикасын цифрландыруға қатысты заманауи үрдістерге бағытталған зерттеулер жүргізілген. Сонымен қатар Есполов Т.Е., Куватов Р.Ю., Керимова У.К және басқа да зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде Қазақстанның аграрлық саясатының қалыптасу негіздері, агроөнеркәсіп секторының даму тұжырымдамалары мен механизмдері, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы кластерлік тәсілдерді дамыту мәселелері жан-жақты талданған. Азық-түлік логистикасы мәселелерінің маңыздылығы шетелдік ғалымдардың еңбектерінде де кеңінен көрініс тапқан. Maria Stella Righettini, Elisa Bordin, Dg. Джунаида Аванг Джамбол, Мохамад Ихрам Мохамад Ридзуан, Maxwell D., Caldwell R., Langworthy M. сынды зерттеушілер азық-түлік логистикасын жетілдірудің теориялық және практикалық аспектілерін қарастырып, оның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлін атап өтеді [2]. 2025 жылы малайзиялық ғалымдар Dg. Джунаида Аванг Джамбол мен Мохамад Ихрам Мохамад Ридзуан International Journal of Research and Innovation in Social Science (IJRISS) журналында «Азық-түлік қауіпсіздігін зерттеудегі жаһандық үрдістер: библиометриялық талдау» атты ғылыми мақаласын жариялады. Аталған зерттеу Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелген 506 ғылыми жарияланымға кешенді библиометриялық талдау жүргізуге негізделген. Қазақстан үшін азық-түлік қауіпсіздігі дәстүрлі түрде ұлттық қауіпсіздік жүйесінің негізгі әрі стратегиялық маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Осыған байланысты аграрлық азық-түлік саясатының басым бағыттары да ең алдымен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерімен айқындалады. Бұл тұрғыда мемлекет алдында агроөнеркәсіп кешенінің халықаралық еңбек бөлінісіне терең ықпалдасуы арқылы әлемдік аграрлық нарыққа бейімделу немесе ұтымды аграрлық протекционизм қағидаттарына негізделген ұлттық модельді қалыптастыру секілді баламалы бағыттарды таңдау мәселесі туындайды. Мұндай стратегиялық шешімдерді қабылдау елдің экономикалық әлеуетіне, жаһандық экономикалық жүйедегі орнына, ұлттық агроазық-түлік саясатының ерекшеліктеріне және, түптеп келгенде, агроөнеркәсіп кешенін, әсіресе оның жетекші саласы болып табылатын ауыл шаруашылығын дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясына тәуелді.

Зерттеу барысында сондай-ақ бірқатар негізгі көрсеткіштерге талдау жасалды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының ресми деректері, елдің жаһандық инновациялық кеңістіктегі орнын сипаттайтын Жаһандық инновациялық индекс мониторингінің есептері пайдаланылды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының 2023–2024 жылдардағы инновациялық қызмет көрсеткіштеріне кешенді бағалау жүргізілді. Мақаланы әзірлеу барысында жалпы ғылыми талдау әдістерімен қатар салыстырмалы экономикалық талдау, жүйелік тәсіл және сараптамалық бағалау әдістері кеңінен қолданылды. Азық-түлік қауіпсіздігінің негізгі критерийлері астықты тасымалдау қорының

көлемі және жан басына шаққандағы оны өндіру деңгейі болды [18]. Кейінгі жылдары елдің азық-түлік қауіпсіздігі критерийлері едәуір өсті: ірі астық өндіруші елдердегі астық тасымал- дау қоры – кем дегенде 20 миллион тонна; өз өндірісінің қажетті өнімдерінің жалпы көлемінің кемінде 80%; халықтың калориялығы 3000 ккал / адамнан кем емес тамақ өнімдерін бір күнде тұтынуы; елдің барлық тұрғындарының жалпы тұтынуының 20% деңгейінде тамақ өнімдерінің азық-түлік қорларын құру. Астық өндірісі, ресурстары мен тұтынуы, сондай-ақ астық нарығының жағдайы жалпы әлемдегі және әр елдегі азық-түлік қауіпсіздігінің негізгі көрсеткіштері ретінде алынады. Әлемдік ауқымда азық-түлік мәселесін шешудің стратегиялық және тактикалық тәсілдерін әзірлейтін халықаралық қауіпсіздік жөніндегі ФАО комитеті әлемдегі азық- түлік қауіпсіздігі деңгейін сипаттау үшін әлемдік астық қорының әлемдік тұтынуға қатынасын білдіретін индикаторды қолданады. Тасымалдау қорларының деңгейі қауіпсіз, бұл әлемдік астықты тұтынудың 60 күніне сәйкес келеді (жалпы тұтынудың шамамен 17%-ы), сондай-ақ жан басына шаққандағы астық өндірісі, оның динамикасы ауыл шаруашылығының даму тенденциясын көрсетеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Қазақстан Республикасының азық-түлік және дәрі-дәрмек қауіп- сіздігі жөніндегі кеңесті құру ұсынылады (1-сурет). Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, соңғы онжылдықта бөлшек сауда құрылымындағы электрондық коммерцияның үлесі қарқынды өсті: 2022 жылғы 0,8%-дан 2024 жылы 14,1%-ға дейін өсті. 2024 жылы бөлшек электрондық коммерция нарығының көлемі 3,2 триллион теңгеге жетті, оның 2,7 триллион теңгесі (84,9%) базарлардан, 476,5 миллиард теңгесі (15,1%) өз интернет-ресурстары арқылы өнімді сататын бөлшек сауда кәсіпорындарынан түскен. 1. Көліктік логистиканы басқарудың интеллектуалды жүйелері. Жасанды интеллект алгоритмдеріне негізделген цифрлық платформаларды біріктіру жол қозғалысы жағдайының динамикасын, ауа райы жағдайын және инфрақұрылымдық жүктемені ескере отырып, көлік бағыттары мен кестелерін оңтайландыруды қамтамасыз етеді. Бұл тасымалдау уақытын қысқартуға, отын шығынын азайтуға және қоршаған ортаға әсерді азайтуға көмектеседі 2. Интернет заттары (IoT) технологияларын қолдану Датчиктерді және IoT құрылғыларын пайдалану көліктердің орналасқан жері мен жай-күйін, сондай-ақ жүктерді тасымалдау және сақтау шарттарын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Бұл логистикалық операциялардың ашықтығын қамтамасыз етеді, шығындарды азайтуға көмектеседі және жеткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде қауіпсіздік деңгейін арттырады.

Бұлтты шешімдер және сандық қорларды басқару платформалары

Бұлтты ақпараттық жүйелерді енгізу сұранысты дәлірек болжауға, түгендеу процес- терін автоматтандыруға және өнімді сақтауға байланысты шығындарды азайтуға ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, тапшылық ықтималдығын азайтады және логистикалық инфрақұрылымды неғұрлым тұрақты басқаруға ықпал етеді. (Сурет 1)

1 сурет. Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін басқару механизмі
Ескерту: [3] мәліметтер негізінде құрастырған.

Қорытынды

«Азық-түлік қауіпсіздігі» ұғымы экономикалық санат ретінде әлемдік және ұлттық деңгейлерде оны қамтамасыз етудің негізгі факторларын айқындауға, сондай-ақ ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі моделіндегі астық нарығының маңызын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл салалық дағдарыстардың туындау себептері мен олардың әлеуметтік-экономикалық салдарын анықтауға негіз болады. Отандық астық өнімдері кешенінің тұрақты дамуына салаішілік тиімді өзара іс-қимылды күшейту арқылы қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ.-Ж. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ-ның Азық-түлік жүйелері жөніндегі саммитте сөйлеген сөзі. – [Электронды ресурс] - URL:https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-prezidenti-kasym-zhomart-tokaevtyn-buu-nyn-azyk-tulik-zhuyeleri-zhonindegi-sammitte-soylegen-sozi-2481020 (қаралған күні: 05.12.2024)

2. Masters W. A., Finaret A. B., Block S. A. The economics of malnutrition: Dietary transition and food system transformation //Handbook of agricultural economics. – 2022. – Т. 6. – С. 4997-5083.

3. Байдалинова А.С. Продовольственная безопасность в системе экономической безопасности Казахстана: сущность, оценка и современные тенденции развития [Текст]: дис. …д-ра филос. PhD: 6D050600 – «Экономи- ка» / А.С. Байдалина. – Нур-Султан, 2020. – 165 с.

4. Дуламбаева Р., Жунусова А. Оценка продовольственной безопасности Казахстана по компонентам доступности // Государственное управление и государственная служба. – 2024. –

№ 1 (88). – С. 175–192. DOI: https://doi.org/10.52123/1994-2370-2024-1176.

5. Елешева Ж., Изтелеуова М., Жанбиров Ж. Инновации в транспортной логистике и цифровые технологии // Вестник КазАТК. – 2024. – № 132(3). – С. 120–128. DOI: 10.52167/1609-1817-2024- 132-3-120-128.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Сулейменова Карлыгаш Дулатовна
Ақмола облысы Степногорск қаласы
Қаныш Сәтпаев атындағы №9 ЖОББМ,
бастауыш сынып мұғалімі,
педагогикалық ғылымдарының магистрі, педагог- шебер
Жусупова Жазира Дулатовна
Ақмола облысы Сандықтау ауданы Балкашин ауылының
№1 ЖОББМ, бастауыш сынып мұғалімі.

Бұл мақалада білім беру процесінде жасанды интеллект (ЖИ) пен цифрлық технологияларды қолданудың маңызы талқыланады. Жасанды интеллект білім беру жүйесін тиімді, жекелендірілген және қолжетімді етуге ықпал етеді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар арқылы оқыту үдерісін автоматтандыру, оқу материалдарын визуализациялау және оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту мүмкіндіктері қарастырылады.

Қазіргі заманда технологиялардың жылдам дамуы білім беру саласында да өзгерістер алып келуде. Әсіресе, жасанды интеллект (ЖИ) сияқты заманауи технологиялардың білім беру жүйесіне енгізілуі оқу процесін жаңа деңгейге көтеруде. Бастауыш мектепте ЖИ элементтерін қолдану балалардың білім алуына түрлі мүмкіндіктер туғызып, оқыту тәсілдерін жетілдіруге ықпал етеді. Бұл мақалада бастауыш мектепте жасанды интеллекттің мүмкіндіктері, оның білім беру процесіндегі рөлі және оның оқушылар үшін пайдасы туралы сөз болады.

Жасанды интеллект дегеніміз не?

Жасанды интеллект — адам миының жұмысына ұқсас әрекеттерді орындай алатын машиналар мен бағдарламалық жүйелердің жиынтығы. Ол деректерді өңдеу, үйрену, шешім қабылдау, тілдерді тану және бейне/дыбыстық ақпаратты өңдеу сияқты тапсырмаларды орындай алады. Жасанды интеллект жүйелері көптеген салаларда қолданылып келеді, оның ішінде білім беру саласы да бар. Бастауыш мектептерде ЖИ құралдарын қолдану арқылы балаларға заманауи технологияларды меңгертуге, ойлау қабілеттерін дамытуға және олардың қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік беріледі

Бастауыш мектепте ЖИ элементтерін қолданудың артықшылықтары

1. **Жекеленген оқыту мүмкіндіктері:** Әрбір оқушының қабілеті әртүрлі, сондықтан ЖИ жүйелері әр бала үшін жеке оқу жоспарын құруға мүмкіндік береді. Бұл құралдар балалардың оқу жылдамдығын, қызығушылықтарын және деңгейін ескере отырып, тапсырмаларды бейімдей алады. Нәтижесінде әр оқушы өз деңгейінде білім алады.

2. **Шығармашылық қабілеттерді дамыту:** ЖИ негізінде жұмыс істейтін құралдар балалардың шығармашылық ойлауын дамытуға көмектеседі. Мысалы, балалар виртуалды әлемде жаңа дүниелер жасап, шығармашылық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде балалардың инновациялық ойлауын арттырады.

3. **Ойын түріндегі оқыту:** Жасанды интеллект ойындар арқылы білім беру үрдісін қызықты әрі интерактивті етеді. Оқу ойындары арқылы балалар білімдерін тексеріп, жаңа ақпаратты ойын түрінде игереді. Бұл әдіс оқушыларды ынталандырып, білімге деген қызығушылығын арттырады.

4. **Тіл үйрену және коммуникация:** Жасанды интеллект балаларға тіл үйрету процесін жеңілдетеді. Мысалы, ЖИ жүйелері балалардың сөздерді дұрыс айтуын бақылап, оларға нақты түзетулер мен кеңестер бере алады. Бұл оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

5. **Проблемаларды шешу дағдыларын дамыту:** ЖИ оқушыларға математикалық тапсырмаларды шешуде, логикалық мәселелерді талқылауда көмек көрсете алады. Мысалы, балалар ЖИ жүйелері арқылы тапсырмаларды шешу жолдарын іздеуді үйреніп, өздерінің аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

Бастауыш мектепте ЖИ қолданылатын құралдар мен әдістер

1. Интерактивті оқулықтар мен қосымшалар: Жасанды интеллект негізінде жасалған

оқулықтар мен мобильді қосымшалар балаларға оқу материалын қызықты әрі түсінікті етіп жеткізуге көмектеседі. Бұл құралдар оқушылардың оқу үлгерімін талдап, қажетті мәліметтер мен тапсырмаларды ұсына алады.

2. Мәтінді өңдеу және жазу құралдары: Жасанды интеллект мәтіндер мен жазбаларды өңдеу үшін де қолданылуы мүмкін. Балалар өздерінің жазбаларын тексеру және түзету үшін автоматтандырылған жүйелерді пайдалана алады. Бұл олардың грамматикалық және стилистикалық дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

3. Оқу платформалары мен тестілеу жүйелері: ЖИ қолданылатын онлайн платформалар мен тестілеу жүйелері оқушылардың білімін бағалауға және олардың даму деңгейін бақылауға мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер әр оқушының күшті және әлсіз жақтарын анықтап, оқу процесін жекелендіруге көмектеседі.

Жасанды интеллекттің білім берудегі рөлі

Жасанды интеллекттің басты артықшылығы — оның білім беру процесін тиімді әрі жекеленген етіп өзгертуі. Оқушылар тек білімді ғана емес, сонымен бірге өздеріне қажетті дағдыларды да меңгереді. ЖИ жүйелері арқылы балалардың сыни ойлау, проблемаларды шешу, шығармашылық қабілеттері дамиды.

Сонымен қатар, жасанды интеллект мұғалімдерге оқу процесін бақылауға және оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес әдістерді қолдануға мүмкіндік береді.

Педагогикалық пайдасы:

1. Оқушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын дамыту.
2. Математикалық тақырыптарды терең түсінуге көмектесу.
3. Мұғалімнің уақытын үнемдеу және сабақтың тиімділігін арттыру.

Жасанды интеллект технологиялары оқушылардың үлгерімін бақылап, олардың әлсіз және күшті тұстарын анықтауға көмектеседі. Бұл деректер негізінде әр оқушыға жеке оқу траекториясы жасалып, білім беру үрдісі барынша тиімді ұйымдастырылады.Оқушылар өз қарқынымен білім алады, ал мұғалімдер нақты мәселелерге назар аудара отырып, оқыту сапасын арттырады.Өз тәжірибемде мен ЖИ мен цифрлық технологиялардың білім сапасын жақсартудағы әлеуетін жиі байқаймын. Мысалы, интерактивті оқыту құралдары, виртуалды зертханалар, сандық білім беру платформалары сабақтың мазмұнын қызықты әрі қолжетімді етеді. Оқушылар теориялық материалдарды тәжірибемен ұштастырып, өз дағдыларын шыңдай алады.Сонымен қатар, ЖИ мен цифрлық технологиялар оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Олар ақпаратты талдау, сұрыптау, қажет деректерді табу дағдыларын меңгереді.Мұндай дағдылар қазіргі заманғы еңбек нарығында аса жоғары бағаланады.Әрине, жаңа технологияларды енгізу барысында мұғалімдердің дайындық деңгейі, техникалық инфрақұрылымның жеткіліктілігі және деректер қауіпсіздігі сияқты мәселелер туындайды. Дегенмен, бұл мәселелерді шешу – білім беру жүйесін дамытудағы маңызды қадам.ЖИ мен цифрлық технологиялар білім беру саласының келешегін айқындайтын негізгі факторлар болып табылады. Оларды тиімді пайдалану арқылы біз оқушыларға сапалы білім беріп қана қоймай, олардың болашақта бәсекеге қабілетті маман болуына жағдай жасаймыз. Менің басты мақсатым – ЖИ құралдарын тиімді қолдану арқылы әрбір оқушының қабілетін ашу және олардың білімге деген қызығушылығын арттыру.

Жасанды интеллекттің негізгі ерекшеліктері:

· Үлкен көлемдегі деректерді талдау;
· Оқыту процесін автоматтандыру;
· Жеке оқу траекториясын құру;
· Оқу үлгерімін болжау және мониторинг жүргізу.

Мысалы, адаптивті оқыту жүйелері әр оқушының үлгерімін бақылап, оның әлсіз тұстарын анықтап, сәйкес тапсырмалар ұсынады.

Цифрлық технологиялар ұғымы

Цифрлық технологиялар – ақпаратты өңдеуге, сақтауға және таратуға мүмкіндік беретін технологиялар кешені. Олар электрондық құрылғылар, виртуалды шынайылық (VR), толықтырылған шынайылық (AR), деректерді талдау платформалары, интерактивті оқыту құралдары арқылы қолданылады[2].

Цифрлық технологиялардың негізгі артықшылықтары:

· Ақпаратқа жылдам қол жеткізу;

· Оқыту материалдарының қолжетімділігі;

· Оқу процесін визуализациялау;

· Қашықтан оқыту мүмкіндіктері.

· Математика мен жаратылыстану ғылымдары үшін GeoGebra, Wolfram Alpha қолдану. Бағалау үшін автоматтандырылған тестілеу жүйелерін қолдану.Жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар білім беру үдерісін тек жеңілдетіп қана қоймай, оны сапалы әрі нәтижелі етеді. Оқытуда технологияларды тиімді пайдалану – қазіргі заманғы мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі.ЖИ мен цифрлық технологиялар білім беруді жаңа деңгейге көтеріп, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және олардың жеке қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Бұл технологиялар білім берудің ашықтығын, қолжетімділігін қамтамасыз етіп, болашақ мамандарды дайындауда маңызды рөл атқарады.

Жасанды интеллекттің білім беру процесіндегі рөлі

Оқыту процесін жекелендіру ЖИ оқушылардың қабілеттерін, әлсіз тұстарын анықтап, әр оқушыға жеке оқу жоспарын құруға көмектеседі[3].Үлгерімді бағалау және мониторинг ЖИ технологиялары оқу үлгерімін қадағалап, нақты уақыт режимінде бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Бастауыш мектепте жасанды интеллект элементтерін қолдану — бұл білім беру сапасын арттыруға, оқушылардың қабілеттерін дамытуға және олардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін маңызды құрал. ЖИ жүйелері балаларға тек дәстүрлі пәндерден ғана емес, сонымен қатар заманауи технологияларды меңгеру дағдыларын да үйретеді.

Дегенмен, ЖИ құралдарын тиімді пайдалану үшін мұғалімдер арнайы дайындықтан өтуі керек және оқу процесінде оларды дұрыс интеграциялау маңызды. Бастауыш мектептегі ЖИ элементтері болашақта білім беру саласындағы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Жасанды интеллект (ЖИ) пен цифрлық технологиялар білім беру саласына тың серпін берді. Олар оқыту үдерісін жекелендіруге, оқуматериалдарын қолжетімді етуге және мұғалімдердің жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, оқушылардың қабілеттерін дербес бағалау, әлсіз тұстарын анықтау және жеке оқу траекторияларын құру арқылы білім беру сапасын жақсартуға жол ашты.Өз тәжірибемде мен ЖИ технологияларын тиімді қолдануға тырысамын. Әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың білімге деген қызығушылығын арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту – менің басты мақсатым.Болашақта ЖИ мен цифрлық технологиялар білім беруді жаңа деңгейге көтеріп, оқушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруға, білім сапасын халықаралық стандарттарға сай арттыруға және оқу процесін барынша икемді әрі қызықты етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Smith, J. (2020). "Artificial Intelligence in Education". — New York: Academic Press.

2. Brown, T. (2019). "Digital Transformation in Education". — London: EducationTech.

3. OECD. (2021). "AI and Digital Learning: Challenges and Opportunities". — Paris: OECD Publishing.

4. Johnson, L. (2022). "Virtual Reality in Modern Education". — Washington: EduWorld.

5. Назарбаев, Н.Ә. (2012). «Тарих толқынында». — Алматы: Атамұра.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Султанбекова Ж.Х.

педагогика ғылымының магистрі,

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы

Қостанай өңірлік университеті

Бастауыш мектеп жаратылыстану пәнің оқыту – оқушылардың қоршаған орта туралы ғылыми түсініктерінің негізін қалыптастытарын маңызды ғылым. Табиғи құбылыстарды тану, бақылау, салыстыру, себеп – салдарлық байланыстарды анықтау сияқты әрекеттер баланың логикалық ойлауын, зерттеушілік қабілетін, талдау жасау дағдыларын дамытуда шешуші рөл атқарады. Цифрлық ресурстар (мультимедия, бейнематериалдар, виртуалды макеттер және т.б) балаға қоршаған ортаға жақын болуға, анық көріп түсінуге мүмкіндік береді. Бұл құралдар күрделі құбылыстарды жеңіл түрде түсінуге мүмкіндік бере отыра, оқушының сабаққа деген қызығушылығын, танымдық білімін дамытуға үлес қосады. Қазіргі уақытта баланың зейінің ұстап тұру қиын екенің білеміз. Осы жағдайға орай, оқыту үрдісінде көрнекіліктерді, цифрлық ресурстарды қолданатын болсақ, оқушының зейнімен қоса, баланың өздік жұмыс жасауын бақылауға болады. Сол себепті, бүгінгі уақытта цифрлық ресурстарды қолдану білім беру жүйесінде үлкен рөл атқарып, ерекше маңызы ие болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сыныптарда жаратылыстану пәнін оқытудың рөлі ерекше мәнге ие. Бұл кезеңде оқушылардың ізденімпаздық, шығармашылық қабілеті, ойлау және қиял мүмкіндіктері қарқынды дамиды. Сондықтан жаратылыстану пәнінде қолданылатын қызықты тапсырмалар, тәжірибелік зерттеулер, тәжірибелер мен сюжетке құрылған ойындар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға зор ықпал етеді.

Бастауыш буында жаратылыстануды меңгеру арқылы балалар қоршаған ортаны, табиғат құбылыстарын, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігін, ауа райы, су және топырақ сияқты табиғи элементтердің өзара байланысын, сондай-ақ әлемнің кеңістік құрылымын және аспан денелерін алғаш рет ғылыми тұрғыдан түсінуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, мұндай пән оқушыларға қарапайым зерттеу жұмыстарын өз бетімен орындауға, бақылаулар жүргізуге, нәтижелерді салыстыруға және қорытындылар жасауға үйретеді.

Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану оқу үдерісін одан әрі қызықты, көрнекі және нәтижелі етеді, өйткені олар оқушыларға күрделі тақырыптарды жеңіл қабылдауға және материалды жақсы меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы, интерактивті презентациялар, виртуалды тәжірибелер, бейнебаяндар және арнайы бағдарламалық құралдар арқылы балалар сабақтағы ақпаратты тек қабылдаумен шектелмей, оны талдап, салыстырып, қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Мұндай ресурстар логикалық ойлау қабілетін жетілдіріп, есте сақтауды күшейтеді, сонымен қатар шығармашылық қиял мен зерттеушілік әрекеттерді дамытуға ықпал етеді. Оқушылар цифрлық құралдарды пайдалану арқылы материалды тәжірибелік тұрғыда зерттеп, бақылау жасауға, ақпарат жинауға және оны өңдеуге, алынған мәліметтерді ұсынуға, нәтижелерді сараптауға және өз түсініктерін дәлелді түрде қорытындылауға үйренеді. Осылайша, цифрлық ресурстар бастауыш сыныпта жаратылыстану пәнін оқытудың тиімділігін арттыруға, оқушылардың пәнге деген ынтасы мен танымдық белсенділігін көтеруге, олардың ғылыми зерттеу дағдылары мен өздік білім алу қабілеттерін кешенді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Жаратылыстану» пәнінің басты мақсаты – бастауыш сынып оқушыларын болашақта жоғары сыныптарда оқытылатын жаратылыстану ғылымдарына жүйелі түрде дайындау болып табылады. Бұл пән балаларға қоршаған ортаны, табиғат құбылыстарын, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігін, ауа райы, су, топырақ сияқты табиғи элементтердің өзара байланысын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаратылыстану пәні оқушыларды күнделікті өмірде кездесетін табиғи құбылыстар мен үдерістерді бақылауға, олардан қорытынды жасауға үйретеді.

Пәннің тағы бір маңызды міндеті – оқушыларға алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдануға дағдыландыру. Мысалы, су айналымы, ауа райы өзгерістері немесе өсімдіктердің өсу үрдісі сияқты тақырыптарды меңгеру арқылы балалар өздерінің қоршаған ортасын түсініп, күнделікті өмірде кездесетін жағдайларды ғылыми тұрғыдан бағалай алады. Сонымен қатар, жаратылыстану пәні оқушылардың зерттеушілік дағдыларын, логикалық ойлау қабілетін және тәжірибелік әрекеттер арқылы білім алуын дамытады.Осы бағытта берілетін білім оқушының қоршаған орта туралы дүниетанымын кеңейтіп, табиғатты танып-білуге қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, табиғатты қорғау, оны аялау, бағалай білу сияқты экологиялық

мәдениеттің қалыптасуына оң әсер етеді.

Бастауыш сыныптарда жаратылыстану пәнін оқытудың психолого-педагогикалық негізі оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, олардың ойлау қабілеті, зейінінің тұрақтылығы мен есте сақтау деңгейін бақылауды қамтиды. Бұл кезеңде балалардың танымдық қабілеттері әлі толық қалыптаспағандықтан, сабақ барысында көрнекі, проблемалық және зерттеушілік әдістерді қолдану аса маңызды болып табылады. Көрнекілік арқылы балалар абстрактілі ұғымдарды нақты бейнелер мен заттар арқылы тез қабылдайды, проблемалық әдіс оларға өздігінен сұрақтар қоюға, ойлануға және шығармашылық тұрғыдан шешім қабылдауға мүмкіндік береді, ал зерттеушілік әдіс қарапайым тәжірибелер жасау, бақылау жүргізу, деректерді салыстыру және қорытынды шығару дағдыларын қалыптастырады. Осы әдістердің үйлесімді қолданылуы арқылы оқушыларда бастапқы табиғи ғылымдық түсініктер, зерттеу әрекеттеріне деген қызығушылық, логикалық ойлау қабілеті, сондай-ақ көрнекі ойлау және шығармашылық ізденіс дамиды, бұл олардың оқу процесіне белсенді қатысуына және өздік білім алуға деген ынтасын арттыруға жағдай жасайды.

Айтып кеткендей, жаратылыстану ғылымын оқыту барысында әсіресе бастауыш сыныпта педагогикалық және психологиялық бағыттарды бірдей ұстану маңызды. Бұл кезеңдегі балалардың ойлау, қабылдау және танымдық қабілеттері әлі қалыптасу үстінде болғандықтан, олардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және эмоционалды жағдайларын ескеру қажет. Цифрлық ресурс – бұл оқу процесінде білімді жеткізу, түсіндіру немесе бекіту үшін қолданылатын электрондық құралдар мен бағдарламалар жиынтығы. Оларға мультимедиялық презентациялар, бейнематериалдар, виртуалды тәжірибелер, интерактивті платформалар және арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету жатады. Мұндай ресурстар оқу материалын көрнекі түрде көрсетуге, күрделі тақырыптарды жеңіл және түсінікті түрде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының сабаққа деген қызығушылығы олардың танымдық белсенділігіне, логикалық ойлау қабілетіне және алған білімін дұрыс қолдануына тікелей әсер етеді. Қазіргі білім беру үрдісінде цифрлық ресурстар оқушылардың оқу мотивациясын арттырудың ең тиімді құралдарының бірі болып саналады, өйткені олар материалды көрнекі, интерактивті және қызықты түрде ұсынады. Мұндай ресурстар оқушыларға тек ақпаратты қабылдауға ғана емес, сонымен бірге өздік зерттеу әрекеттерін жүргізуге, тәжірибелер жасауға және нәтижелерді салыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, бейнематериалдар, виртуалды модельдер, мультимедиялық презентациялар және интерактивті платформалар арқылы балалар күрделі тақырыптарды нақты көріп, тәжірибе жасау арқылы түсінеді, бұл олардың есте сақтау қабілетін, зейінін және аналитикалық ойлауын дамытады. Сонымен қатар, цифрлық ресурстар сабаққа белсенді қатысуға ынталандырады, оқушылардың өздік білім алуға деген құштарлығын арттырады, логикалық қорытынды жасау және ақпаратты жүйелеу дағдыларын қалыптастырады. Оқушылар цифрлық құралдар арқылы өз білімдерін тәжірибеде қолдану мүмкіндігіне ие болып, ғылыми тұрғыда ойлау дағдыларын дамытады. Осылайша, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану оқу процесін интерактивті, тартымды әрі нәтижелі етіп қана қоймай, бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін кешенді түрде арттырады.

Цифрлық ресурстарға мультимедиялық презентациялар, бейнематериалдар, виртуалды тәжірибелер, интерактивті платформалар және арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету жатады, олар оқу процесін көрнекі, қызықты және интерактивті етуге мүмкіндік береді. Мұндай құралдар арқылы балалар күрделі тақырыптарды тек сөзбен емес, визуалды түрде қабылдайды, бұл олардың түсіну қабілетін арттырып, оқу материалын есте сақтауды жеңілдетеді. Мысалы, өсімдіктердің өсу үдерісін, ауа райының өзгерістерін немесе судың айналымын бейнежазбалар мен интерактивті модельдер арқылы көрсету оқушылардың зейінін шоғырландыруға, бақылау және салыстыру дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, цифрлық ресурстар балаларға тәжірибе жасауға, өздерінің жеке бақылауларын жүргізуге және нәтижелерді салыстыру арқылы қорытынды жасауға жағдай жасайды. Бұл әдіс олардың зерттеу әрекеттерін дамытып, логикалық ойлау, талдау және практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осының арқасында сабақтар тек білім беру мақсатында ғана емес, сонымен бірге зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерді жетілдіру ортасы ретінде де қызмет атқарады.

Цифрлық ресурстар оқушылардың өздік танымдық әрекеттерін белсенді түрде ынталандырады және олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, интерактивті тапсырмалар тек ақпаратты қабылдауға емес, сонымен қатар оқушының ойлау қабілеттерін дамытуға, өз бетінше қорытынды жасауға, деректерді талдау мен салыстыруға дағдылануына мүмкіндік береді. Мұндай ресурстар логикалық ойлауды жетілдіреді, оқушының себеп-салдарлық байланыстарды дұрыс анықтауына, зерттеу әрекетін жүйелі ұйымдастыруына және алынған білімді практикалық тұрғыда қолдануына жағдай жасайды. Сонымен қатар, цифрлық құралдар арқылы балалар әртүрлі тәжірибелерді виртуалды немесе мультимедиялық түрде көріп, өз бақылаулары мен қорытындыларын салыстыруға үйренеді, бұл олардың аналитикалық ойлауын, есте сақтау қабілетін және шығармашылық қиялын дамытады. Цифрлық ресурстар сабаққа белсенді қатысуды ынталандырып қана қоймай, оқушылардың өздік зерттеу әрекеттерін де қалыптастырады, жаңа ақпаратты өз бетімен іздеу, сұрақ қою және шешім қабылдау дағдыларын жетілдіреді. Бұның нәтижесінде оқу процесі тек білім беру функциясын атқармай, сонымен бірге зерттеушілік қабілеттерді дамытуға, пәнге деген қызығушылықты арттыруға, оқушының белсенділігін және жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, цифрлық ресурстардың жүйелі және мақсатты қолданылуы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттырып, олардың сабаққа деген ынтасын, логикалық ойлау дағдыларын, зерттеушілік әрекеттерін және практикалық қабілеттерін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Сабақ құрылымына сәйкес цифрлық ресурстар әртүрлі кезеңдерде тиімді қолданылуы мүмкін, өйткені олардың әрқайсысы оқушының танымдық әрекетін арттыруға және сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Кіріспе кезеңінде цифрлық құралдарды пайдалану тақырыпты қызықты түрде таныстыруға, оқушылардың назарын аударуға және олардың сабаққа деген ынтасын арттыруға септігін тигізеді. Негізгі бөлімде виртуалды тәжірибелер, бейнематериалдар және интерактивті демонстрациялар арқылы тақырыпты нақтылау, күрделі құбылыстарды көрнекі түрде көрсету, эксперимент жасау арқылы қорытынды шығару мүмкіндігі беріліп, бұл балалардың логикалық ойлау қабілетін, салыстыру және талдау дағдыларын дамытады. Қорыта айтқанда цифрлық ресурстар білімді бекіту, тақырып бойынша алған ақпаратты жинақтау және оқушылардың өздік жұмыс жасауын ұйымдастыру үшін қолданылады, бұл олардың зерттеу әрекеттерін қалыптастырады, өз бетімен білім алу қабілетін жетілдіреді және сабақтан алған білімдерін практикалық тұрғыда қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша, цифрлық ресурстар сабақтың барлық кезеңінде оқу үдерісін интерактивті, тартымды және тиімді етуге қызмет атқарады, оқушылардың қызығушылығын арттырып, білімді терең меңгеруге жағдай жасайды.

Әдебиеттер:

1. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптар үшін «Жаратылыстану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

2. ”Цифрлық Қазақстан” мемлекеттік бағдарлама 2023 ж.

3. Сардарова Ж.И. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы және практикасы. Алматы 2008ж

4. Сардарова Ж.И., Г.Н. Кисметова,Г.А. Турежанова., Д.С. Саркулова Білім берудегі цифрландыру жағдайында болашақ педагогтардың цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы қалыптастыру.

НАТЮРМОРТ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ВООБРАЖЕНИЯ У ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Сундукова Г.К.

Научный руководитель: Раимбекова А.Д., ассистент

Кокшетауский университет им.Ш.Уалиханова, г. Кокшетау

В статье рассматриваются возможности натюрморта как педагогического и коррекционного инструмента развития художественного воображения детей с особыми образовательными потребностями. Представлены психолого-педагогические основания применения натюрморта в инклюзивной среде, а также методические подходы к организации художественной деятельности с использованием традиционных и цифровых технологий.

Инклюзивное образование является одной из ключевых задач современной образовательной политики Казахстана, направленной на создание равных возможностей для всех категорий учащихся. В условиях активной цифровизации возрастает необходимость разработки новых методических подходов, учитывающих индивидуальные особенности детей с различными формами ООП. Художественное образование занимает важное место в процессе социализации и развития личности, а натюрморт как традиционный жанр изобразительного искусства представляет уникальные возможности для развития воображения, сенсорного восприятия, эмоциональной сферы и творческой инициативы.

Цель статьи — показать, каким образом занятия натюрмортом могут способствовать развитию художественного воображения у детей с особыми образовательными потребностями, и определить психолого-педагогические условия эффективного применения данного метода.

Натюрморт как жанр изобразительного искусства обладает значительным потенциалом для развития художественного воображения у детей с особыми образовательными потребностями, поскольку он сочетает в себе доступность восприятия, структурированность композиции и выразительные возможности цветовых и формальных решений [1]. Работа с натюрмортом позволяет ребёнку осваивать основы образного мышления, развивать зрительное внимание и формировать способность к созданию художественных образов, что особенно важно в условиях инклюзивного образования [6]. В отличие от других жанров, натюрморт не требует сложной прорисовки перспективы или динамики движения, поэтому дети с различными отклонениями в развитии могут сосредоточиться на изучении формы, фактуры и цвета предметов, постепенно переходя от простых объектов к более сложным композициям. Такое постепенное усложнение способствует преодолению познавательных трудностей и формированию уверенности в собственных творческих возможностях [7].

Психолого-педагогические исследования подтверждают, что у детей с особыми образовательными потребностями наблюдаются особенности сенсорного восприятия, замедленность познавательных процессов или затруднения в анализе зрительной информации [9]. Занятия натюрмортом позволяют компенсировать эти сложности за счёт опоры на реальные, осязаемые предметы, которые ребёнок может рассмотреть, потрогать и изучить в комфортном темпе. Фокусировка на конкретном объекте помогает развивать анализ и синтез визуальных характеристик, улучшает способность к структурированию пространства и способствует формированию целостного художественного образа [5]. Для детей с нарушениями слуха, зрения, задержкой психического или речевого развития натюрморт становится не просто жанром искусства, а средством психолого-педагогической коррекции, укрепляющим эмоциональную сферу и поддерживающим развитие самостоятельного творческого мышления [3].

Методическая организация работы над натюрмортом в инклюзивной среде требует гибкого подхода, учитывающего индивидуальные возможности каждого ребёнка. Педагогу важно подбирать объекты и композиции, которые стимулируют интерес и не вызывают чувства перегруженности. На начальном этапе рекомендуется использовать предметы контрастной формы и насыщенного цвета, располагая их в простой композиции [4]. Дети могут выполнять задания на выборку оттенков, подбор материалов, экспериментирование с расположением предметов, что помогает развивать композиционное мышление и осознание художественных закономерностей. Постепенно педагог может усложнять задачи, вводить понятия светотени, фактуры, ритма и пространственного построения, что способствует формированию у ребёнка способности к воображению новых образов на основе наблюдаемой реальности [10].

Дополнительной важной особенностью использования натюрморта в работе с детьми с

особыми образовательными потребностями является его способность формировать у обучающихся навык постепенного перехода от подражания к самостоятельному творческому поиску. На первых этапах дети чаще всего опираются на наглядный образ или заданный образец, что снижает уровень тревожности и позволяет чувствовать себя более уверенно при выполнении задания. Постепенно, по мере освоения основных приёмов изображения предметов, ребёнок может отходить от строгой копии, привносить в композицию собственные изменения, экспериментировать с ракурсами, пропорциями и цветовой гаммой. Такой педагогический приём способствует не только развитию внутренней свободы и творческой инициативы, но и формированию метакогнитивных навыков — осознанию собственных действий, анализу полученного результата, сравнению разных вариантов изображения [8].

Особую роль в развитии художественного воображения играют разнообразные упражнения на трансформацию изображаемых объектов. Например, педагог может предлагать детям изменить масштаб предметов, представить их в необычной цветовой гамме, выполнить рисунок в технике силуэта или плоскостного изображения. Такие задания стимулируют образное мышление и помогают ребёнку осознать, что реальный предмет может стать основой для создания множества художественных интерпретаций. Именно это осознание формирует у детей способность переходить от конкретного восприятия к абстрактному образу, что является важнейшим условием развития воображения [1].

Важным методическим аспектом является и создание благоприятной эмоционально-психологической атмосферы, которая способствует раскрытию творческого потенциала. Для ребёнка с особыми образовательными потребностями процедура рисования натюрморта может быть не только учебным процессом, но и способом эмоциональной разрядки, восстановления внутреннего равновесия, укрепления уверенности в себе [3]. Позитивная обратная связь педагога, поддержка одноклассников, возможность демонстрировать свои работы создают условия для повышения самооценки и мотивации к дальнейшему участию в художественной деятельности. Особенно значимо это для детей, которые испытывают трудности в других учебных предметах и часто сталкиваются с ситуациями неуспеха.

Немаловажно и то, что работа с натюрмортом помогает развивать межличностные навыки. В процессе обсуждения композиций, выбора предметов или оценки готовых работ дети учатся договариваться, слушать друг друга, выражать своё мнение и аргументировать творческий выбор. Для обучающихся с особенностями развития такие коммуникационные ситуации становятся тренировкой социальных навыков, которые в дальнейшем оказываются полезными не только в учебной, но и в бытовой и социальной сферах [7].

Современные цифровые технологии расширяют дидактические возможности работы с натюрмортом и делают художественное образование более доступным для детей с особыми образовательными потребностями. Использование интерактивных приложений, цифровых кистей, виртуальных моделей предметов или дополненной реальности позволяет детям экспериментировать без страха ошибки, менять цвет, масштаб, освещение объектов, создавать собственные композиции [6]. Цифровая форма особенно важна для детей с ограниченными моторными возможностями, поскольку позволяет облегчить процесс рисования и обеспечивает точность выполнения движений. В то же время важно сохранять баланс между цифровыми и традиционными техниками, чтобы ребёнок развивал как художественное воображение, так и реальные графические навыки [2].

Работа над натюрмортом способствует развитию эмоционально-ценностного отношения к окружающему миру, умению замечать красоту в простых предметах, формирует навыки наблюдательности и эстетического восприятия. Для детей с особыми образовательными потребностями это особенно значимо, так как творческая деятельность помогает им лучше понимать свои чувства, выражать эмоции и устанавливать связь с внешним миром. Натюрморт становится пространством, где ребёнок может проявлять инициативу, экспериментировать, выражать своё видение и получать положительный эмоциональный опыт, что укрепляет его мотивацию к обучению и способствует социальной адаптации [5].

Таким образом, натюрморт является универсальным и эффективным средством развития художественного воображения детей с особыми образовательными потребностями, объединяя в

себе педагогические, психологические и коррекционные возможности. Его применение в инклюзивной среде способствует развитию творческого мышления, сенсорных способностей, эмоциональной выразительности и уверенности в собственных силах. В сочетании с современными цифровыми технологиями натюрморт становится мощным инструментом педагогического воздействия, способствующим гармонизации эмоционального состояния ребёнка и раскрытию его личностного и творческого потенциала [6].

Литература:

1. Выготский, Л. С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М.: Педагогика, 2020.
2. Бочкарёва, Т. П. Арт-педагогика в работе с детьми с ОВЗ. – М.: Учитель, 2021.
3. Копытина, Е. С. Арт-терапия в образовательной среде. – СПб.: Речь, 2018.
4. Комаров, А. И. Методика преподавания изобразительного искусства. – М.: Владос, 2019.
5. Кузин, В. С. Психология художественного творчества. – М.: МГУ, 2016.
6. Полуяктова, О. Н. Художественно-творческое развитие детей в инклюзивной среде. – М.: Учитель, 2022.
7. Смирнова, Е. О. Художественное воспитание детей. – М.: Просвещение, 2020.
8. Давыдов, В. В. Психологические основы развивающего обучения. – М.: Инфра-М, 2019.
9. Дубровина, И. В. Психология развития и образования детей. – М.: Академия, 2022.
10. Лебедева, Л. Д. Изобразительное искусство: теория и методика обучения. – СПб.: Лань, 2021.

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕ ЖАНЖАЛДАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ШЕШІЛУІНДЕГІ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИЛІГІН ДАМЫТУ

Шакарим Н.Ш.,
п.ғ.к., педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті
Суранчина А.О.,
4 курс студенті,
6В01101 Педагогика және психология ББ,
педагогика және психология факультеті,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті

Жанжалдар оқу-тәрбие процесінің ажырамас бөлігі ретінде білім беру сапасына және ұжымдық қарым-қатынасқа тікелей әсер етеді. Мақалада жанжалдарды шешудің негізгі әдістері мен технологиялары талданып, болашақ педагогтердің жанжалды басқару қабілеттерін жетілдіру жолдары ұсынылады.

Заманауи білім беру жүйесі күрделі әрі жылдам өзгеретін заманның әлеуметтік және технологиялық талаптарына бейімделуді қажет етеді. Бұл жағдай білім беру ортасында жанжалдардың пайда болуын табиғи құбылыс ретінде қарастыруды талап етеді, себебі білім беру мекемелері әртүрлі мәдениет, құндылықтар және мүдделер тоғысатын орын болып табылады. Әсіресе, жанжалдардың тиімді басқарылмауы білім сапасына, оқушылардың эмоционалдық жағдайына және педагогтердің кәсіби ортаға бейімделуіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Бүгінгі күні жанжалдарды шешу дағдылары болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігі болып отыр. Педагог тек оқыту мен тәрбие беруші ғана емес, сонымен қатар конфликтолог, медиатор және ұжымда бейбіт қарым-қатынас құрушы болуы тиіс. Дегенмен, қазіргі білім беру жүйесінде педагогтерді жанжалдарды шешу әдістеріне арнайы дайындау жеткілікті деңгейде жүргізілмейді. Бұл мәселенің шешімі – болашақ педагогтердің жанжалдарды тиімді шешу қабілеттерін дамытуға бағытталған кешенді даярлық бағдарламаларын әзірлеу. Мақаланың өзектілігі жанжалдарды басқарудың маңыздылығын, олардың білім беру процесіне

әсерін түсіну қажеттілігінен туындатады. Білім беру мекемелеріндегі жанжалдардың пайда болу себептерін талдау және оларды шешудегі болашақ педагогтердің кәсібилігін дамыту көздерін іздеу осы мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. Бұл зерттеу аясында жанжалдардың теориялық негіздері, олардың білім беру ортасында көрініс табуы және болашақ педагогтердің кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер жан-жақты қарастырылады. Педагогикалық тәжірибеде жанжалдарды тиімді басқарудың кәсібилігін дамыту – білім беру сапасын арттырудың басты кепілі.

Жанжал – қоғамның, ұйымдардың және жеке тұлғалардың дамуы барысында туындайтын күрделі әлеуметтік құбылыс[1]. Бұл құбылыс өзара әрекеттесу субъектілерінің мүдделері, көзқарастары, құндылықтары мен мақсаттары арасындағы қарама-қайшылықтар негізінде пайда болады. Жанжалдың негізгі сипаттамасы – бұл екі немесе одан да көп тараптардың арасындағы келіспеушілік, ол әлеуметтік, психологиялық немесе ұйымдастырушылық деңгейде көрініс табуы мүмкін.

Жанжал мәселесі әлем ғалымдарының еңбектерінде әрқилы тұрғыда қарастырылған. Американдық зерттеуші Мортон Дойч жанжалды әлеуметтік өзгерістер мен даму үдерісінің маңызды бөлігі деп сипаттайды. Ол жанжалдарды басқару адамдардың қарым-қатынасында үйлесімділік орнатуға мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастырып, олардың қоғамның әртүрлі салаларына әсерін зерттеді[2]. Неміс әлеуметтанушысы Ральф Дарендорф жанжалды қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктердің нәтижесі екенін айтады. Оның ойынша, қоғамдағы билік пен ресурстардың теңсіз бөлінуі жанжалдың негізгі себептерінің бірі болып табылады[3]. Дарендорф жанжалдардың әлеуметтік құрылымның өзгеруіне ықпал ететін маңызды механизм екенін атап өтті.

Ресейлік ғалымдар А.Я. Анцупов пен А.И. Шипилов жанжалды "қарсы тараптардың мүдделері, мақсаттары және құндылықтарының қайшылығынан туындайтын күрделі жағдай" деп анықтайды[4]. Олар жанжалдың деструктивті және конструктивті жақтарын талдап, оның шешу жолдарына арналған әдіснамалық негіздерді ұсынады. Сондай-ақ, ресейлік зерттеуші Е.Н.Степанова жанжалдарды шешуде эмоционалды интеллекттің рөліне назар аударып, педагогикалық саладағы жанжалдарды басқарудың тиімді тәсілдерін талқылайды[5].

Қазақстандық ғалым Ж.З.Торыбаева білім беру мекемелеріндегі жанжалдарды зерттей отырып, олардың алдын алу және шешу жолдарына баса назар аударады[6]. Ол жанжалдардың психологиялық аспектілерін қарастырып, мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдірудің қажеттілігін атап көрсетеді.

Білім беру саласында жанжал – ұжымдағы қарым-қатынастың табиғи бөлігі. Ол оқушылар арасындағы бәсекелестік, мұғалімдер мен ата-аналардың пікірлерінің қайшылығы, сондай-ақ әкімшілік пен педагогикалық ұжым арасындағы түсініспеушіліктерден туындауы мүмкін[7].Егер жанжал дұрыс басқарылатын болса, ұжымда қиындық туғызбай, керісінше білім беру жүйесін жақсартудағы құралға айналады. Дегенмен, жанжалдар көптеген факторларға байланысты пайда болады және олардың әртүрлі деңгейлерде көрініс табуы білім беру процесінің сапасы мен ұжымдық қарым-қатынасқа тікелей әсер етеді. Жанжалдардың негізгі себептерін бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Коммуникацияның бұзылуы. Ақпараттың дұрыс жеткізілмеуі немесе түсінбеушілік жанжалдардың ең жиі кездесетін себебі болып табылады. Мұғалімдер мен оқушылардың, ата-аналар мен педагогтің арасында тиімді қарым-қатынастың болмауы жанжалдардың ең негізгі факторы. Мысалы, мұғалімнің сабақты түсіндіру әдісі оқушының қабылдау деңгейіне сәйкес келмеуі немесе ата-аналарға берілетін ақпараттың жеткіліксіздігі түсініспеушілікке алып келеді.

2. Әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар. Білім беру мекемелері – әртүрлі әлеуметтік және мәдени ортадан шыққан адамдардың тоғысатын орны. Мұғалімдер, оқушылар және ата-аналардың құндылықтарының әртүрлілігі өзара қарым-қатынаста қайшылықтар тудыруы мүмкін, әсіресе көпұлтты ұжымдарда осы мәселе ерекше өзекті болып табылады.

3. Рөлдік қайшылықтар. Білім беру процесіне қатысушылардың әрқайсысының өз рөлі бар, бірақ олардың бір-бірінен күтетін талаптары мен рөлдеріне қатысты көзқарастары сәйкес келмеуі мүмкін. Мысалы, ата-аналар баласының жоғары академиялық жетістіктерге жетуін күтсе, мұғалімдер тәртіп пен белсенділікті басым қояды.

4. Бағалау мен әділетсіздік мәселесі. Оқушылардың үлгерімін бағалау – білім беру мекемелеріндегі жанжалдардың тағы бір жиі кездесетін себебі. Мұғалімдердің әділетсіз бағалауы немесе оқушылардың өз еңбегінің дұрыс бағаланбауы оқушылар мен мұғалімдер арасындағы жанжалдарды тудырады. Бұл мәселе ата-аналар тарапынан да наразылыққа әкелуі мүмкін.

5. Жеке тұлғалық ерекшеліктер. Әр адамның жеке мінез-құлқы мен эмоционалдық реакциялары жанжалдардың туындауына ықпал етеді. Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы темпераменттің сәйкессіздігі, сондай-ақ мұғалімдердің эмоционалдық тұрақсыздығы қарым-қатынасты өз кезегінде қиындатады.

Жанжалдың негізгі түрлеріне мыналар жатады: адамдар арасындағы жанжал, тұлғааралық жанжал және топаралық жанжал. Адамдар арасындағы жанжал көбінесе туыстық байланыстар мен кәсіби міндеттердің қақтығысы кезінде пайда болады. Мысалы, басшының туысына қатысты жеке жанашырлығы мен қызметтік парызы арасындағы қарама-қайшылық осындай жанжалдың мысалы болып табылады.Тұлғааралық жанжалдар басшы мен орынбасар немесе әріптестер арасындағы сыйақы, лауазымдық міндеттерді бөлу сияқты мәселелерден туындайды. Бұл жанжал түрі қатысушылардың тікелей қарым-қатынасына әсер етіп, эмоциялық күйзелістерге алып келуі мүмкін.Ал топаралық жанжал ұжымдағы көшбасшы мен бағыныштылар тобы арасында немесе топтардың бір-біріне қарсы әрекет етуі кезінде туындайды. Мұндай жанжалдар топтық мүдделердің қайшылығынан немесе ұйымішілік шешімдердегі әділетсіздіктен пайда болады[8].

Болашақ педагогтердің кәсіби дағдылары жанжалдарды шешуде маңызды рөл атқарады. Жанжалдар білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және оларды тиімді басқару педагогикалық ұжымда, оқушылар арасында және ата-аналармен қарым-қатынаста үйлесімділік орнатуға мүмкіндік береді. Педагогтің жанжалды басқару қабілеті тек оның жеке тәжірибесімен ғана емес, сонымен бірге кәсіби құзыреттіліктерімен де анықталады. Болашақ педагогтер жанжалдарды шешу кезінде келесі негізгі дағдыларды қолдануы тиіс:

1. Коммуникациялық дағдылар. Тиімді қарым-қатынас орната білу жанжалдарды шешудің негізі болып табылады. Педагог өз ойын анық, сенімді түрде жеткізіп, жанжалдасушы тараптардың пікірін тыңдап, олардың көзқарастарын түсінуі керек. Коммуникациялық дағдылар жанжалдың шиеленісуін болдырмай, оны конструктивті арнаға бағыттауға көмектеседі.

2. Эмпатия – жанжал жағдайында басқа адамның эмоциялық жағдайын түсіну және онымен ортақтастық сезіну қабілеті. Педагог эмоциялық күйзелістерді жеңілдету үшін әр тараптың сезімдерін ескере отырып әрекет етуі қажет. Бұл дағды жанжалдасушы тараптар арасында сенім мен өзара түсіністік орнатуға ықпал етеді.

3. Стресс-менеджмент. Болашақ педагогтер жанжалдарды шешу барысында эмоционалдық тұрақтылықты сақтай білуі маңызды. Стрессті басқару дағдысы педагогке қиын жағдайларда сабырлылық танытып, салқынқанды шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл дағды педагогикалық қызметтің тиімділігін арттырып, жанжалдардың деструктивті салдарын азайтуға септігін тигізеді.

4. Конфликтология негіздерін меңгеру - жанжалдардың себептерін, түрлерін және шешу әдістерін түсіну педагогке әртүрлі жағдайларда тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді. Конфликтология саласындағы білім болашақ педагогке жанжалдың сипатын анықтап, оған бейімделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

5. Шешім қабылдау және жауапкершілік. Жанжалдарды шешу кезінде педагогке тез әрі әділ шешім қабылдай білу қабілеті қажет. Бұл қабілет жанжалдасушы тараптардың мүдделерін ескеріп, ортақ шешім табуға бағытталған. Жауапкершілік сезімі мұғалімге жанжалды бейбіт шешуге және қатысушылар арасында сенім қалыптастыруға көмектеседі.

6. Рефлексия. Жанжалдан кейінгі рефлексия педагогтің маңызды дағдыларының бірі болып табылады. Педагог жанжалдың себептерін талдап, өзінің әрекеттерін бағалай отырып, келесі жағдайларда тиімдірек әрекет етуге дайындық жасайды. Бұл дағды мұғалімнің кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік береді[9].

Білім беру мекемелерінде жанжалдарды шешу – бұл оқыту және тәрбиелеу процесінің ажырамас бөлігі. Жанжалдарды тиімді басқару мен шешу үшін педагогтер әртүрлі әдістер мен технологияларды қолдануы қажет. Бұл әдістер жанжалдың сипатына, қатысушылардың ерекшеліктеріне және жағдайдың күрделілігіне байланысты таңдалады. Төменде жанжалдарды

шешудің негізгі әдістері мен технологиялары талданады:

1. Ымыраға келу (компромисс) әдісі. Ымыраға келу – жанжалдасушы тараптардың өзара жеңілдіктер жасау арқылы келісімге келуін білдіреді. Бұл әдіс жанжалдың шұғыл түрде шешілуін қажет ететін жағдайларда қолданылады. Педагог жанжалдасушы тараптардың екеуін де тыңдап, ортақ шешім табуға тырысады. Мысалы, оқушы мен мұғалім арасында орын алған түсініспеушілікте педагог оқушының да, өзінің де мүдделерін ескеретін шешім ұсына алады.

2. Медиация технологиясы. Медиация – бұл жанжалдарды үшінші тараптың, яғни медиатордың көмегімен шешу. Мұғалім медиатор рөлін атқара отырып, жанжалдасушы тараптардың көзқарастарын тыңдап, олардың арасында бейтараптықты сақтайды[10].Медиатордың негізгі мақсаты – екі жақтың да қажеттіліктерін қанағаттандыратын шешім табуға көмектесу. Мысалы, мұғалім ата-аналар мен мектеп әкімшілігі арасындағы жанжал туындағанда, екі тараптың да мүдделерін ескере отырып, өзара келісімге келуді қамтамасыз етеді.

3. Келіссөздер жүргізу. Келіссөздер әдісі жанжалдасушы тараптардың өзара диалогқа түсуін білдіреді. Бұл әдісте мұғалім үйлестіруші рөлін атқарып, тараптарға мәселені бейбіт түрде шешуге мүмкіндік береді. Мысалы, мұғалім екі оқушы арасындағы келіспеушілікті талқылау барысында әрқайсысының пікірін тыңдап, ортақ шешімге келуге көмектеседі. Келіссөздер ашық әрі бейтарап жүргізілуі қажет.

4. Санкциялар мен ережелерді қолдану. Санкциялар мен тәртіп ережелерін қолдану жанжалдың құрылымдық шешімі ретінде қарастырылады. Педагог жанжалдың алдын алу немесе оны реттеу үшін белгіленген ережелерге жүгінеді. Мысалы, мектептің тәртібі бұзылған жағдайда, мұғалім ережелерге сүйене отырып, жанжалдасушы тараптарға жауапкершілік жүктейді.

5. Болдырмау стратегиясы. Бұл әдіс жанжалдың алдын алуға бағытталған. Педагог жанжал тудыруы мүмкін жағдайларды алдын ала болжай отырып, оларға жол бермейтін шаралар қолданады. Мысалы, мұғалім оқушылардың арасында орын алуы мүмкін түсініспеушіліктерді уақытында байқап, олардың туындауына жол бермейді. Сонымен қатар, ұжымдағы қатынастарды бақылау арқылы жанжалдың алдын алу мүмкіндігі бар.

Жанжалдарды басқару болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Болашақ педагогтар жанжалдардың алдын алуға, оларды шешу әдістерін қолдануға және бейбіт қарым-қатынас орнатуға бағытталған дағдыларды меңгеруі тиіс. Эмпатия, тиімді коммуникация, жанжалды басқару стратегияларын меңгеру, стрессті басқару және ұжымдық үйлесімділікке ықпал ету қабілеті – педагогтың кәсібилігін айқындайтын басты көрсеткіштер.Сонымен қатар, білім беру мекемелерінде жанжалдарды шешудің заманауи технологиялары мен әдістерін қолдану арқылы педагогтар тек жанжалды басқаруды ғана емес, сонымен қатар ұжымдағы психологиялық климатты қамтамасыз етіп, білім беру процесінің тиімділігін арттыра алады. Жанжалдарды дұрыс шешу білім беру сапасын жақсартып қана қоймай, оқушылар мен педагогтардың өзара сеніміне негізделген үйлесімді орта қалыптастырады. Осылайша, болашақ педагогтердің жанжалдарды басқару және шешу қабілетін дамыту – заманауи білім беру жүйесінің өзекті міндеттерінің бірі.

Әдебиеттер:

1. Иманбекова Б. И., Төлеген М. М. ӘЛЕУМЕТТІК ДАУ-ЖАНЖАЛДАР ТҮСІНІГІ МЕН ТУЫНДАУ СЕБЕПТЕРІ //ВЕСТНИК «Социологические и политические науки». – 2020. – Т. 69. – №. 1. – С. 54-59.

2. Дойч М. Разрешение конфликта (Конструктивные и деструктивные процессы) //Социально по литический журнал. – 1997. – №. 1. – С. 202-212.

3. Дарендорф Р. Элементы теории социального конфликта //Политическая конфликтология: работы российских и зарубежных авторов. – 2002. – С. 67-71.

4. Анцупов А. Я., Шипилов А. И. Словарь конфликтолога. – " Издательский дом"" Питер""", 2006.

5. Степанова Е. Н. Методические рекомендации. – 2008.

6. Тусеев М.У., Торыбаева Ж.З., Собкин В.С. Білімдік ортаның психологиялық қауіпсіздігі – маңызды педагогикалық мәселе ретінде // Қ. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік

университеті, РБА жанындағы Білім беруді басқару институты. – Түркістан, Мәскеу, 2023. – 152 б.

7. Иванова О. А. Конфликты в сфере образования //Кластеры. Исследования и разработки. – 2016. – Т. 2. – №. 4 (5). – С. 40-46.

8. Мясоедов А. И. Виды конфликтов в образовательной среде //Мир, открытый детству: актуальные проблемы развития современного образования. – 2020. – С. 28-32.

9. Бережная Г. С. Формирование конфликтологической компетентности педагогов общеобразовательной школы //автореферат дисс. на соиск. уч. степ, доктора пед. наук/ГС Бережная. – 2009.

10. Юферова М. А. и др. Медиация в образовании //Ярославль: РИО ЯГПУ. – 2018.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Тлеубердинова А.З.,
мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі,
"Ақмола облысы білім басқармасының
Аршалы ауданы бойынша білім бөлімінің
жанындағы Аршалы кентінің
"Святлячок" бөбекжайы" МКҚК

Макалада автор инклюзивті білім беру мен оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етудегі цифрлық шешімдердің маңыздылығын көрсетеді. Цифрлық технологиялар оқу ортасын икемді, бейімделгіш және психологиялық жағынан қауіпсіз етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Олар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқу процесіне белсенді қатысуына жағдай жасап, педагог пен ата-ана арасындағы байланысты күшейтеді.

Қазіргі білім беру саласындағы басым бағыттардың бірі – барлық білім алушыларға арналған үздіксіз әрі қолжетімді білім жүйесін қалыптастыруға көшу болып табылады. Бұл бағытта мектептер мен оқу орындары оқушылардың барлығына ортақ мақсаттар негізінде оқу үдерісін ұйымдастырып, әрбір білім алушыны жан-жақты қолдауды және оның жеке мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға кедергі келтіретін факторларды жоюды өздерінің негізгі міндеті ретінде қарастырады.

Инклюзивті білім беру әртүрлі мүмкіндіктері бар балалардың, жасөспірімдер мен жастардың жалпы білім беретін мекемелерде өз құрдастарымен бірге білім алуына тең жағдай жасауды көздейді.

Қазақстан қоғамында қолжетімді әрі кедергісіз білім беру тұжырымдамасының қалыптасуы және оның педагогикалық тәжірибеде іске асырылуы білім беру жүйесіндегі өзара байланыстардың мақсатты әрі объективті түрде жаңаруына ықпал етеді. Соның нәтижесінде ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттары айқындалады.

Осылайша, инклюзивті білім беру білім беру жүйесінің дамуы аясында пайда болған маңызды әлеуметтік құбылыс ретінде сипатталады [1].

Инклюзивті білім беру және оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған цифрлық шешімдер қазіргі заманғы білім беру жүйесінің стратегиялық басым бағыттарының бірі болып табылады. Цифрландыру үдерісі білім беру кеңістігін кеңейтіп қана қоймай, әрбір білім алушының жеке қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Әсіресе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін цифрлық технологиялар оқу мазмұнын қабылдауды жеңілдетіп, білімге қолжетімділікті арттырады. Мысалы, бейімделген электронды оқулықтар, аудиоматериалдар, мәтінді дыбыстау және визуалды қолдау құралдары оқытудағы кедергілерді азайтып, білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасайды.

Цифрлық шешімдер инклюзивті білім беруде тең мүмкіндіктер қағидатын жүзеге асырудың тиімді құралы болып саналады. Онлайн-платформалар, қашықтан оқыту жүйелері және білім

беру қосымшалары балалардың оқу қарқынын жеке ерекшеліктеріне сәйкес реттеуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе денсаулығына байланысты мектепке тұрақты келе алмайтын немесе арнайы педагогикалық қолдауды қажет ететін балалар үшін маңызды. Сонымен қатар мұндай платформалар мұғалімдерге оқу жетістіктерін бақылап, дер кезінде түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Осы мәселеде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, яғни балабақшалардың рөлі де айрықша. Ерте жастан инклюзивті орта қалыптастыру баланың әрі қарайғы әлеуметтік және білімдік дамуына оң әсер етеді. Балабақшаларда қолданылатын интерактивті тақталар, сенсорлық экрандар, дамытушы цифрлық ойындар мен мультимедиялық бағдарламалар әр баланың қызығушылығын оятып, оның танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін визуалды бейнелер, дыбыстық қолдау және ойын арқылы оқыту тәсілдері ақпаратты жеңіл қабылдауға жағдай жасайды. Сонымен бірге цифрлық құралдар балаларды бірлескен әрекетке тартып, олардың өзара түсіністігін және әлеуметтік бейімделуін арттырады.

Цифрлық технологиялар педагог пен ата-ана арасындағы өзара байланысты да нығайтады. Арнайы мобильді қосымшалар мен онлайн-платформалар арқылы ата-аналар баласының даму динамикасын бақылап, педагогтармен тұрақты байланыста бола алады. Бұл инклюзивті білім беру үдерісінде отбасының белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар тәрбиешілер мен мұғалімдер цифрлық ресурстар арқылы әдістемелік материалдармен алмасып, кәсіби құзыреттілігін арттыра алады.

Я.А. Коменский «Ұлы дидактика» еңбегінде білім беру ортасының кеңістіктік-заттық құрамын модельдеу мен оны тиімді ұйымдастыру мәселесіне ерекше мән берген. Ол оқу үдерісінің нәтижелілігіне мектеп ғимаратының жалпы көрінісі, оқу бөлмесінің жайлылығы, баланың отыратын орнының ыңғайлылығы мен эстетикалық тартымдылығы тікелей әсер ететінін атап көрсеткен. Коменскийдің пікірінше, бала өзін жайлы әрі жағымды сезінетін ортада ғана білімді оңай қабылдап, оқу іс-әрекетіне қызығушылықпен қатыса алады.

Ал Мария Монтессори білім беру ортасының кеңістіктік-заттық моделін баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін негізгі фактор ретінде алғаш ғылыми тұрғыда дәлелдеген педагогтардың бірі болды. Ол оқыту кеңістігінің баланың дербестігін, белсенділігін және өзіндік дамуын қолдайтындай етіп ұйымдастырылуы қажет екенін көрсетті. Монтессори ұсынған бұл тұжырымдамада білім беру ортасының кеңістіктік-заттық ұйымдастырылуы «дайындалған орта» ұғымымен сипатталады. Мұндай орта баланың еркін қозғалуына, қоршаған заттармен өз бетінше әрекет етуіне және жеке мүмкіндіктерін толық ашуына жағдай жасайды [2].

Инклюзивті білім беру үшін цифрлық шешімдер білім беру ортасының кеңістіктік-заттық құрамын икемді әрі қолжетімді етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Коменский айтқандай, жайлы әрі тартымды орта оқу процесін жеңілдетсе, Монтессори ұсынған «дайындалған орта» қағидасы цифрлық құралдар арқылы әр баланың тұлғалық дамуын қолдауға негіз болады. Бұл шешімдер ерекше қажеттіліктері бар балалардың да тең қатысуына жағдай жасап, барлық оқушылар үшін білімге қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін педагог өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде ұйымдастыра білуі тиіс. Ол стресс жағдайында өз эмоциясын бақылап, өзгерістерге тез бейімделіп, дұрыс шешім қабылдай алуы керек. Мұндай педагогтың кәсіби «құралдарында» жағымсыз сезімдерді жеңуге көмектесетін дағдылар, релаксация әдістері, өзін-өзі реттеу қабілеті, сондай-ақ күтпеген немесе қиын жағдайларда бейімделу қабілеті болуы маңызды. Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы мен өзін-өзі ұстауы балалар арасындағы және педагог пен оқушылар арасындағы конфликтілі жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқу-тәрбие процесін тиімді және үйлесімді ұйымдастыруға септігін тигізеді [3].

Инклюзивті білім беру жағдайында қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану XXI ғасырдағы «барлық үшін білім» және «өмір бойы білім алу» қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар психологиялық жағынан қалыпты дамыған балалармен бірдей әлемге тез кірісе алмауы мүмкін. Дегенмен, баланың жеткілікті білім қоры мен жеке жетістіктерін көрсететін портфолиосы болса, оның өз қабілетіне және мүмкіндіктеріне деген сенімі айтарлықтай артады. Сонымен қатар, мұндай балаларға оқу

сабақтарының икемді кестесі қажет: мысалы, сабақ ұзақтығы қысқарып, демалыс уақыты ұлғаяды немесе ауырсынуы күшейген кезде сабақтарын уақытша тоқтата алады. Осы тұрғыдан қашықтықтан оқытудың маңызды артықшылығы – сабақ кестесінің бейімделгіштігі. Балалар өз оқу үдерісін өздері немесе мұғаліммен бірге жоспарлай алады. Оқу материалын меңгеру кезеңі де талқыланып, ұялшақ немесе психологиялық тұрғыдан сезімтал балалар сабақтарды сенімді, жеңіл және ыңғайлы түрде орындауға мүмкіндік алады [2].

Инклюзивті білім беру жағдайында цифрлық шешімдер, әсіресе қашықтықтан оқыту технологиялары, оқыту процесін баршаға қолжетімді әрі бейімделгіш етуге мүмкіндік береді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін бұл технологиялар психологиялық тұрғыдан қолайлы орта қалыптастырады: олар өз оқыту қарқынын өзі белгілей алады, сабақ кестесін икемдей алады, демалыс уақытын арттыра алады немесе ауруы асқынып тұрған кезде уақытша сабақтарын тоқтата алады. Сонымен қатар, цифрлық платформалар жеке жетістіктер мен білім қорын сақтайтын портфолио арқылы баланың өз мүмкіндігіне деген сенімін арттырады. Мұндай шешімдер балаларға оқу материалын жеңіл, сенімді және еркін меңгеруге жағдай жасап, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және тең қолжетімділікті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру мен оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған цифрлық шешімдер қазіргі білім беру жүйесінің маңызды және стратегиялық құралы болып табылады. Цифрлық технологиялар білім беру ортасын икемді, бейімделгіш және барлық балалар үшін қолжетімді етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін бұл шешімдер психологиялық жағынан қауіпсіз орта қалыптастырып, олардың оқу қарқынын өзіне ыңғайлы түрде жоспарлауына, сабақ кестесін икемдеуге, жеке жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық платформалар педагог пен ата-ана арасындағы өзара байланысты нығайтып, оқу-тәрбие процесін тиімді әрі үйлесімді жүргізуге жағдай жасайды. Осылайша, цифрлық шешімдер инклюзивті білім беру қағидаларын іс жүзінде жүзеге асырып, барлық оқушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Лиходедова Л.Н, Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы (“Білім” мамандықтары тобына арналған оқу құралы). Қарағанды: “Medet Group” ЖШС, 2021. – 194 б.

2. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П. Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет

3. Инклюзивті білім беру /Инклюзивное образование: Оқуәдістемелік құрал / Дорота Подгорска-Яхник, Ш.Т. Габдрахманова, В.Т. Арыстангалиева, О.А. Панищева – М.Өтемісов атындағы БҚУ редакциялық-баспа орталығы. - Орал, 2020. - 204 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЫҢ ИНФОРМАТИКА САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Жұмашев Мұратбай Дүйсенбайұлы
Филология және практикалық лингвистика
кафедрасының аға оқытушысы,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті.
Тулекенова Гульзада Сериковна
«Информатика мұғалімдерін даярлау»
білім беру бағдарламасының 1 курс студенті,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

Қазіргі ақпараттық технологиялардың жылдам дамуы қазақ тілін информатика саласында кеңінен қолданудың өзектілігін арттырды. Қазақ тіліндегі білім беру

платформалары, цифрлық ресурстар мен бағдарламалық интерфейстер оқушылар мен студенттердің материалды тез және түсінікті меңгеруіне көмектеседі. Бұл ұлттық тілді қолдап қана қоймай, жас мамандардың IT саласында кәсіби дамуына серпін береді.

Қазақ тілінің информатикадағы рөлі мен қолданылуы.

Қазіргі заманда ақпараттық технологиялар орасан жылдамдықпен дамып, күнделікті өмірдің барлық саласына терең әсер етіп отыр. Бүгінде тіл тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, ақпаратты қабылдау, өңдеу және талдау үшін қолданылатын маңызды құралға айналды. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тілінің цифрлық кеңістікте кеңеюі – елдің технологиялық болашағына ықпал етер стратегиялық қадам.

Қазақ тілін информатика саласында қолдану білім беру, ғылым және бизнестегі жаңа мүмкіндіктердің есігін ашады. Мысалы, Қазақстанда жасалған “BilimLand”, “Daryn Online” сияқты онлайн платформалар мыңдаған оқушылар мен студенттерге қазақ тіліндегі мазмұнды сабақтар, видео дәрістер және интерактивті жаттығулар ұсынады. Мұндай қолжетімді контент ауыл мектебіндегі балаға да, қаладағы лицей оқушысына да білімді тең дәрежеде меңгеруге жағдай жасайды.

Бағдарламалау саласында да қазақ тіліндегі алғашқы қадамдар жасалып жатыр. Scratch пен Python жүйелерінің қазақша интерфейстері бастауыш және орта сынып оқушыларына күрделі терминдерді жат тілде түсінбей-ақ, өз ана тілінде код жазуды үйренуге мүмкіндік береді. Бұл технологияны игеру процесін жеңілдетіп қана қоймай, балалардың еркін әрі шығармашылық түрде ойлауына көмектеседі.

Сонымен қатар, күнделікті өмірде қолданылатын "Қазақша терме сөздік", "Kazakh Keyboard" секілді мобильдік қосымшалар тілдің цифрлық ортада қолданылуына серпін беретіні сөзсіз. Олар жастардың жиі пайдаланатын гаджеттері арқылы қазақ тілінің қолданысын табиғи түрде кеңейтеді.

Дегенмен, шешімін күткен мәселелер де аз емес. Қазақ тіліндегі сапалы IT-контент пен толыққанды бағдарламалық қамту әлі де жеткіліксіз. Көптеген операциялық жүйелер, кәсіби бағдарламалар, оқу құралдары мен техникалық нұсқаулықтар әдетте орыс немесе ағылшын тілінде ғана ұсынылады. Бұл әсіресе информатика пәнінің негізін жаңа үйреніп жүрген мектеп оқушылары мен университет студенттеріне қиындық туғызады: терминдерді түсінуде, тапсырмаларды орындауда, бағдарламаны қолдануда қосымша кедергілер пайда болады.

Осының салдарынан жас мамандар өз қабілетін толық ашып, IT саласында еркін дамуға мүмкіндік таба алмай жатады. Дегенмен, бұл мәселені шешуге бағытталған игі бастамалар көбейіп келеді. Мемлекеттік жобалар, жеке компаниялардың аудармалары, еріктілер тобының бастамалары арқылы бағдарламалардың қазақша нұсқалары жасалып жатыр. Қазақ тілінде программалауды үйретететін онлайн курстар, сөздіктер, терминологиялық базалар жасалуда. Танымал қосымшалар мен сервистердің интерфейстері де кезең-кезеңімен аударылып, жаңа нұсқалары жарық көруде.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде жас қазақстандықтар технологияларды ана тілінде меңгеріп, білімді терең әрі сенімді түрде игеруге мүмкіндік алады. Бұл бір жағынан – оқуды жеңілдетсе, екінші жағынан – ұлттық мәдениетті, тілдік мұраны сақтауға үлкен үлес қосады. Үшінші жағынан – қазақ тілінің беделін заманауи ғылым мен технология тілі дәрежесіне көтереді.

Қазақ тілін информатика саласында кеңейте пайдалану – елдің интеллектуалдық капиталының дамуына, ұлттық ақпараттық ортаның қалыптасуына, ал болашақта бәсекеге қабілетті IT мамандардың шығуына зор ықпал ететін маңызды процесс. Бұл тек тілге көрсетілген құрмет емес, ұлттың технологиялық болашағына жасалған инвестиция.

Қазақ тілінің цифрлық ортада кеңеюі – тек тіл саясатының немесе мәдени бастаманың бөлігі ғана емес, елдің технологиялық бағытын айқындайтын, болашақ мамандардың қалыптасуына тікелей әсер ететін стратегиялық маңызды қадам. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар барлық салаға еніп, қоғамның даму қарқынын айқындайтын негізгі күшке айналды. Осындай кезеңде қазақ тілінің цифрлық кеңістікте толыққанды қолданылуы – жастардың өз тілінде сапалы білім алуына мүмкіндік беретін аса құнды фактор.

Бағдарламалау тілдерінің, оқу платформаларының, техникалық құжаттардың және цифрлық сервистердің қазақша нұсқаларының жасалуы – оқушылар мен студенттер үшін үлкен жеңілдік. Олар күрделі терминдерді немесе жаңа ұғымдарды жат тілде емес, ана тілінде қабылдап, информатика негіздерін тез әрі терең меңгереді. Бұл оқыту сапасын арттырып қана қоймай, ұлттық танымды, өз тіліне деген қызығушылықты, тіпті IT саласына деген сенімді нығайтады. Қазақша сөйлейтін цифрлық жүйелердің көбеюі – отандық IT-контенттің көлемін арттыруға, жаңа буын мамандардың қалыптасуына және цифрлық егемендікті күшейтуге бағытталған маңызды қадам.

Қазақ тіліндегі видеосабақтардың, IT-курстардың, ғылыми зерттеулердің, мобильдік қосымшалардың және түрлі онлайн ресурстардың көбеюі – жас өрендерге технологияны ана тілінде түсінуге жол ашады. Осы арқылы олар күрделі процестерді жеңіл қабылдап, ақпаратты талдау, логикалық ойлау, алгоритм құру дағдыларын ана тілінде қалыптастырады. Цифрлық ақпаратты қазақ тілінде пайдалану жас мамандардың кәсіби сөздік қорын кеңейтіп, ақпараттық мәдениетін дамытады және ғылыми тілдің нығаюына өз үлесін қосады.

Сонымен қатар, қазақ тілінің IT саласында дамуы – ұлттық мәдениетті сақтап қана қоймай, оның жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етеді. Тіл тек тұрмыстық коммуникацияның құралы емес, ол ғылым мен технологияның тіліне айналғанда, қоғамның даму қарқыны айтарлықтай өседі. Бұл – елдің жаһандық цифрлық бәсекеге қабілеттілігін арттыратын, ұлттық кодты сақтай отырып жаңашылдыққа жол ашатын үлкен мүмкіндік.

Сурет 1

Қазақстан жасанды интеллектіні белсенді дамытып, Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өсу және қоғамдық келісім» атты Жолдауы аясында және басқа да тапсырмалары бойынша жаңа білім беру бастамаларын іске қосуда, деп хабарлайды ҚазАқпарат МИА Primeminister.kz сайтына сілтеме жасап.

Менің ойымша, информатиканы қазақ тілінде енгізу – елдің болашағына бағытталған стратегиялық маңызы зор қадам. Ана тілінде оқыту оқушыларға күрделі терминдерді тез түсінуге ғана емес, технологияларды табиғи қабылдауға мүмкіндік береді. Бүгінгі жас ұрпақ IT саласын еркін меңгерсе, ертеңгі күннің инженерлері, бағдарламашылары, киберқауіпсіздік мамандары да солар болатыны анық. Қазақ тілінде программалау құралдары, оқулықтар, интерфейстер жасалуы – ұлттық ойлау жүйесін технология тілімен үйлестірудің ең тиімді жолы. Бұл қазақ тілінің тек гуманитарлық салада емес, жоғары технология, инженерия, жасанды интеллект және ғылыми зерттеулер деңгейінде қолданылуына жол ашады.

Елімізде қазақ тілінің цифрлық кеңістікке енуін қолдайтын нақты табыстар да бар. Мысалы, қазақстандық жас бағдарламашылар жасаған “QazCode” атты алғашқы қазақша программалау оқулығы көптеген мектептерде қолданыс тапты. “BilimLand” платформасы Орта Азиядағы ең ірі білім беру экожүйелерінің біріне айналып, қазақ тілінде 50 000-нан астам интерактивті материал жасады. “Sergek” интеллектуалды бейнабақылау жүйесі – әлемнің бірнеше елі қызығушылық танытқан отандық IT-өнім, ол алғаш Қазақстанда жасалған.

Сурет 2

Сондай-ақ, Назарбаев Университетінің жас ғалымдары қазақ тілін танитын нейрожелі моделін жасап, қазақша дауысымен басқарылатын алғашқы тәжірибелік жүйелерді таныстырды. CyberShield KZ жобасы – киберқауіпсіздік саласындағы отандық әзірлеме, ал Astana Hub – бүгінгі күні 1000-нан аса стартапты біріктірген Қазақстанның ең ірі IT-хабына айналды. Осындай жетістіктер елде инновациялық ойлаудың бар екенін көрсетеді және қазақ тілі технологиялармен бірге дамуға толық қабілетті екенін дәлелдейді.

Сондықтан информатиканы қазақ тілінде оқыту – бұл тек пәнді аудара салу емес, ұлттық цифрлық экожүйені қалыптастыру. Қазақша IT-контент көбейген сайын жастар технологияны ана тілінде меңгеріп, ғылым мен инновацияға жақындай түседі. Бұл өз кезегінде елдің цифрлық тәуелсіздігін күшейтіп, әлемдік нарыққа шыға алатын жаңа буын мамандарды дайындайды. Мен мұны Қазақстанның жарқын болашағына жасалған ең маңызды инвестициялардың бірі деп санаймын.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін информатикада қолдану – болашақ IT мамандарын өз тілінде білім алуға жетелейтін, олардың технологияны терең әрі саналы түрде меңгеруіне мүмкіндік беретін аса маңызды үрдіс. Бұл бағыт тек оқу үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, қазақ тілінде сапалы цифрлық контенттің көбейуіне, ұлттық ақпараттық ортаның нығаюына және қоғамның цифрлық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Отандық платформалар мен қазақ тіліндегі бағдарламалау құралдарының дамуы ауыл мен қала арасындағы білім теңдігін қамтамасыз етіп, жастардың заманауи технологияларға қолжетімділігін кеңейтеді. Осындай бастамалар жаңа буын технология мамандарын даярлауға, олардың әлемдік IT нарығында бәсекеге қабілетті болуына кең жол ашады.

Әдебиеттер:

1) BilimLand. https://bilimland.kz

2) Байтурсынов атындағы педагогикалық университет. Білім беру ресурстары.

https://ksu.edu.kz/
3) Кітап «Из истории развития информатики в Казахстане». https://academy.kz/images/easyblog_images/410/hist_inf_kaz.pdf
4) Қазақша терме сөздік. Мобильді қосымша (Google Play, App Store).
5) Python. https://www.python.org
6) Scratch. https://scratch.mit.edu
7) Сурет 1. https://qazinform.com/news/kazakhstans-it-sector-surges-past-18000-companies-d2e742
https://img.inform.kz/kazinform-photobank/media/2025-09-04/fba8d818-8e7a-445f-9315-8526149118a2.webp
8) Сурет 2. https://sergek.tech/
https://optim.tildacdn.pro/tild6237-3530-4962-b137-316130633062/-/cover/720x554/center/center/-/format/webp/34566.jpg.webp
9) Уикипедия. Информатика. https://kk.wikipedia.org/wiki/Информатика

АДАМ, ҚОҒАМ ЖӘНЕ БІЛІМ ЭКОНОМИКАСЫ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

Узакбаева Дина Тулепбергеновна
Маңғыстау облысы Ақтау қаласы
ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжі, оқытушы
Электрондық пошта:dina28071988@mail.ru.
Тел:87752459387

Цифрлық трансформация және жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласына жаңа мүмкіндіктер мен қиындықтар әкелуде. Қазіргі әлемде технологиялардың қарқынды дамуы білім беру процесін жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект, онлайн платформалар және деректерді талдау құралдары оқыту сапасын арттыруға, әр оқушыға жеке бағдар беруге және инклюзивті білім ортасын құруға жол ашады. Сонымен бірге, бұл үрдістер білім беру жүйесі алдында жаңа қиындықтар мен міндеттерді қояды, оларды шешу бүгінгі педагогика мен әкімшілік үшін өзекті мәселеге айналуда.

Сандық технологиялар дәуірінде білім беру тек ақпарат алмасу формасы ғана емес, күрделі, деректерге негізделген және жеке оқушының қажеттіліктеріне бейімделген процесс болып отыр. Оқушылар мен студенттерді тек ақпаратты тұтынушы ретінде емес, оны өндіруші және талдаушы ретінде тәрбиелеу қажет. Бұл кодтау, деректерді талдау, киберқауіпсіздік, ЖИ құралдарын қолдану дағдыларын дамыту арқылы жүзеге асады. Сандық платформаларды оқу процесіне интеграциялау білім беру тиімділігін арттырудың негізгі жолы болып табылады. Мысалы, онлайн симуляторлар мен виртуалды лабораториялар ғылыми тәжірибелерді қолжетімді етіп, зерттеу мен тәжірибелік жұмысқа қызығушылықты арттырады.

Жасанды интеллект білім беру процесін персоналдауға мүмкіндік береді. ЖИ алгоритмдері әр оқушының қабілеті, оқу жылдамдығы және мүдделерін ескере отырып жеке оқу траекторияларын құруға қолданылады. Бұл оқушылардың әлсіз тұстарын дер кезінде анықтап, қосымша материалдар ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, автоматтандырылған бағалау жүйелері мен интеллектілі ассистенттер оқыту сапасын арттырумен қатар педагогтардың жұмысын жеңілдетеді, оқушыларға тез кері байланыс береді және оқу прогресін нақты деректер негізінде бақылауға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект (ЖИ) заманы білім, экономика және қоғам арасындағы өзара байланысты тереңдетіп, жаңа интеграциялық мүмкіндіктер мен қиындықтарды туындатуда. Бұл мақалада ЖИ жағдайында пәнаралық тәсілдердің маңыздылығы, білім экономикасы мен әлеуметтік даму арасындағы байланыс, сондай-ақ білім беру жүйесінің тиімділігін арттырудағы нақты нәтижелері қарастырылады. Автор заманауи зерттеулер мен практикалық мысалдар

негізінде адам капиталын дамыту, әлеуметтік теңдік пен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, сондай-ақ экономикалық тиімділікті арттыру мәселелерін талдайды.

Цифрлық трансформация мен ЖИ адамның, қоғамның және білім экономикасының құрылымын түбегейлі өзгертуде. Білім беру қазіргі уақытта тек оқу процесі ғана емес, стратегиялық әлеуметтік-экономикалық құралға айналды. ЖИ құралдары білім беру процесін персоналдауға, оқу сапасын арттыруға және инклюзивті ортаны құруға мүмкіндік береді. Пәнаралық тәсілдер білім беру, экономика және әлеуметтік даму арасындағы байланысты интеграциялап, кешенді шешімдер қабылдауға жол ашады.

Пәнаралық тәсілдер білім экономикасын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Білім берудің экономикалық тиімділігін бағалау үшін экономикалық көрсеткіштер мен білім беру нәтижелері арасындағы байланыс талданады. Атап айтқанда, ЖИ негізіндегі адаптивті оқыту платформалары оқушылар мен студенттердің оқу нәтижесін айтарлықтай арттырады, бұл ұзақ мерзімде еңбек өнімділігін және экономикалық тиімділікті жоғарылатады. OECD зерттеулері көрсеткендей, ЖИ құралдарын енгізген мектептерде математикалық және логикалық дағдылар 15–20% өсіп, студенттердің инновациялық жобаларға қатысуы артқан (OECD, 2021). Сонымен қатар, ЖИ платформалары арқылы оқушылардың шығармашылық, сыни ойлау және деректерді талдау қабілеттері айтарлықтай жақсарған.

Әлеуметтік аспектілерде пәнаралық тәсілдер қоғамдағы теңдік пен инклюзивтілікті қамтамасыз етуге ықпал етеді. Сандық технологиялар мен ЖИ құралдары арқылы шалғай аймақтардағы білім беру сапасы жақсарып, әлеуметтік алшақтық қысқарады. Сонымен қатар, білім беру және ЖИ құралдары жастардың әлеуметтік дағдылары, сыни ойлау және деректерді талдау қабілеттерін дамытады. Бұл қоғамдағы экономикалық қатынастардың тиімділігін арттырады, әлеуметтік капиталды нығайтады.

Білім экономикасының тиімділігін арттыруда ЖИ құралдарының нақты нәтижелері бар. АҚШ, Еуропа және Азия елдеріндегі кейбір университеттерде ЖИ негізіндегі оқу платформалары студенттердің академиялық жетістігін 20–25% арттырған, кәсіптік дағдыларын дамытуға бағытталған пәнаралық курстар олардың еңбек нарығында табысты орналасуына септігін тигізген. Қазақстандағы пилоттық жобаларда адаптивті оқыту жүйелерін енгізу ауылдық мектептердегі оқушылардың нәтижесін қалалық мектеп деңгейіне жақындатқан, бұл әлеуметтік теңдікке үлес қосқан.

Пәнаралық тәсілдер адамның жеке дамуына да оң әсерін тигізеді. ЖИ құралдары әр адамның қабілеттерін толық ашуға, кәсіби және жеке дамуын жоспарлауға мүмкіндік береді. Мысалы, онлайн курстар мен микро-курстар арқылы адамдар жаңа дағдыларды қысқа мерзімде игеріп, еңбек нарығында сұранысқа ие маманға айнала алады. Бұл үрдіс экономикалық тиімділікті арттырумен қатар, адам капиталының сапасын жоғарылатады. Сонымен қатар, пәнаралық тәсілдер педагогика, экономика және әлеуметтік ғылымдарды интеграциялап, оқу бағдарламаларын қайта құрылымдауға мүмкіндік береді.

ЖИ жағдайындағы пәнаралық тәсілдер этикалық және құқықтық мәселелерді де тудырады. Деректерді қорғау, алгоритм әділеттілігін қамтамасыз ету, жеке өмір құпиясын сақтау маңызды. Мұғалімдер мен әкімшіліктер бұл аспектілерді ескере отырып, оқыту мен талдауды жүргізуі қажет. Сонымен қатар, пәнаралық тәсілдер арқылы оқушыларға цифрлық этика, әлеуметтік жауапкершілік және деректер қауіпсіздігі тақырыптары оқытылып, сандық қоғамға дайындық жүргізіледі.

Білім беру жүйесі ЖИ мен пәнаралық тәсілдерді қолданған кезде нақты экономикалық және әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізеді. ЖИ қолданылған пилоттық жобаларда:

Студенттердің академиялық нәтижесі орташа 20% жақсарды;

Шалғай аймақтардағы мектептердің оқушылары қалалық мектеп деңгейіне жетті;

Студенттердің кәсіптік дағдылары мен сыни ойлау қабілеттері артты;

Пәнаралық курстар арқылы инновациялық жобаларға қатысу деңгейі 15–25% өсті.

Бұл көрсеткіштер білім экономикасы мен қоғамның дамуы арасындағы байланысты нақты дәлелдейді. Пәнаралық тәсілдер білім беру сапасын арттырып қана қоймай, экономикалық тиімділікті, әлеуметтік теңдікті және адам капиталын дамытуға септігін тигізеді.

Сондықтан жасанды интеллект жағдайындағы пәнаралық тәсілдер адам, қоғам және білім

экономикасы арасындағы байланысты нығайтып, білім беру тиімділігін арттыруға, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуге және экономикалық нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер білім беру саясатын стратегиялық тұрғыдан қайта қарауға, инновациялық технологияларды тиімді енгізуге және қоғамның интеллектуалды капиталының сапасын арттыруға жол ашады.

